

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 499 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТ КОДЕКСІ

Жалпы бөлік

1-бөлім. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Кодекспен реттелетін қатынастар

Осы Кодекс бюджет жүйесінің негізгі ережелерін, жұмыс істеу қағидаттары мен тетіктерін белгілейді, бюджет қаражатын құру мен пайдаланудың негізгі ережелерін, қағидаттары мен тетіктерін айқындап, бюджет қатынастарын реттейді.

2-бап. Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің қағидаттары

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) бірлік қағидаты - бірыңғай бюджеттік заңнаманы қолдануды, оның ішінде бірыңғай бюджет жіктелімін, бюджет процесін жүйеге асырудың бірыңғай бюджет рәсімдерін пайдалануды қамтамасыз ету;

2) толықтық қағидаты - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық түсімдер мен шығыстарды бюджеттерде және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында көрсету, бюджет қаражатын пайдалана отырып өзара талаптарды есепке алуға, сондай-ақ бюджет қаражаты бойынша талаптар құқықтарын беруге жол бермеу;

3) нақтылық қағидаты - бюджет параметрлерінің экономиканың ағымдағы жай-күйінің көрсеткіштеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамыту параметрлері мен бағыттарына сәйкес келуі;

4) транспаренттілік қағидаты - бюджет заңдары саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді, мемлекеттің фискальдық саясатына қатысты басқа ақпаратты міндетті түрде жариялау, бюджет процесінің ашықтығы, мемлекеттік қаржы бақылауын жүргізу;

5) дәйектілік қағидаты бюджеттік қатынастар аясында бұрын қабылданған

шешімдерді мемлекеттік басқару органдарының сақтауы;

6) тиімділік пен нәтижелілік қағидаты - бұл нәтижелерге жету үшін бюджеттік бағдарламалар паспортымен көзделген қажетті бюджет қаражатының ұтымды мөлшерін пайдалана отырып белгілі бір нәтижелерге жету қажеттілігі негізінде бюджеттердің әзірленуі және атқарылуы;

7) бюджеттердің дербестік қағидаты - түрлі деңгейдегі бюджеттер арасындағы түсімдерді тұрақты бөлуді орнықтыру және осы Кодекске сәйкес олардың жұмсалу бағыттарын айқындау, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің құқығымен осы Кодекске, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді, жоғары тұрған бюджеттегі жергілікті бюджеттер қаражатының бос қалдықтарын алып қоюға жол берілмейтіндігіне, тиісті өтемақысыз қосымша шығыстарды төмен тұрған бюджетке жүктеуге жол берілмейтіндігіне сәйкес бюджет процесін дербес жүйеге асыру.

3-бап. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Кодекстен, қабылдануы осы Кодекспен көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының қолданылуы

1. Бюджет заңнамасы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылып, барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерден тиісінше ақша бөлу туралы актілері, қайтарым негізінде ақша бөлу туралы осы актілердің ережелерін қоспағанда, ағымдағы қаржы жылы аяқталғаннан кейін күшін жояды.

3. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар, тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттардың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттардың шешімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың оларды іске асыру туралы актілері тиісті қаржы жылының 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі.

4. Егер басқа заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерде бюджет заңдарына қайшы келетін нормалар көзделсе, бюджет заңдарының нормалары қолданылады.

5-бап. Бюджет пен түсімдері шығыстарына әсер ететін нормативтік құқықтық актілер

1. Республикалық немесе жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе түсімдерін қысқартуды көздейтін заңдар жобаларының, Президент жарлықтарының,

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының ережелерін олар енгізілген күннен бастап бір ай ішінде республикалық бюджет комиссиясы міндетті түрде қарауға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған ережелер республикалық бюджет комиссиясының оң қорытындысы болған кезде, бұл қорытынды ағымдағы жылдың бірінші жартысында берілген жағдайда келесі қаржы жылынан бастап күшіне енгізілуі мүмкін.

Егер осы қорытынды ағымдағы жылдың екінші жартысында берілген жағдайда, егер республикалық бюджет комиссиясы туралы ережемен өзгеше көзделмесе, аталған ережелер жоспарланған жылдан кейінгі қаржы жылынан бастап күшіне енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының республикалық немесе жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе түсімдерді қысқартуды көздейтін заңдары жобаларының ережелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы болған кезде ғана республикалық бюджет комиссиясының қорытындысы ескеріле отырып енгізілуі мүмкін.

4. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жергілікті бюджеттердің шығындарын ұлғайтуды немесе түсімдерін қысқартуды көздейтін актілерінің ережелерін олар енгізілген күннен бастап бір айдың ішінде тиісті бюджет комиссиясы міндетті түрде қарауға тиіс.

5. Осы баптың 4-тармағында аталған ережелер тиісті бюджет комиссиясының оң қорытындысы болған кезде келесі қаржы жылынан бастап қолданысқа енгізілуі мүмкін.

6. Осы баптың 2 және 5-тармақтарында аталған нормалар республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң актілеріне және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттар шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттар шешіміне, сондай-ақ оларды іске асыру туралы нормативтік құқықтық актілерге қолданылмайды.

6-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Кодексте мынадай ұғымдар қолданылады:

1) мемлекеттің активтері - өткен операциялар немесе оқиғалар нәтижесіне мемлекет меншігіне алынған мүлдік және мүлдік емес игіліктер мен құндық бағасы бар құқықтар;

2) бюджет - мемлекеттің бағыты заң жүзінде бекітілген міндеттері мен қызметтерін қаржылай қамтамасыз етуге арналған мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры;

3) облыс бюджеті - облыстық бюджетті, олардың арасындағы өзара өтелетін операциялар есепке алынбаған, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерін біріктіретін, талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітілуге жатпайтын жиынтық бюджет;

4) бюджет жүйесі - бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының,

сондай-ақ бюджет процестері мен қатынастарының жиынтығы;

5) бюджеттік инвестициялар - экономикалық пайда табу немесе әлеуметтік-экономикалық тиімділікке жету мақсатында мемлекет активтерінің құнын ұлғайтуға бағытталған қаржыландыру, адами ресурстарды дамыту және табиғи ресурстарды жаңғырту;

6) бюджеттік операциялар - бюджеттің атқарылуы процесінде жүзеге асырылатын операциялар;

7) бюджеттік қатынастар - бюджет процесінде туындайтын қатынастар;

8) бюджет қаражаты - мемлекеттік меншікке түсуі мен жұмсалуды бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін ақша мен мемлекеттің өзге де активтері;

9) бюджеттік инвестициялық жоба - шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар кешені;

10) бюджет процесі - бюджеттің атқарылуы, мемлекеттік қаржы бақылауы бойынша бюджет есебі мен есептілікті жоспарлау, қарау, бекіту, нақтылау, түзету, атқару, жүргізу жөніндегі, сондай-ақ мемлекеттік байланысқан кепілдіктерді жоспарлау мен пайдалану жөніндегі бюджет заңнамасымен реттелген қызмет;

11) мемлекеттік инвестициялық саясат - ұлттық экономиканың мүдделеріне сай инвестициялық процестерді мемлекеттік реттеудің экономикалық және қаржылық негізделген саясаты;

12) мемлекеттік бағдарлама - Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін және салааралық сипаты бар, жалпы ұлттық сипаттағы неғұрлым маңызды міндеттерді шешуге және мемлекеттің қорғаныс қабілетін, құқық тәртібін, заңдылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер жөнінде әзірленетін бағдарлама;

13) мемлекеттік бюджет - республикалық және жергілікті бюджеттерді олардың арасындағы өзара өтелетін операцияларды ескермей біріктіретін, талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітілуге жатпайтын жиынтық бюджет;

14) инвестициялық бағдарлама - инвестициялық мақсатқа жету мерзімі реттелмеген және жүйелілік сипаты бар бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

15) инвестициялық ұсыныс - инвестициялық жобаның (бағдарламаның) мақсатын, оған жетудің жолдарын көрсететін және инвестициялық жобаны (бағдарламаны) әзірлеуді одан ары жүргізу үшін оны алдын ала іріктеуді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін инвестициялық жоба (бағдарлама) тұжырымдамасы;

16) кассалық алшақтық - қаржы жылы ішінде бюджетке түсетін түсімдер мен бюджет қаражатының еркін қалдықтары көлемінен шығыстар көлемінің асып түсуі;

17) жергілікті бюджет - облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті, ауданның (облыстық маңызы бар қала) бюджеті, облыстың бюджеті;

18) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган - жергілікті

бюджеттен қаржыландырылатын, орта мерзімді кезеңге арналған жергілікті бюджеттің болжамды көрсеткіштерін және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жобасын жоспарлау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын атқарушы орган;

19) бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті орган - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, жергілікті бюджеттің атқарылуы жөніндегі, бюджеттік есеппен есептіліктің атқарылу, жүргізілу саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын атқарушы орган;

20) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністі әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеу қызметін жүзеге асыратын атқарушы орган;

21) салалық (секторлық) бағдарлама - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, экономиканың жекелеген салаларының (секторларының) неғұрлым маңызды міндеттерін шешуге бағытталған бағдарлама;

22) басым (республикалық/жергілікті) инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі - республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландыруға жоспарланған инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізімі болып табылатын, республиканы немесе өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарына қосымша;

23) бюджет қаражатын алушы - бюджет қаражатын алатын жеке немесе заңды тұлға, Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар;

24) өңірлік бағдарлама - мәслихаттар бекіткен, өңірді (аумақты) әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттерін шешуге бағытталған бағдарлама;

25) түзетілген бюджет - Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтылаусыз Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар енгізген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып бекітілген немесе нақтыланған бюджет;

26) әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспары - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мәслихат бекітетін, үш жылдық кезеңге арналған республиканы немесе өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі көрсеткіштері мен бағыттарын және оны іске асыру жөніндегі шараларды белгілейтін құжат;

27) трансферттер - бюджетке және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, сондай-ақ бюджеттен, оның ішінде жеке және заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан төленетін өтеусіз және қайтарымсыз төлемдер;

28) бекітілген бюджет - тиісті қаржы жылына арналған, Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат бекіткен бюджет;

29) нақтыланған бюджет - оның атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере

- отырып тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет;
- 30) қаржыландыру - алушыларға бюджет қаражатын бөлу;
- 31) қаржы жылы - бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып, 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі;
- 32) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган - орта мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын жоспарлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 33) ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган - ішкі мемлекеттік қаржы бақылауы қызметін жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 34) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган - мемлекеттік бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік есеп пен есептілікті атқару, жүргізу саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 35) экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеу қызметін жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2. Бюджет заңнамасының басқа да ұғымдары осы Кодекстің тиісті баптарында белгіленген мәндерде пайдаланылады.

Бюджет заңнамасының ұғымдары Қазақстан Республикасы азаматтық және басқа да салалар заңдарының ұғымдарымен сәйкес келген кезде бюджеттік қатынастарға бюджет заңдарының ұғымдары пайдаланылады.

3. Осы Кодексте пайдаланылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының азаматтық және басқа да салалық ұғымдары, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, заңнаманың осы салаларында пайдаланылған мәнде қолданылады.

2-тарау. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі

7-бап. Қазақстан Республикасындағы бюджеттердің түрлері мен деңгейлері

1. Қазақстан Республикасында бюджеттердің мынадай деңгейлері бекітіліп, атқарылады және дербес болып табылады:

р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т ;

облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті;
ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті.

2. Қазақстан Республикасында осы Кодекспен белгіленген жағдайларда төтенше мемлекеттік бюджет бекітілуі және атқарылуы мүмкін.

8-бап. Республикалық бюджет

1. Осы Кодекспен белгіленген, орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен қызметтерін қаржылай қамтамасыз етуге және елдегі мемлекеттік саясаттың жалпы-республикалық бағыттарын іске асыруға арналған салық пен басқа да төлемдер түсімдерінің есебінен қалыптасатын орталықтандырылған ақша қоры республикалық бюджет болып

т а б ы л а д ы .

2. Республикалық бюджет Қазақстан Республикасының заңымен бекітіледі.

9-бап. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті

1. Осы Кодекспен белгіленген облыстық деңгейдегі жергілікті мемлекеттік органдардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен қызметтерін қаржылай қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған салық пен басқа да төлемдер түсімдерінің есебінен қалыптасатын орталықтандырылған ақша қоры облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті болып табылады.

2. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының шешімімен бекітіледі.

10-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті

1. Осы Кодекспен белгіленген, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік органдарының, оларға бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен қызметтерін қаржылай қамтамасыз етуге және тиісті ауданда (облыстық маңызы бар қалада) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған салық пен басқа да төлемдер түсімдерінің есебінен қалыптасатын ақша қоры ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті болып табылады.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешімімен бекітіледі.

11-бап. Төтенше мемлекеттік бюджет

1. Төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттер негізінде қалыптасады және Қазақстан Республикасына төтенше немесе әскери жағдай енгізілген реттерде енгізіледі.

2. Төтенше мемлекеттік бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жасап, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен белгіленген заңдық тәртіппен бекітіледі.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстанның бүкіл аумағына төтенше немесе әскери жағдай енгізу және оны алып тастау туралы Жарлығы төтенше мемлекеттік бюджетті енгізуге және оны доғаруға негіз болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының Парламенті төтенше мемлекеттік бюджеттің қабылданғаны туралы дереу хабардар етіледі.

5. Төтенше мемлекеттік бюджет қолданылған уақытта республикалық бюджет туралы және барлық деңгейдегі жергілікті бюджеттің тиісті қаржы жылына арналған бюджеттері туралы мәслихаттар шешімдерінің қолданылуы тоқтатыла тұрады.

6. Төтенше мемлекеттік бюджет төтенше немесе әскери жағдай енгізілген мерзім ішінде қолданылады.

Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылуы тоқтатылғаннан бастап

республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы республикалық бюджет туралы заңға және тиісті қаржы жылына арналған барлық деңгейдегі жергілікті бюджеттің бюджеттері туралы мәслихаттар шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының жекелеген жерлеріне төтенше жағдай енгізілген төтенше жағдайда төтенше мемлекеттік бюджет енгізілмейді.

12-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры мемлекеттің қаржы және өзге активтері болып табылады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде шоғырландырылады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын, мемлекеттің қаржы және өзге активтерінің қордалануын қамтамасыз етуге, экономиканың шикізат секторына тәуелділігін және қолайсыз сыртқы факторлардың ықпалын төмендетуге арналған.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жинақтау және тұрақтандыру қызметін жүзеге асырады. Жинақтау қызметі мемлекеттің қаржы және өзге активтерінің қордалануын қамтамасыз етеді. Тұрақтандыру қызметі шикізат ресурстарына әлемдік бағаның жағдаятына республикалық бюджеттің тәуелділігін төмендетуге арналған.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру мен пайдалану дүниежүзілік және ішкі тауар мен қаржы нарықтарының жағдаятына, елдегі және шет елдердегі экономикалық жағдайды, бұл орайда макроэкономикалық және фискальдық тұрақтылықты, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының негізгі мақсаттары мен міндеттерін сақтай отырып, республиканы әлеуметтік-экономикалық дамытудың артықшылықтарын ескере отырып айқындалады.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Кодекске, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және Ұлттық Банктің актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімі мен жұмсалуды ұлттық және валюталарымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының операциялар жөніндегі есебі мен есеп-қисабы ұлттық валютамен жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасасылған сенімгерлік басқару туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

3-тарау. Бюджеттің құрылымы

13-бап. Бюджеттің түсімдері мен шығыстары

1. Кірістер, бюджет кредиттерін өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатуынан түсетін түсімдер, заемдар бюджеттің түсімдері болып табылады.

2. Шығындар, бюджет кредиттері, қаржы активтерін сатып алу, заемдар бойынша негізгі қарызды өтеу бюджеттің шығыстары болып табылады.

14-бап. Бюджеттің құрылымы

1. Бюджеттің құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

к і р і с т е р :

с а л ы қ т ү с і м д е р і ;

с а л ы қ т а н т ы с т ү с і м д е р ;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;

ресми трансферттердің түсімдері;

2) ш ы ғ ы н д а р ;

3) о п е р а ц и я л ы қ с а л ь д о ;

4) таза бюджеттік кредит беру:

б ю д ж е т т і к к р е д и т б е р у ;

б ю д ж е т т і к к р е д и т т е р д і ө т е у ;

5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо:

қ а р ж ы а к т и в т е р і н с а т ы п а л у ;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;

6) бюджет тапшылығы (профицит);

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану):

з а е м д а р д ы ң т ү с і м і ;

з а е м д а р д ы ө т е у ;

б ю д ж е т қ а р а ж а т ы қ а л д ы қ т а р ы н ы ң қ о з ғ а л ы с ы .

2. Бюджеттерді бекіту және бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру осы баптың 1-тармағында аталған құрылым бойынша жүзеге асырылады

15-бап. Бюджеттің кірістері

1. Салық және басқа да міндетті төлемдер, ресми трансферттер, өтеусіз негізде мемлекетке берілетін, қайтарымдылық сипаты жоқ және мемлекеттің қаржы активтерін сатуымен байланысты емес, осы Кодекске және басқа заң актілеріне сәйкес бюджетке есептелуге тиісті ақша бюджет кірістері болып табылады.

2. Салық түсімдері - Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленген салық пен бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдер.

3. Салықтан тыс түсімдер - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге жатпайтын, салық заңнамасымен белгіленгендегілерден басқа, осы Кодекспен және басқа да заң актілерімен белгіленген, бюджетке түсетін міндетті, қайтарымсыз төлемдер, сондай-ақ ресми трансферттерден басқа, қайтарымсыз негізде бюджетке берілген ақша.

4. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер мыналар болып табылады:

мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін а қ ш а ;
мемлекеттік материалдық қорлардан, резервтерден тауарларды сатудан түсетін а қ ш а ;

мемлекетке тиесілі бейматериалдық активтерді сатудан түсетін ақша.

5. Ресми трансферттердің түсімдері - бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін трансферттер түсімдері.

6. Кірістердің жаңа түрлерін енгізу, қолданылып жүргендерін алып тастау немесе өзгерту осы Кодекске өзгерістер немесе толықтырулар міндетті түрде енгізіле отырып жүзеге асырылады .

7. Мақсатты ресми трансферттерді қоспағанда, кірістердің мақсатты нысанасы болмайды.

16-бап. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түсетін ақша

1. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түсетін ақша тиісті бюджетке есептелуге тиіс.

Егер мемлекеттік мекемелердің негізгі атқарымдық қызметке жатпайтын тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуге құқығы, міндетті сипаты болмайтын әрі жеке және заңды тұлғамен келісім бойынша белгіленетін төлем заң актілерінде көзделсе, мұндай тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түсетін ақша мемлекеттік мекеменің билігінде қалуы мүмкін.

2. Өздерінің билігінде қалған тауарларды (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) мемлекеттік мекемелердің өткізуінен түсетін ақшаны жоспарлау мен пайдалану Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген, осы Кодекске сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады.

17-бап. Бюджет шығындары

1. Қайтарымсыз негізде бюджет қаражатын бөлу жөніндегі операциялар бюджет шығындары болып табылады .

2. Шығындар қатаң мақсатты нысанда жүргізіледі.

18-бап. Шығындар тұрпаттары

1. Бюджет шығындары мынадай тұрпаттарға бөлінеді:

1) мемлекеттік мекемелер қызметін қамтамасыз ету;

2) тұрақты сипаты жоқ шараларды ұйымдастыру мен өткізу;

3) мемлекеттік тапсырыс - мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында шығарылған (мемлекеттік органдардың жеке тұтынуына емес) тауарлар (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) мемлекеттік органдардың ақы төлеуі;

4) жекелеген тұлғаларға ақшалай төлемдер - қызметкерлерге еңбек үшін ақшалай төлемдерден басқа, жеке тұлғаларға ақшалай нысандағы төлемдермен байланысты шығындар ;

5) заңды тұлғаларға демеуқаржылар - мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар болып табылмайтын зиянды тұлғаларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру;

6) ресми трансферттер - бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына трансферттік төлемдер;

7) осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында аталмаған мемлекет міндеттемелеріне жұмсалатын шығындар.

2. Демеуқаржылар мынадай түрлерге бөлінеді:

мақсаттық сипаты жоқ және заңды тұлғаның шығыстарын жабуға арналған жалпы сипаттағы демеуқаржылар;

заңды тұлға шығыстардың нақты түрлерін жүзеге асыруына арналған мақсаттық демеуқаржылар.

3. Демеуқаржылар нақты саланы немесе қызмет аясын әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттерін іске асырудың басқа, неғұрлым тиімді әдісі болмаған, заң актілерімен көзделген жағдайларда ғана берілуі мүмкін. Заңды тұлғаларды демеуқаржыландырудың бағыттары әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспарымен анықталады.

4. Ресми трансферттердің жалпылама сипаты да, мақсаттық нысанасы да болуы мүмкін. Мақсаттық сипаты бар ресми трансферттер мақсаттық трансферттер болып табылады.

19-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтері республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезінде оларды болжап болмайтындықтан жоспарланбаған және ағымдағы қаржы жылында кідіріссіз қаржыландыруды талап ететін шығындарды қаржыландыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттер құрамында құрылады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың резерві: төтенше резерві;

шұғыл шығындарға жұмсалатын резерві:

облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің кассалық алшақтығын жабу үшін жұмсалатын резерві қамтиды.

3. Төтенше резерв Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында ғана пайдаланылады.

4. Шұғыл шығындарға жұмсалатын резерв Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін

жағдайларды жою, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, соттар шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдарының міндеттемелерін орындау мақсатында ғана пайдаланылады.

5. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, Астана бюджетінің кассалық алшақтығын жабуға жұмсалатын резерв оларда кассалық алшақтық пайда болған кезде облыс бюджетіне, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне кредит беру үшін республикалық бюджетте көзделеді.

6. Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің кассалық алшақтығын жабуға жұмсалатын резерв оларда кассалық алшақтық пайда болған кезде аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне кредит беру үшін облыстық бюджетте көзделеді.

7. Кассалық алшақтықты жабуға қарызға алу қаржы жылы шегінде алты айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады және республикалық немесе жергілікті бюджетті нақтылау талап етілмейді.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің және жергілікті атқарушы орган резервінің жалпы көлемі тиісті бюджет түсімдерінің көлемінен екі проценттен аспауға тиіс.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша бөлу Қазақстан Республикасының Үкіметі мен тиісінше жергілікті атқарушы органдардың ағымдағы қаржы жылының соңында күшін жоғалтатын шешімдері бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджетте бекітілген көлемдер шегінде жүзеге асырылады.

10. Резерв құрамында көзделген ақша толық көлемде пайдаланылған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган қажет болған кезде тиісті қаржы жылына арналған жергілікті республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне өзгерістер енгізу арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган резервтерінің мөлшерін ұлғайту туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне немесе тиісті мәслихатқа ұсыныстар енгізеді.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервінен бөлінген ақша қаржы жылы ішінде толық немесе ішінара пайдаланылмаған жағдайда, бюджет бағдарламасының әкімшісі бөлінген ақшаның пайдаланылмаған бөлігі ағымдағы қаржы жылының соңына дейін тиісті бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етеді.

12. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар резервтерінің пайдаланылу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

20-бап. Операциялық сальдо

1. Операциялық сальдо бюджет кірістері мен шығындары арасындағы айырмашылық ретінде белгіленеді.

2. Бюджет кірістерінен шығындардың асып түскен сомасы теріс операциялық сальдо болып табылады.

3. Бюджет шығындарынан кірістердің асып түскен сомасы оң операциялық сальдо болып табылады.

4. Дамудың бюджеттік бағдарламаларының шығындарында теріс операциялық сальдоның болуына жол беріледі.

Ағымдағы бюджеттік бағдарламалардың жалпы көлемі бюджет кірістерінің көлемінен асып түспеуге тиіс.

5. Теріс операциялық сальдоның жол беруге болатын шектік мөлшері орта мерзімді фискальдық саясатпен айқындалады.

21-бап. Таза бюджеттік кредит беру

1. Таза бюджеттік кредит беру мыналарды қамтиды:
бюджеттік кредиттер;
бюджеттік кредиттерді өтеу.

2. Таза бюджеттік кредит берудің көлемі бюджеттік кредиттер мен бюджеттік кредиттерді өтеудің арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

22-бап. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар

1. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар мыналарды қамтиды:
қаржы активтерін сатып алу;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер.

2. Қаржы активтерін сатып алу - қатысу үлесін, халықаралық ұйымдар мен заңды тұлғалардың бағалы қағаздары мен туынды бағалы қағаздарын мемлекеттік меншікке сатып алу операцияларымен байланысты бюджет шығыстары.

3. Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - қатысу үлесін, халықаралық ұйымдар мен заңды тұлғалардың бағалы қағаздары мен туынды бағалы қағаздарын, мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардағы мүліктік кешен түріндегі, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктен сату жөніндегі операциялармен байланысты бюджетке түсетін түсімдер.

4. Мемлекеттің қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо көлемі мемлекеттің қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер мен сатудың арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

5. Қаржы активтерін сатып алу мен мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер Қазақстан Республикасының заң актілеріне және әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

23-бап. Бюджет тапшылығы (профициті)

1. Бюджет тапшылығы (профициті) таза бюджеттік кредит беру мен қаржы активтерімен жасалатын операцияларды шегеріп тастағандағы операциялық сальдоға тең.

Теріс белгісі бар алынған шама - бюджет тапшылығы, оң белгісі бар шама бюджет профициті болып табылады.

2. Бюджет тапшылығының жол беруге болатын шектік мөлшері әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспарымен белгіленеді.

24-бап. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)

1. Бюджет тапшылығын қаржыландыру - қарыз алу және бюджет қаражатының еркін қалдықтары есебінен бюджет тапшылығының орнын толтыруды қамтамасыз ету.

Бюджет тапшылығын қаржыландырудың көлемі қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасынан алынған қарыздар сомасының бюджет қаражаты қалдықтары қозғалысының асып түсуі ретінде белгіленеді.

Бюджет тапшылығын қаржыландырудың маңызы оң белгімен белгіленеді және бюджет тапшылығының маңызынан кем бола алмайды.

2. Бюджет профицитін пайдалану - қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет профицитін, қарыздар қаражатын, бюджет қаражатының еркін қалдықтарын жұмсау.

Бюджет профицитін пайдаланудың көлемі алынған қарыздар және бюджет қаражаты қалдықтары қозғалысының сомасынан қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасының асып түсуі ретінде белгіленеді.

Бюджет профицитін пайдаланудың маңызы теріс белгімен белгіленеді және бюджет профицитінің маңызынан көп бола алмайды.

4-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

25-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын құрудың көздері

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын құрудың көздері мыналар болып табылады:

1) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген олардың жылдық көлемдері шикізаттық сектор ұйымдарынан республикалық бюджетке іс жүзінде түсетін түсімдердің асып түсуі ретінде айқындалған республикалық бюджеттен ресми трансферттер;

2) республикалық меншікте тұрған, кен өндіруші және өңдеуші салаларға жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер есебінен белгіленетін мемлекеттік бюджеттен ресми трансферттер;

3) шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін түсімдер сомасының республикалық бюджетте жоспарланған 10 проценті мөлшерінде есептелген республикалық бюджеттен ресми трансферттер;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер.

2. Негізгі қызметті табиғи ресурстарды өндіру мен өңдеу болып табылатын заңды

тұлғалар шикізат секторының ұйымдары болып табылады. Шикізат секторы ұйымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер - салықтың мынадай түрлері бойынша шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің жиынтығы:

корпорациялық табыс салығы;
қосылған құнға салынатын салық;
үстеме пайдаға салынатын салық;
б о н у с т а р ;
р о я л т и ;

жасасылған келісім-шарттар бойынша өнімді бөлу жөнінде Қазақстан Республикасының үлесі.

4. Шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді болжау республиканы әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарында белгіленген шикізат секторының тауарларына тұрақты дүниежүзілік баға есептеріне негізделеді.

5. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталған ресми трансферттерді, сондай-ақ мемлекеттік меншікте тұрған, кен өндіруші және өңдеуші салаларға жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін жоспардан тыс түсімдер есебінен белгіленетін республикалық бюджеттен ресми трансферттерді Қазақстан Республикасының Парламентінде нақтылаудың республикалық бюджеттің атқарылу барысында бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды және республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударады.

6. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында аталған ресми трансферттер, сондай-ақ мемлекеттік меншікте тұрған, кен өндіруші және өңдеуші салаларға жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін жоспарлы түсімдер есебінен белгіленетін республикалық бюджеттен ресми трансферттер тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан инвестициялық кірістер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қаржы активтеріне орналастырудан түзіледі.

26-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры:

1) тұтас алғанда ағымдағы қаржы жылы бойынша шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін түсімдердің бекітілген және іс жүзіндегі көлемдері арасындағы айырмашылық ретінде белгіленетін республикалық бюджеттің шығынының өтемақысына жұмсалады.

Өтемақы мөлшері түсімдер бойынша республикалық бюджеттің толық орындалмаған жалпы сомасынан аспауға тиіс.

Түсімдердің жалпы іс жүзіндегі көлемі олардың бекітілген көлемінен асып түскен жағдайда өтемақы жүзеге асырылмайды.

2) Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мақсаттарына арналған республикалық бюджетке Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан берілген мақсаттық трансферттер түрінде;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарумен және жыл сайын сыртқы аудит өткізумен байланысты шығыстарды жабуға жұмсалады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры рұқсат етілген қаржы және өзге активтеріне:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сақтау;
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жеткілікті өтемпаздық деңгейін сақтау; тәуекел деңгейі төмен кезде ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры табыстылығының жеткілікті түрдегі жоғары деңгейін қамтамасыз ету; инвестициялық кірістер алу мақсатында орналастырылады.

3. Рұқсат етілген қаржы және өзге активтерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірге Қазақстан Республикасының Үкіметі аяқындайды.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын жеке және заңды тұлғаларға кредит беруге және міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде пайдалануға болмайды.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есебінен республикалық бюджет шығынының өтемақысы Қазақстан Республикасы Парламентінде республикалық бюджетті нақтылаусыз оның атқарылуы барысында Республиканың Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің келісімімен қаржы жылының қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

6. Республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін мақсаттық трансферттер тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітіледі.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорындағы активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

27-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес - Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын тиімді пайдалану және оның қаржылық және өзге активтерге орналастыру жөніндегі ұсынысты әзірлейтін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультациялық-кеңесші орган.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің қызметтері:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру мен пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдаланудың көлемдері мен

бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау және мақұлдау;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін рұқсат етілген қаржы және өзге активтерінің тізбесі жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңесті құру, оның құрамы туралы шешімді және ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5-тарау. Бірыңғай бюджет жіктемесі

28-бап. Бірыңғай бюджет жіктемесінің анықтамасы

1. Бірыңғай бюджет жіктемесі жіктеме объектілеріне топтамалық кодтар бере отырып, түсімдер мен бюджет шығыстарын атқарымдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша топтастыру болып табылады. Бірыңғай бюджет жіктемесі Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің барлық деңгейдегі бюджеттері көрсеткіштерінің салыстырымдылығын қамтамасыз етеді.

2. Бюджет процесі бірыңғай бюджет жіктемесі негізінде жүзеге асырылады.

3. Бірыңғай бюджет жіктемесі біртұтас және бюджеттердің барлық деңгейлері үшін міндетті болып табылады.

4. Бірыңғай бюджет жіктемесі заң актілерінің, Президент жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының негізінде жасалады.

5. Бірыңғай бюджет жіктемесін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

29-бап. Бірыңғай бюджет жіктемесінің құрамы

Бірыңғай бюджет жіктемесі:
бюджет түсімдерінің жіктемесін;
бюджет шығыстарының атқарымдық жіктемесін;
бюджет шығыстарының экономикалық жіктемесін қамтиды.

30-бап. Бюджет түсімдерінің жіктемесі

1. Бюджет түсімдерінің жіктемесі Қазақстан Республикасының бюджет заңдарына негізделген белгілі бір сипаттама бойынша Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі бюджеттерінің түсімдерін топтау болып табылады.

2. Бюджет түсімдері жіктемесін топтау санаттан, сыныптан, кіші сыныптан және өзіне тән өзгешеліктен тұрады.

Санаттар түсімдерді экономикалық белгілер бойынша топтау болып табылады.

Сыныптар мен кіші сыныптар түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша топтастырады.

Өзіне тән өзгешелік төлем немесе бюджетке түсетін түсім түрін айқындайды.

31-бап. Бюджет шығыстарының атқарымдық жіктемесі

1. Бюджет шығыстарының атқарымдық жіктемесі мемлекет қызметтерінің орындалуын, республикада мемлекеттік саясатты іске асыруды бейнелейтін атқарымдық және ведомстволық белгілер бойынша бюджет қаражатының жұмсалыу

бағытын белгілейтін барлық деңгейдегі бюджеттер шығыстарын топтастыру болып табылады.

2. Бюджет шығыстарының атқарымдық жіктемесінің тобы атқарымдық топтардан, атқарымдық кіші топтардан, бюджет бағдарламаларының, бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың әкімшілерінен тұрады.

3. Атқарымдық топ - салалық белгілер мен атқарымдық бағыт бойынша бюджет шығыстарын біріктіру.

Атқарымдық кіші топ атқарымдық топ ішінің бюджет қаражатының жұмсалыу бағытын нақтылайды.

4. Бюджет бағдарламаларының әкімшілері бойынша бюджет бағдарламаларының шығыстарын топтастыру болып табылатын бюджет шығыстарының ведомстволық жіктемесі бюджет шығыстарының атқарымдық жіктемесі қалыптастырылуы мүмкін.

5. Ведомстволық жіктеме бюджет бағдарламаларының, атқарымдық топтар мен бюджет бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) әкімшілерінен тұрады.

32-бап. Бюджет бағдарламалары әкімшісінің анықтамасы

1. Бюджет бағдарламаларының әкімшісі - бюджет бағдарламаларын жоспарлауға, негіздеу мен іске асыруға жауапты мемлекеттік орган.

Бюджет бағдарламаларының әкімшісі өзіне жүктелген қызметтер мен өкілеттіктерге сәйкес белгіленеді.

2. Бюджет бағдарламаларының әкімшісі бюджет қаражатын бюджет бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет шегінде дербес пайдаланады, олардың тиімді, нәтижелі және мақсатты пайдаланылуына жауап береді.

3. Мемлекеттік органдардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері бюджет бағдарламаларының әкімшілері бола алмайды.

33-бап. Республикалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері

Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар республикалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері болып табылады.

34-бап. Жергілікті бюджет бағдарламаларының әкімшілері

1. Жергілікті бюджет бағдарламаларының әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкімет бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгі құрылымы негізге алына отырып белгіленеді.

2. Жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген қызметтерін жүзеге асыруға облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі уәкілеттік берген, облыс бюджетінен, республикалық маңызы бар қала, астана, әкімнің аппараты және облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихаты бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар облыстық бюджет бағдарламаларының, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджет бағдарламаларының әкімшілері болып табылады.

3. Жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген қызметтерін жүзеге асыруға аудан

(облыстық маңызы бар қала) әкімі уәкілеттік берген, аудан (облыстық маңызы бар қала), әкім аппараты және аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар аудандық (қалалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері болып табылады.

4. Осы әкімшілік-аумақтық бірлестіктер әкімдерінің аппараттары қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджет бағдарламаларының әкімшілері болып табылады.

35-бап. Бюджет бағдарламаларының анықтамасы

1. Бюджет бағдарламасы - мемлекеттік басқару қызметтері мен мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі бюджет шығыстары.

2. Бюджет бағдарламасы бюджет бағдарламасы шеңберіндегі бюджет шығыстарының бағыттарын нақтылайтын кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

3. Бюджет бағдарламасының өз мақсаты мен міндеттері болуы тиіс.

Бағдарламаның мақсаты бюджет бағдарламасын орындау кезінде қол жетуге тиісті белгілі бір түпкі нәтиже болып табылады. Бюджет бағдарламасының мақсаты дәл, нақтылы және қол жетерлік болуы тиіс.

Бюджет бағдарламасының мақсаты жекелеген міндеттерге бөлінеді, олар бюджет бағдарламасы мақсатына жетудің жолдары болып табылады.

4. Бюджет бағдарламасының атауы мен мазмұны заң актілерінде көзделген мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ дамудың мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларымен белгіленген елді әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсаттарын көрсетуге тиіс.

36-бап. Бюджет бағдарламаларының түрлері

1. Экономикалық нәтижелерге байланысты бюджет бағдарламалары: тұрақты сипаты бар немесе дамудың бюджет бағдарламаларына қатыссыз біржолғы шараларды өткізуді көздейтін заң актілеріне сәйкес мемлекеттік басқару қызметтері мен мемлекет міндеттемелері орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджет бағдарламаларына;

бюджет инвестицияларын жүзеге асыруға бағытталған дамудың бюджет бағдарламаларына бөлінеді.

2. Белгілі бір қызметтерді атқаратын мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты бюджет бағдарламалары:

республикалық бюджетте бекітілетін республикалық бағдарламаларға; облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінде бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана бағдарламаларына;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінде бекітілетін аудандық (қалалық) бағдарламаларға;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінде, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінде бекітілетін қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар

қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджет бағдарламаларына бөлінеді.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана), аудандық (қалалық), сондай-ақ республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламалары жергілікті бюджет бағдарламалары болып табылады.

3. Іске асыру әдісіне байланысты бюджет бағдарламалары: бір әкімші іске асыратын жеке-дара бюджет бағдарламаларына; бюджет бағдарламаларының бір әкімшісі бойынша бюджетте бекітілетін және бюджет бағдарламаларының түрлі әкімшілері арасында қаржы жылы ішінде бөлінуге тиісті бөлінетін бюджет бағдарламаларына бөлінеді. Мұндай бюджет бағдарламаларын бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

37-бап. Бюджет бағдарламаларының тиімділігін бағалау

1. Бюджет бағдарламаларының тиімділігін бағалау - бюджет бағдарламаларын негіздеуді, олардың орындалу барысын, елдің әлеуметтік экономикалық жағдайына олардың ықпалын есептеу және талдау, бюджет бағдарламаларының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

2. Бюджет бағдарламаларын бағалау үш сатыда:
бюджет жобасын әзірлеу кезінде;
бюджеттің атқарылуы кезінде;
бюджеттің атқарылуын бақылау кезінде жүзеге асырылады.

3. Бюджет бағдарламаларының тиімділігін бағалау бюджеттік өтінімдер, паспорттар, бюджет бағдарламасының іске асырылу барысы туралы есептер, бюджет бағдарламаларын қаржыландыру жоспарлары негізінде жүргізіледі.

4. Бюджет бағдарламаларының тиімділігін бағалаудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

38-бап. Бюджет шығыстарының экономикалық жіктемесі

1. Бюджет бағдарламаларын іске асыру үшін мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын операцияларды бейнелейтін экономикалық сипаттама бойынша бюджет шығыстарын топтастыру бюджет шығыстарының экономикалық жіктемесі болып табылады.

2. Бюджет шығыстары экономикалық жіктемесін топтастыру санаттан, сыныптан, кіші сыныптан және өзіндік өзгешеліктен тұрады.

Санат экономикалық белгілер бойынша шығыстарды топтастырады.

Сынып пен кіші сынып мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша шығыстарды топтастырады.

Өзіндік өзгешелік бюджет бағдарламасын іске асыру үшін мемлекеттік мекеме жүргізетін операцияның түрін белгілейді.

2-бөлім. Бюджетаралық қатынастар және бюджет деңгейлері арасындағы түсімдер мен шығыстарды бөлу

6-тарау. Бюджетаралық қатынастар

39-бап. Бюджетаралық қатынастар туралы жалпы ережелер

1. Бюджет процесінде бюджеттердің жоғары тұрған және төмен тұрған деңгейлері арасындағы қатынастар бюджетаралық қатынастар болып табылады.

2. Бюджет процесінде республикалық бюджеттің аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен өзара қатынастарына жол берілмейді.

3. Бюджет процесінде облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің басқа облыстық бюджеттермен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерімен өзара қатынастарына жол берілмейді.

4. Бюджет процесінде аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің бір бірімен өзара қатынастарына жол берілмейді.

5. Бюджетаралық қатынастар мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасындағы қызметтер мен өкілеттіктерді дәл анықтап айыруға, бюджеттер деңгейлері арасындағы түсімдер мен шығыстарды бірыңғай бөлуге, сондай-ақ бюджетаралық қатынастарды анықтау әдістерінің біртұтастығы мен ашықтығына негізделген.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының, осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджет процесіне араласуына жол берілмейді.

7. Шығыс өкілеттіктерін немесе түсімдердің жекелеген түрлерін бюджеттің бір деңгейінен басқасына беру осы Кодекске өзгерістер енгізілген кезде ғана жүзеге асырылады.

40-бап. Бюджетаралық қатынастардың қағидаттары

Бюджетаралық қатынастар мынадай қағидаттарға негізделеді:
республикалық бюджетпен өзара қатынастарда облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің, жоғары тұрған облыстық бюджетпен өзара қатынастарда облыстық маңызы бар аудандар (қалалар) бюджеттерінің теңдігі;

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінің ең аз бюджеттік қамтамасыз етілуінің деңгейлерін теңестіру;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызмет көрсетулердің бірдей деңгейін беруін қамтамасыз ету;

мемлекеттік қызмет көрсетулердің барынша тиімділігі мен нәтижелілігі - мейлінше тиімді де нәтижелі өндірісті және мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ете алатын билік деңгейімен мемлекеттік қызметтер көрсетуді баянды ету;

мемлекеттік қызметтер көрсету деңгейін оны алушыларға барынша жақындату - оларды алушылардың қажеттіліктерін жақсы есепке алу және мемлекеттік қызметтер

көрсету сапасын арттыру мақсатында, бюджет жүйесінің неғұрлым төмен деңгейіне көрсетілетін қызметтерді атқаруды беру;

бюджеттің әрбір деңгейінің алынған ресми трансферттер мен кредиттердің тиімді және нысаналы пайдаланылуы үшін жауаптылығы.

41-бап. Бюджетаралық қатынастарды реттеудің нысандары

1. Бюджетаралық қатынастар:
ресми трансферттермен;
бюджет кредиттерімен реттеледі.

2. Ресми трансферттер жалпы сипаттағы трансферттер, ағымдағы мақсаттық трансферттер, дамытуға арналған мақсаттық трансферттер болып бөлінеді.

3. Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандарын айқындаған кезде бюджеттер деңгейлерінің әрбірінің салықтық әлеуеті, өңірлердің объективтік бюджеттік қажеттіліктерін бағалау нәтижелері, белгіленген нақты нормалар ескеріледі.

4. Бюджетаралық қатынастарды реттеудің нысандары орта мерзімдік фискальдық саясатқа сәйкес белгіленеді.

5. Мақсаттық трансферттер мен кредиттерді жергілікті атқарушы органдар олардың мақсаттық міндетіне сәйкес қана пайдаланады.

6. Мақсаттық трансферттер мен кредиттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе мақсаттық міндетіне сай келмей пайдаланылған сомасы жоғары тұрған, осы трансферттер мен кредиттерді бөлген бюджетке міндетті түрде қайтарылуға тиіс.

42-бап. Жалпы сипаттағы ресми трансферттер

1. Жалпы сипаттағы ресми трансферттер бюджеттік субвенциялар мен бюджеттік алып қоюлар болып табылады.

2. Жоғары тұрған бюджеттерден төменгі тұрған бюджеттерге республикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген сома шегінде берілген ресми трансферттер бюджет субвенциялары болып табылады.

3. Төменгі тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге республикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген сома шегінде берілген ресми трансферттер бюджеттік алып қоюлар болып табылады.

4. Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері жылдар бойынша бөліне отырып үш жылдық кезеңге:

республикалық бюджет пен облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің арасында - заңмен;

облыстық бюджет пен облыстық маңызы бар аудандар (қалалар) бюджеттері арасында - облыстық мәслихат шешімімен белгіленеді.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері әрбір үш жылда өзгертілуге тиіс.

5. Жалпы сипаттағы ресми трансферттер жергілікті бюджеттердің бюджет қаражатымен қамтамасыз етілуін көлбеу теңестіруге және бюджеттің әрбір деңгейі

үшін осы Кодекспен бекітілген шығыстық өкілеттіктерге сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге стандарттық деңгей беру үшін бірдей фискальдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

6. Бюджеттік алуларды төменгі тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке және бюджет субвенцияларын жоғары тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджетке аудару тәртібі мен кезеңділігін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

43-бап. Жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесі

1. Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері тиісті жергілікті бюджеттің кірістері мен шығындары көлемдерінің арасындағы айырмашылық ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

2. Жергілікті бюджет шығындарының болжамды көлемінен кірістерінің болжамды көлемі асып түскен кезде жергілікті бюджеттен жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алулар белгіленеді, керісінше жағдайда жергілікті бюджетке жоғары тұрған бюджеттен бюджеттік субвенциялар белгіленеді.

3. Жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемдері ағымдық бюджет бағдарламалары мен дамудың бюджет бағдарламаларына олардың бөлінуін, белгіленген нақты нормаларды ескере отырып және бюджеттер деңгейлері арасында шығыстардың бөлінуі негізінде есептеледі.

4. Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үш жылдық кезеңге арналған көлемдерін, әрбір үш жыл сайын олардың өзгеруін айқындау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесі негізінде жүргізіледі.

5. Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдерін есептеу кезігуде мақсаттық трансферттер мен бюджет кредиттері ескерілмейді.

6. Егер бюджеттік алулар мен субвенцияларды есептеу кезінде ескерілген шығыстар бекітілген (нақтыланған, түзетілген жергілікті бюджет көзделмесе, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстың жергілікті атқарушы органы қаржы жылы ішінде тиісті шамаға бюджет субвенцияларын азайту немесе бюджеттік алуды ұлғайту туралы шешім қабылдайды.

44-бап. Мақсаттық ағымдағы трансферттер

1. Жекелеген ағымдағы бюджет бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген, бюджеттік алуларды (бюджет субвенцияларын) есептеу кезінде ескерілмеген сома шегінде жоғары тұрған бюджеттер төменгі тұрған бюджеттерге беретін ресми трансферттер мақсаттық ағымдағы трансферттер болып т а б ы л а д ы .

Жоғары тұрған органдардың нормативтік құқықтық актілерді қабылдауынан туындайтын, жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үшжылдық көлемдерінің қолданылуы кезеңінде шығыстардың ұлғаюына және/немесе кірістердің азаюына әкеп соғатын төменгі тұрған бюджеттер өтемақы төлеу мақсаттық ағымдағы трансферттер

Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алынатын алым ;

10) теледидар мен радиохабар ұйымдарына радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алынатын алым ;

11) теңіз, өзен кемелері мен көлемі шағын кемелерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым ;

12) дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым ;

13) азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым ;

14) радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым ;

15) радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төленетін төлем ;

16) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын аумақтарды пайдаланғаны үшін төленетін төлем ;

17) хайуанаттар әлемін пайдаланғаны үшін төленетін төлем ;

18) кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем ;

19) республикалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының жиегіне сыртқы (көрінетін) жарнаманы орналастырғаны үшін төленетін төлем ;

20) әкелінетін және әкетілетін тауарларға кеден баждары ;

21) кеден бақылауын және кеден рәсімдерін жүзеге асырудан түсетін түсімдер ;

22) отандық тауар өндірушілерді қорғау шаралары ретінде өндіріп алынатын баж алымдары ;

23) консулдық алым ;

24) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартқа сәйкес, Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға мемлекеттік органдардың растама бергені үшін мемлекеттік баж алымы ;

25) Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке басының куәліктерін бергені үшін мемлекеттік баж алымы ;

26) жүргізуші куәліктерін бергені үшін алынатын мемлекеттік баж алымы ;

27) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді бергені үшін алынатын мемлекеттік баж алымы ;

28) мемлекеттік тіркеу нөмерлік белгілерін бергені үшін алынатын мемлекеттік баж алымы .

2. Республикалық бюджетке салықтан тыс түсетін түсімдер мыналар болып табылады :

1) республикалық меншіктен алынатын кірістер:
республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімдері;
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза табысы бөлігінің түсімдері;
республикалық меншік болып табылатын акциялар пакеттеріне дивидендтер;
мемлекеттік меншік болып табылатын ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлесіне

к і р і с т е р ;

республикалық меншікте тұратын мүлікті жалға беруден алынатын кірістер;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері және осы Кодекске сәйкес екінші деңгейдегі банктер шоттарына орналастырылған мемлекеттік сыртқы қарыздар бойынша сыйақылар (мүдделер);

республикалық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер);

қару-жарақ пен әскери техниканы сатудан түсетін кірістер;

республикалық меншіктен түсетін басқа да кірістер;

2) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түсетін кірістер;

3) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алулар өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) республикалық бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімақылар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) республикалық бюджетке түсетін басқа да салықтан тыс түсімдер.

3. Негізгі капиталды сатуынан республикалық бюджетке түсетін түсімдер мыналар болып табылады:

1) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) мемлекеттік қорлардан, резервтерден тауарлар сатудан түсетін ақша;

3) бейматериалдық активтерді сатудан түсетін ақша.

4. Республикалық бюджетке ресми трансферттердің түсімдері мыналар болып табылады:

1) облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінен ресми трансферттер;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен республикалық бюджетке мақсаттық трансферттер.

5. Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, республикалық меншікте тұрған мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, үкіметтік қарыздардан түсетін түсімдер республикалық бюджетке есептеледі.

48-бап. Облыстық бюджетке түсетін түсімдер

1. Облыстық бюджетке түсетін салық түсімдері мыналар болып табылады:

1) 50% жеке табыс салығы;

2) 50% әлеуметтік салық;

3) қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем;

4) жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойымен жүріп өткені үшін алынатын алым;

5) облыстық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының жиегіне

сыртқы (көрінетін) жарнама орналастырғаны үшін төленетін төлем.

2. Облыстық бюджетке түсетін салықтан тыс түсімдер мыналар болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:
облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімі;
облыстық коммуналдық меншік болып табылатын акциялар пакеттеріне дивидендер;
облыстық коммуналдық меншік болып табылатын ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлесіне кірістер;
облыстық коммуналдық меншікті жалға беруден түсетін түсімдер;
облыстық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер);
уақытша бос бюджет ақшасын депозитке орналастырудан алынған сыйақылар (мүдделер);

облыстық коммуналдық меншіктен - түсетін басқа да кірістер.

2) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түсетін кірістер;

3) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алулар өткізуден түсетін ақша түсімдер;

4) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) облыстық бюджетке түсетін басқа да салықтан тыс түсімдер.

3. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін қаражат негізгі капиталды сатудан облыстық бюджетке түсетін түсімдер болып табылады.

4. Облыстық бюджетке түсетін ресми трансферттер түсімдері мыналар болып табылады:

1) аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен түсетін ресми трансферттер;

2) республикалық бюджеттен түсетін ресми трансферттер.

5. Облыстық бюджеттен берілген несиелерді өтеуден, облыстық коммуналдық меншікте тұрған мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қарыздарынан түскен түсімдер облыстық бюджетке есептеледі.

49-бап. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін түсімдер

1. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін салық түсімдері мыналар болып табылады:

1) жеке табыс салығы;

2) әлеуметтік салық;

3) жеке және заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

4) жер салығы;

5) бірыңғай жер салығы;

6) заңды және жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық;

7) мыналарға акциздер:

Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған барлық спирт түрлері;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған алкоголь өнімі;

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған темекі бұйымдары;

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған, құрамында темекі бар басқа да бұйымдар;

Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген бекіре мен қызыл балықтардың уылдырығы;

Қазақстан Республикасы аумағында алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар;

Қазақстан Республикасы аумағында жасалған атыс және газ қаруы (мемлекеттік өкімет органдарының мұқтаждары үшін сатып алынғанынан басқа);

ойын бизнесі;

лотерея ойынын ұйымдастыру және өткізу;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын, арнаулы автомобильдерден басқа);

бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отын;

8) беткі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем;

9) орманды пайдаланғаны үшін төленетін төлем;

10) қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін төлем;

11) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төленетін төлем;

12) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төленетін төлем;

13) жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;

14) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым;

15) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;

16) аукциондардан алынатын алым;

17) республикалық маңызы бар қала мен астананың ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойымен жүріп өту үшін алынатын алым;

18) консулдық алымнан және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартқа сәйкес, Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға мемлекеттік органдардың рұқсаттама бергені үшін, Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке басының куәліктерін бергені үшін, жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарының мемлекеттік тіркелуі және мемлекеттік тіркеме номерлік белгілер туралы куәліктер бергені үшін өндіріп алынатын мемлекеттік баждардан басқа, баж

а л ы м ы ;

19) жылжымайтын мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;

20) механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;

21) қалалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының жиегінде және елді мекендерде сыртқы (көрінетін) жарнаманы орналастыру үшін төленетін төлем.

2. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін салықтан тыс түсімдер мыналар болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

республикалық маңызы бар қала, астана әкімдіктерінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімі;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігі болып табылатын акциялар пакетіне дивидендтердің түсімі;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігі болып табылатын ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер;

республикалық маңызы бар қала, астана өкілетті органдарының шешімдері бойынша өткізілетін мемлекеттік лотереялардан кірістердің түсімі;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігі мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен берілген несиелер бойынша сыйақылар (мүдделер);

уақытша бос бюджет ақшасын депозитке орналастырудан алынған сыйақылар (мүдделер);

республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алулар өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алу;

5) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне түсетін басқа да салықтан тыс түсімдер.

3. Негізгі капиталды сатудан республикалық маңызы бар қаланың, астананың,

бюджетіне түсетін түсімдер мыналар болып табылады:

1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін қаражат;

2) жер учаскелерін және тұрақты жер пайдалану құқығын сатудан түсетін түсімдер.

4. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне түсетін ресми трансферттердің түсімдері республикалық бюджеттен түсетін ресми трансферттер болып табылады.

5. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен берілген кредиттерді өтеуден, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігінде тұрған мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқару органы қарыздарынан түсетін түсімдер республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне есептеледі.

50-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетіне түсетін түсімдер

1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетіне түсетін салық түсімдері мыналар болып табылады:

1) 50% жеке табыс салығы;

2) 50% әлеуметтік салық;

3) жеке және заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

4) жер салығы;

5) бірыңғай жер салығы;

6) заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық;

7) мыналарға акциздер:

Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған барлық спирт түрлері;

Қазақстан Республикасы аумағында жасалған алкоголь өнімі;

Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған темекі бұйымдары;

Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған, құрамында темекі бар басқа да бұйымдар;

Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген бекіре мен қызыл балықтардың уылдырығы;

Қазақстан Республикасы аумағында алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар;

Қазақстан Республикасы аумағында жасалған атыс және газ қаруы (мемлекеттік өкімет органдарының мұқтаждары үшін сатып алынғанынан басқа);

ойын бизнесі;

лотерея ойынын ұйымдастыру мен өткізу;

Қазақстан Республикасы аумағында жасалған жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын, арнаулы автомобильдерден басқа);

бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отыны;

- 8) беткі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем;
- 9) орманды пайдаланғаны үшін төленетін төлем;
- 10) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төленетін төлем;
- 11) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төленетін төлем;
- 12) жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;
- 13) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым;
- 14) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;
- 15) аукциондардан алынатын алым;
- 16) аудандық маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойымен жүріп өту үшін алынатын алым;
- 17) механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;
- 18) жылжымайтын мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;
- 19) аудандық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының жиегінде және елді мекендерде сыртқы (көрінетін) жарнаманы орналастыру үшін төленетін төлем;
- 20) консулдық алымнан және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартқа сәйкес, Қазақстан республикасында жасалған ресми құжаттарға мемлекеттік органдардың рұқсатына бергені үшін, Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке басының куәліктерін бергені үшін, жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарының мемлекеттік тіркелуі және мемлекеттік тіркеме нөмірлік белгілер туралы куәліктер бергені үшін өндіріп алынатын мемлекеттік баждардан басқа, баж алымы.

2. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне түсетін салықтан тыс түсімдер мыналар болып табылады:

- 1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:
 - аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімі;
 - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналды меншігі болып табылатын акциялар пакетіне дивидендтердің түсімі;
 - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігі болып табылатын ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер;
 - аудан (облыстық маңызы бар қала) өкілетті органдарының шешімдері бойынша өткізілетін мемлекеттік лотереялардан кірістердің түсімі;
 - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігі мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен берілген несиелер бойынша
с ы й а қ ы л а р (м ү д д е л е р) ;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа
д а к і р і с т е р ;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын
мемлекеттік мекемелердің тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуінен
т ү с е т і н к і р і с т е р ;

3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын
мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алулар өткізуден түсетін
а қ ш а т ү с і м д е р і ;

4) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын
мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетіне түсетін басқа да салықтан
т ы с т ү с і м д е р .

3. Негізгі капиталды сатудан ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетіне
түсетін түсімдер мыналар болып табылады:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын
мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін
қ а р а ж а т ;

2) жер учаскелерін және тұрақты жер пайдалану құқығын сатудан түсетін түсімдер.

4. Ауданның (облыстық, маңызы бар қаланың) бюджетіне түсетін ресми
трансферттердің түсімдері облыстық бюджеттен түсетін ресми трансферттер болып
т а б ы л а д ы .

5. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен берілген кредиттерді
өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінде тұрған
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)
жергілікті атқару органы қарыздарынан түсетін түсімдер ауданның (облыстық маңызы
бар қаланың) бюджетіне есептеледі.

8-тарау. Бюджеттер деңгейлері арасындағы шығыстарды бөлу

51-бап. Республикалық бюджеттің шығыстары

1. Республикалық бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге
а с ы р ы л а д ы :

мемлекет Басшысы - Қазақстан Республикасы Президентінің жұмыс істеуі;
Қазақстан Республикасы Парламентінің, Үкіметі мен Конституциялық Кеңесінің
ж ұ м ы с і с т е у і ;

сайлау мен референдумдар өткізу;

Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамытуды стратегиялық және
орташа мерзімдік жоспарлау;

салық қызметі органдарының қызметі;

республикалық бюджеттің атқарылуын және жергілікті бюджеттердің есеп-кассалық қызмет көрсетуін ұйымдастыру;
республикалық мемлекеттік меншікті басқару;
қайта құру мен банкроттықты ұйымдастыру;
мемлекеттік сатып алулардың біртұтас жүйесін ұйымдастыру;
республикалық деңгейде мемлекеттік қаржы бақылауы;
к е д е н қ ы з м е т і ;
мемлекеттің сыртқы саяси қызметі;
іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу;
мемлекеттік статистикалық есеп;
мемлекеттік қызметтің біртұтас жүйесін ұйымдастыру;
ғылыми кадрларды аттестаттау;
заңнамаға сәйкес қызметтің түрлі салалары мен аяларында мемлекеттік сыйлықтар мен наградлар беру ;
2) қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік:
елдің қорғанысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
жұмылдыруға дайындық және орталық атқарушы органдар өткізетін жұмылдыру;
мемлекеттік материалдық резервтерді қалыптастыру және сақтау;
ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрес;
мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету;
республикалық маңызы бар қала, астана мен аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын шараларды қоспағанда, жалпыға бірдей әскери міндетті орындаумен байланысты шараларды ұйымдастыру;
қоғамдық тәртіпті қорғау және Қазақстан Республикасы аумағындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
күдікті және айыпты адамдарды ұстау;
паспорт пен виза жұмысын жүзеге асыру;
республикалық маңызы бар мемлекеттік объектілерді қорғау, тұтқындалғандар мен сотталғандарды айдап жүру;
жедел-ізвестіру, тергеу қызметі;
табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында қызметті ұйымдастыру ;
ғаламдық немесе өңіраралық ауқымды төтенше жағдайларды болдырмау және жою;
кәсіби авариялық-қару қызметтері мен құрылымдардың іс-әрекетін ұйымдастыру және қамтамасыз ету ;
мемлекеттік өртке қарсы қызмет жұмысын қамтамасыз ету;
азаматтық қорғаныс жүйесін ұйымдастыру;

азаматтық және қызметтік қару мен оған патрондардың мемлекеттік кадастрын
е н г і з у ;

экономикалық және қаржы аяларындағы құқық қорғау қызметі;

3) құқықтық, соттық, қылмыстық-орындаушылық қызмет:

әділет саласындағы қызмет;

азаматтар мен мемлекеттің мүдделерін құқықтық қорғау;

заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету;

сот сараптамасы қызметі;

сот жүйесінің жұмыс істеуі;

қылмыстық-атқарушылық жүйесінің қызметін, оның ішінде түзеу мекемелерінде
міндетті орта жалпы және бастауыш кәсіби білім беруді ұйымдастыру мен қамтамасыз
е т у ;

4) б і л і м б е р у :

республикалық білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру;

республикалық мектеп олимпиадаларын өткізу;

республикалық деңгейде орта кәсіби білімі бар мамандар даярлау;

жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімі бар мамандар

д а я р л а у ;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер
кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

республикалық білім беру ұйымдарын оқулықтарымен қамтамасыз ету;

оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу құралдарын, бағдарламаларды

ә з і р л е у ;

республикалық маңызы бар ұйымдарда балаларды оңалту;

5) д е н с а у л ы қ с а қ т а у :

жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

сырқат адамдарды шет елдерде емдеуді ұйымдастыру;

ерекше қатерлі инфекцияларға қарсы күрес;

республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына арналған қан, оның компоненттері
мен п р е п а р а т т а р ы ө н д і р і с і ;

көлікте мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру;

әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары мен Мемлекеттік өртке қарсы қызмет
қызметкерлеріне, олардың отбасыларының мүшелеріне, сондай-ақ әскери қызметшілер,
ішкі істер органдары мен Мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлері ішінен
шыққан зейнеткерлерге медициналық қызмет көрсету;

6) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру:

республикалық бюджет қаражаты есебінен зейнет заңдарына сәйкес зейнеттік
қамсыздандырылуға құқығы бар азаматтарға зейнетақы төлемдерін төлеу;

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;
арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;
баланың тууына байланысты әлеуметтік төлемдер;
экологиялық апат аймақтарында өмір сүріп жатқан адамдарға заң актілерімен
көзделген әлеуметтік көмек;

әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдарының отбасыларына заң актілерімен
көзделген әлеуметтік төлемдер;

саяси қуғын құрбандықтарына заң актілерімен көзделген әлеуметтік төлемдер;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері болып табылатын әлеуметтік
төл ем дер ;

оралмандарды тарихи отанына көшіру және әлеуметтік қорғау;

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:
қазақтың ұлттық мәдениеті мен басқа да ұлттық мәдениеттерді қайта өркендету,
сақтау, дамыту және тарату;

республикалық маңызы бар театр өнерін қолдау;
республикалық маңызы бар әлеуметтік мәндегі мәдени шаралар өткізу;
республикалық маңызы бар тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын қамтамасыз
ет у ;

республикалық деңгейде спорттың ұлттық және бұқаралық түрлерінің дамуын
қ о л д а у ;

биік жетістіктер спортын дамыту;
республикалық маңызы бар мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз
ет у ;

республикалық кітапханалардың жұмыс істеуі;
бұқаралық ақпарат құралдары арқылы республикалық деңгейде мемлекеттік
а қ п а р а т с а я с а т ы н жүргізу;

мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту;

8) ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау:
өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында арнаулы қоймаларды (сақтауханаларды) салудан, ұстаудан басқа, ауыл шаруашылық саласындағы қызмет;
құнарлылық пен топырақтың химиялық құрамын, суландырылатын жерлердің
мелиорациялық жай-күйін зерттеу, олардың мониторингі және оларды жақсарту
ж ө н і н д е г і ш а р а л а р ;

теңіздер мен ірі су айдындарының жағалау аймақтарындағы жерлер, топырақ және
өсімдік ж а м ы л ғ ы с ы м о н и т о р и н г і ;

жер кадастрін түгендеуді жүргізу;
мемлекеттік геодезиялық қадағалауды жүзеге асыру және картографиялық қызмет;
су ресурстарын қорғауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету,
республикалық маңызы бар су қорғау аймақтары мен көлдердің, өзендердің (шағын

өзендерден басқа), су қоймалары мен су шаруашылығы жүйелерінің жобаларын әзірлеу ;

суды кешенді пайдаланудың бассейндік және басты схемаларын әзірлеу;
республикалық маңызы бар, су берумен байланысты емес су шаруашылығы объектілерінің жұмыс істеуі;
магистралдық және топтық су құбырларын салу және қайта құру;
ормандар мен биоресурстардың мемлекеттік есебін жүргізу;
орман тұқым шаруашылығы;
су биоресурстарын қорғау және қайта өркендету;
балық аулауды және балық қорларын қорғауды мемлекеттік реттеу;
республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұстау,
мемлекеттік табиғат-қорық қорын қалпына келтіру;
табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу;
Қазақстан Республикасы аумағы экологиялық жай-күйінің мемлекеттік мониторингі ;

стратегиялық және шекара аралық объектілердің мемлекеттік экологиялық сараптамасын өткізу ;

гидрометеорологиялық мониторинг;
9) өнеркәсіп, жер қойнауын пайдалану, сәулет, қала салу қызметі:
қорғаныс өнеркәсібін конверциялау;
мемлекеттік өнеркәсіп саясатын іске асыру;
отын-энергетикалық кешенді дамыту;
энергия сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
құрылыс нормалары мен стандарттарын иелену және әзірлеу;
құрылыс саласындағы жобалау-ізвестіру, конструкторлық және технологиялық жұмыстар ;

технологиялық жұмыстар;
мемлекеттік қала салу кадастрын жүргізу;
жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, сейсмологиялық ақпарат мониторингі;
мемлекеттік геологиялық зерттеу;
геологиялық ақпаратты қалыптастыру;

кеніштер мен шахталарды жабу мен жою, техногендік қалдықтарды көму;
10) көлік және коммуникациялар:
республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта салу, жөндеу және ұстау ;

су көлігі қызметін ұйымдастыру және реттеу;
кеме қатынасы жолдарын, шлюздерді күтіп ұстау және кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
теңіз жолдарын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз ету;

әуе және су көлігін мемлекеттік реттеу;
облысаралық қатынаста әлеуметтік маңызы бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

радиожелілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдар мониторингі;
магистралды темір жолдарды дамыту;
аэроғарыш қызметі;

11) экономикалық қызметті реттеу:
стандарттау, метрология және сертификаттау;
патенттерді, тауар таңбаларын тіркеу мен қорғау;
мемлекеттік инновациялық саясат;
мемлекеттік экспорт және импорт бақылауы;
саудалық және демпингге қарсы реттеу;
табиғи монополияларды бәсекеден қорғау және реттеу;

12) басқа да бағыттар:

облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне берілетін ресми трансферттер;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына ресми трансферттер;
үкіметтік қарызға қызмет көрсету және оны өтеу;
мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау.

2. Республикалық бюджеттен сондай-ақ мыналарға шығыстар қаржыландырылады: кадрларды қайта даярлауды және аталған мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қоса алғанда, осы баптың 1-тармағында аталған қызмет түрлерін орындайтын мемлекеттік мекемелер қызметін қамтамасыз ету;

осы баптың 1-тармағында аталған бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобалар мен бағдарламалар, халықаралық ынтымақтастық, сондай-ақ қолданбалы ғылыми зерттеулер;

заң актілерімен көзделген орталық мемлекеттік басқару органдарының өзге де қызметтері.

3. Орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерін ұстауға арналған шығындар Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерімен бекітілген штат санының лимиті және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нақты нормалар негізінде жоспарланады.

52-бап. Облыстық бюджеттің шығыстары

1. Облыстық бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету;
облыстық деңгейдегі жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың жұмыс істеуі;
облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуын орта мерзімдік жоспарлау;
облыс деңгейінде бюджеттік жоспарлау;

облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру;
облыстық деңгейдегі коммуналдық мемлекеттік меншікті басқару;

2) қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік:
жұмылдыру дайындығы және облыстық ауқымда жұмылдыру;
облыстық ауқымдағы төтенше жағдайларды болдырмау және жою;
су-құтқару қызметінің жұмысын қамтамасыз ету;
облыс аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ;

облыстық ауқымдағы азаматтық қорғаныс шаралары;

3) білім беру :

арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білімге оқыту;
арнаулы білім беру ұйымдарында дарынды балаларды жалпы білімге оқыту;
облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын өткізу;
орта кәсіби білім беру ;
кадрларды қайта даярлау және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;
балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;
дамуында проблемалар бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу ;

4) денсаулық сақтау :

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайын қамтамасыз ету, медициналық қызметтер және денсаулық сақтау саласында басқа да шаралар көрсету;

5) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру:
жетімдерді, ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру ;

мүгедек балаларды қоса алғанда, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру ;

6) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық:

елді мекендерді газдандыру;

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:
облыстық деңгейде спорттық-сауықтыру шараларын өткізу;
жергілікті маңызы бар мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету;
облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жергілікті деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу ;

жергілікті деңгейде мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту ;

жастардың экономикалық белсенділігін қолдау мен дамыту арқылы жастар
с а я с а т ы н ж ү р г і з у ;

8) су, орман шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау:
жергілікті маңызы бар гидротехникалық жүйелер мен құрылыстардың жұмыс
і с т е у і н қ а м т а м а с ы з е т у ;

ормандарды сақтау, қорғау, жаңғырту және орман өсіру;
х а й у а н а т т а р ә л е м і н қ о р ғ а у ;
жергілікті маңызы бар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұстау және қорғау;
шағын өзендерді қорғау схемаларының жобаларын жасау;
жергілікті маңызы бар су қорғау аймақтары мен шағын өзендер алыптарының, су
қоймалары мен су шаруашылығы жүйелерінің жобаларын жасау;
экологиялық бақылауды қамтамасыз ету, табиғат қорғау шараларын өткізу;

9) с ә у л е т - қ ұ р ы л ы с қ ы з м е т і :
құрылыс пен сәулет қызметіндегі бақылауды қамтамасыз ету;
адамдар жаппай келетін ғимараттар тіршілік объектілерінің сейсмикалық төзімділігі
мен сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

ведомстволық бағыныстағы аумақта кешенді қала құрылысын жоспарлау;
қ а л а с а л у ж о б а л а р ы н і с к е а с ы р у ;

бас жоспар жасау, тиісті аумақта шекараларды белгілеу және өзгерту;

10) к ө л і к ж ә н е к о м м у н и к а ц и я л а р :
ауданаралық (қалааралық) қатынастарда әлеуметтік маңызы бойынша жолаушылар
т а с ы м а л ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта салу, жөндеу және ұстау;

11) э к о н о м и к а л ы қ қ ы з м е т т і р е т т е у :
к ә с і п к е р л і к қ ы з м е т т і қ о л д а у ;

12) б а с қ а д а б а ғ ы т т а р :

аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ресми трансферттер;
р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т к е р е с м и т р а н с ф е р т т е р ;
жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету.

2. Облыстық бюджеттерден сондай-ақ мыналарға шығыстар қаржыландырылады:
кадрларды қайта даярлауды және аталған мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің
біліктілігін арттыруды қоса алғанда, осы баптың тармағында аталған қызмет түрлерін
орындайтын мемлекеттік мекемелер қызметін қамтамасыз ету;

осы баптың 1-тармағында аталған бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық
ж о б а л а р м е н б а ғ д а р л а м а л а р ;

заң актілерімен көзделген облыстың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының
ө з г е д е қ ы з м е т т е р і .

3. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдарды

ұстауға арналған шығындар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген штат санының жалпы лимиті мен нақты нормалары негізінде жоспарланады.

53-бап. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыстары

1. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыстары мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету: республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының жұмыс істеуі; республикалық маңызы бар қаланы, астананы әлеуметтік-экономикалық дамытуды орта мерзімдік жоспарлау;

республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде бюджеттік жоспарлау; республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуын ұйымдастыру; республикалық маңызы бар қалалардың, астананың коммуналдық мемлекеттік меншігін басқару;

салық салу мақсатында мүлікті бағалауды өткізу;

2) қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік: жұмылдыруға дайындық және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру;

әскери комиссариаттарды жабдықталған шақыру (жинау) пункттерімен, медикаменттермен, аспаптармен медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, медициналық және техникалық қызметкерлермен, қызметкерлерге қызмет көрсететін адамдармен қамтамасыз ету жөніндегі жалпыға бірдей әскери міндеттердің атқарылуы шеңберіндегі шаралар және медициналық комиссиялар құру;

республикалық маңызы бар қала, астана ауқымында төтенше жағдайларды болдырмау және жою;

су-құтқару қызметінің жұмысын қамтамасыз ету; республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс шаралары; медициналық айықтырғыштардың, кәмелетке толмағандарға, тұрғылықты тұратын орны мен құжаттары жоқ адамдарға, әкімшілік тәртіппен тұтқынға алынғандарға арналған қабылдау орындарының жұмыс істеуі;

елді мекендерде жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету; азаматтық хал актілерінің жазбасы жөніндегі қызметті қамтамасыз ету;

3) білім беру:

балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту; оқытудың кешкі (ауысымдық) нысанын және интернаттық тұрпаттағы ұйым арқылы орта жалпы білім беруді қоса алғанда, азаматтарға міндетті жалпы орта білім

беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беруді оқыту;
мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды жалпы білімге
о қ ы т у ;

республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымында мектеп олимпиадаларын
ө т к і з у ;

б а с т а у ы ш к ә с і б и б і л і м ;

о р т а к ә с і б и б і л і м ;

кадрларды қайта даярлау және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын
мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын зерттеу және халыққа
психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;
дамуында проблемалар бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік
б е й і м д е у ;

балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім беру;
міндетті орта жалпы білім беру мекемелеріне арналған оқулықтарды сатып алу
ж ә н е ж е т к і з у ;

4) д е н с а у л ы қ с а қ т а у :

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайын қамтамасыз ету,
республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, медициналық
қызметтер көрсету және денсаулық сақтау саласында басқа да шаралар өткізу;

5) әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыру:

т ұ р ғ ы н ү й к ө м е г і ;

мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету;
тұрғылықты тұратын жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу;
жетімдерді ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік
қ а м с ы з д а н д ы р у ;

мүгедек балаларды қоса алғанда, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік
қ а м с ы з д а н д ы р у ;

халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген
с а н а т т а р ы н а ә л е у м е т т і к к ө м е к ;

б) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық:

республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік тұрғын үй қорының
с а қ т а л у ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

заң актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен
қ а м т а м а с ы з е т у ;

мемлекеттік мұқтаждықтар үшін тұрғын үйлер мен жер учаскелерін алып қою және

с а т ы п

а л у ;

коммуналдық меншікте тұрған тазарту, дренаж жүйелерінің су құбырлары, жылу және электр желілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

елді мекендерді санитариялық жағынан қамтамасыз ету;

жерлеу орындарын ұстау және кезбелерді жерлеу;

елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру;

елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру;

елді мекендерді газдандыру;

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:
жергілікті деңгейде қызықты мәдени-көпшілік шаралар өткізу;

жергілікті маңызы бар театр өнерін қолдау:

жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын және оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету;

азаматтардың тұрғылықты жері бойынша және халықтың жаппай демалыс орындарында дене тәрбиесі мен спортпен айналысу үшін жағдайлар жасау;

бұқаралық дене тәрбиесі - сауықтыру қозғалысын дамыту;

жергілікті деңгейде спорт - сауықтыру шараларын өткізу;

жергілікті маңызы бар мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету;

қалалық кітапханалар жұмысын қамтамасыз ету;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жергілікті деңгейде мемлекеттік ақпарат с а я с а т ы н жү р г і з у ;

жергілікті деңгейде мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да т і л д е р і н да м ы т у ;

жастардың экономикалық белсенділігін қолдау мен дамыту арқылы жастар с а я с а т ы н жү р г і з у ;

зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

8) ауыл, су, орман шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау:
гидротехникалық жүйелердің және жергілікті маңызы бар құрылыстардың жұмыс і с т е у і н қ а м т а м а с ы з е т у ;

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұстау және қорғау;

ормандарды сақтау, қорғау, жаңғырту және орман өсіру;

х а й у а н а т т а р э л е м і н қ о р ғ а у ;

шағын өзендерді қорғау схемаларының жобаларын жасау;

жергілікті маңызы бар су қорғау аймақтары мен шағын өзендер алқаптарының, су қоймалары мен су шаруашылығы жүйелерінің жобаларын жасау;

өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында пайдаланылатын арнаулы қоймаларды (сақтауханаларды) салу, ұстау;

экологиялық бақылауды қамтамасыз ету, табиғат қорғау шараларын өткізу;

жер бөлу жұмыстарын ұйымдастыру;

9) сәулет-құрылыс қызметі:

құрылыс пен сәулет қызметінде бақылауды қамтамасыз ету;
адамдар жаппай келетін ғимараттар мен тіршілік объектілерінің сейсмикалық
төзімділігін және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
республикалық маңызы бар қала, астана аумағында кешенді қала құрылысын
ж о с п а р л а у ;

қала салу жоспарларын іске асыру;
бас жоспар жасау, республикалық маңызы бар қала, астана аумағындағы
шекараларды белгілеу мен өзгерту;

10) көлік және коммуникациялар:

ішкі қатынастарға әлеуметтік маңызы бойынша жолаушылар тасымалдарын
ұйымдастыру; жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта салу, жөндеу
ж ә н е ұ с т а у ;

11) экономикалық қызметті реттеу:

кәсіпкерлік қызметті қолдау;

12) басқа да бағыттар:

республикалық бюджетке ресми трансферттер;
жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету.

2. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен сондай-ақ
мыналарға шығындар қаржыландырылады:

кадрларды қайта даярлауды және аталған мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің
біліктілігін арттыруды қоса алғанда, осы баптың 1-тармағында аталған қызмет түрлерін
орындайтын мемлекеттік мекемелер қызметін қамтамасыз ету;

осы баптың 1-тармағында аталған бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық
ж о б а л а р мен бағдарламалар;

республикалық маңызы бар, заң актілерінде көзделген қаланы, астананы
мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының өзге де қызметтері.

3. Республикалық маңызы бар қаланың бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті
атқарушы органдарды ұстауға арналған шығындар Қазақстан Республикасының
Үкіметі белгілеген штат санының жалпы лимиті мен нақты нормалары негізінде
жоспарланады.

54-бап. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің шығыстары

1. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің шығыстары мына бағыттар
б о й ы н ш а жүзеге асырылады:

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету:

аудандық (қалалық) деңгейдегі жергілікті өкілді және атқарушы органдардың
ж ұ м ы с і с т е у і ;

аудандық (қалалық) деңгейде экономикалық және бюджеттік жоспарлау;
аудандық (қалалық) бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру;

салық салу мақсатында мүлікті бағалауды өткізу;
аудандық (қалалық) деңгейдегі коммуналдық мемлекеттік меншікті басқару;

2) қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік:

әскери комиссариаттарды жабдықталған шақыру (жинау) пункттерімен, медикаменттермен, аспаптармен, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, медициналық және техникалық қызметкерлермен, қызметкерлерге қызмет көрсететін адамдармен қамтамасыз ету жөніндегі жалпыға бірдей әскери міндеттердің атқарылуы шеңберіндегі шаралар және медициналық комиссиялар құру;

аудандық (қалалық) ауқымды төтенше жағдайларды болдырмау және жою;
аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

медициналық айықтырғыштардың, кәмелетке толмағандарға, тұрғылықты тұратын орны мен құжаттары жоқ адамдарға, әкімшілік тәртіппен тұтқынға алынғандарға арналған қабылдау орындарының жұмыс істеуі;

елді мекендерде жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
азаматтық хал актілерінің жазбасы жөніндегі қызметті қамтамасыз ету;

3) білім беру:

балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту;
оқытудың кешкі (ауысымдық) нысанын және интернаттық тұрпаттағы ұйым арқылы орта жалпы білім беруді қоса алғанда, азаматтарға міндетті жалпы орта білім беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

бастауыш кәсіби білім;

аудандық (қалалық) ауқымда мектеп олимпиадаларын өткізу;
балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім беру;
міндетті орта жалпы білім беру мекемелеріне арналған оқулықтарды сатып алу және жеткізу;

4) әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыру:

тұрғын үй көмегі;

мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету;
тұрғылықты тұратын жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу;
халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек;

5) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық:

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру;

заң актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

мемлекеттік мұқтаждықтар үшін тұрғын үйлер мен жер учаскелерін алып қою және с а т ы п а л у ;

коммуналдық меншікте тұрған тазарту, дренаж желілерінің, су құбырлары, жылу және электр желілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

елді мекендерді санитариялық жағынан қамтамасыз ету;

жерлеу орындарын ұстау және кезбелерді жерлеу;

елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру;

елді мекендерді көркейту мен көгалдандыру;

елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру;

6) мәдениет және спорт:

жергілікті маңызы бар театр өнерін қолдау;

жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын және оларға қол ж е т к і з у д і қ а м т а м а с ы з е т у ;

жергілікті деңгейде қызықты мәдени-бұқаралық шаралар өткізу;

аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі;

азаматтардың тұрғылықты жері бойынша және халықтың жаппай демалыс орындарында дене тәрбиесі мен спортпен айналысу үшін жағдайлар жасау;

бұқаралық дене тәрбиесі-сауықтыру қозғалысын дамыту;

аудандық деңгейде спорт-сауықтыру шараларын өткізу;

зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

7) а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы :

өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында пайдаланылатын арнаулы қоймаларды (сақтауханаларды) салу, ұстау;

жерді бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

8) көлік және коммуникациялар:

аудандық (қалалық) маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта құру, жөндеу ж ә н е ұ с т а у ;

поселке ішіндегі (қала ішіндегі) қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұ й ы м д а с т ы р у ;

9) б а с қ а д а б а ғ ы т т а р :

облыстық бюджетке ресми трансферттер.

2. Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен мыналарға шығындар қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы :

осы баптың 1-тармағында аталған қызмет түрлерін орындайтын мемлекеттік мекемелер қызметін қамтамасыз ету;

осы баптың 1-тармағында аталған бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық ж о б а л а р м е н б а ғ д а р л а м а л а р ;

заң актілерінде көзделген ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) мемлекеттік

басқарудың жергілікті органдарының өзге де қызметтері.

3. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландыратын жергілікті атқарушы органдарды ұстауға арналған шығындар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген штат санының жалпы лимиті мен нақты нормалары негізінде жоспарланады.

3-бөлім. Бюджет қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік басқару

9-тарау. Бюджет қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік басқару органдарының құзыреті

55-бап. Бюджет қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік басқарудың құрылымы

Бюджет қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік басқару құрылымын:

Қазақстан Республикасының Президенті;

Қазақстан Республикасының Парламенті;

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті;

Қазақстан Республикасының Үкіметі;

экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган;

бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган;

ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган;

м ә с л и х а т ;

жергілікті атқарушы орган құрайды.

56-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Президенті бюджет қатынастарын реттеу саласында:

республикалық бюджет жобасын әзірлеу және оның атқарылуы туралы есеп
т ә р т і б і н белгілейді ;

республикалық бюджет комиссиясын құрып, ол туралы ережені бекітеді, оның
қ ұ р а м ы н белгілейді ;

Қазақстан Республикасы аумағында төтенше мемлекеттік бюджет енгізу туралы
шешім қабылдайды және оның әзірлеу тәртібін белгілейді;

елдегі жағдай мен республика ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары
туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауда алдағы жылға арналған Қазақстан
Республикасының бюджет саясатының негізгі бағыттарын белгілейді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес құрады және
о л т у р а л ы е р е ж е н і б е к і т е д і ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру мен пайдалану тиімділігін
арттыру жөнінде, сондай-ақ оны пайдаланудың көлемі мен бағыттары жөнінде
ш е ш і м д е р қа б ы л д а й д ы ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру және пайдалану туралы есептерді
б е к і т е д і ;

Осы Кодекспен көзделген жағдайларда тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспарын бекітеді.

57-бап. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің құзыреті

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бюджет қатынастарын реттеу саласында:

республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асырады; төтенше мемлекеттік бюджеттің атқарылуын бақылауды жүзеге асырады; мемлекеттік қаржы бақылауының стандарттарын және мемлекеттік қаржы бақылауы органдары қызметкерлерінің этика кодексін бекітеді; республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау жүргізу тәртібін белгілейді;

бақылау шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

58-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджет қатынастарын реттеу саласында: Қазақстан Республикасының Парламентіне республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне табыс етеді;

жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу тәртібін белгілейді;

республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу тәртібін белгілейді;

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулы қабылдайды;

үкіметтік қарызды жүзеге асырады;

шикізат секторы ұйымдарының тізбесін бекітеді;

орта мерзімдік фискальдық саясат жасау тәртібін белгілейді;

инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қарау тәртібін белгілейді;

үшжылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерін бекітеді;

мемлекеттік бюджетке салықтан тыс төлемдер түсімдерін өндіріп алуға және оларға бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесін, олардың бюджетке аударылу тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттік емес қарыздары бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру қажеттігі туралы шешімдер қабылдайды;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес заемдар бойынша

мемлекеттік кепілдіктер беру тәртібін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар алу, пайдалану, өтеу және қызмет көрсету, оларды тіркеу мен есепке алу тәртібін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз мониторингі және оны басқару тәртібін белгілейді;

мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалған тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуден түсетін ақшаны жоспарлау мен пайдалану тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервін қалыптастыру және пайдалану тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану тәртібін және рұқсат етілген қаржы және өзге активтерінің тізбесін белгілейді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудиті өткізілуін қамтамасыз етеді;

бюджеттік алымдарды төменгі тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке және бюджеттік субвенцияларды жоғары тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджеттерге аударудың тәртібі мен кезеңділігін белгілейді;

жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемдері есептерінің әдістемесін белгілейді;

Үкіметтің орта мерзімді фискальдық саясатын бекітеді;
нақты нормаларды бекітеді;

бірыңғай бюджеттік жіктемені бекітеді және оны жасау тәртібін анықтайды;
бюджет бағдарламалары тиімділігін бағалау тәртібін белгілейді;
ішкі бақылау өткізу тәртібін белгілейді;

орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ олардың аумақтық органдары мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санының лимитін бекітеді;

жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгі құрылымын және жергілікті атқарушы органдардың штат саны лимитін бекітеді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру және пайдалану туралы жылдық есеп жасайды.

59-бап. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискальдық саясатын жасайды;
тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын жасайды және Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарауға ұсынады;

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулының жобасын жасайды;

бюджеттік өтініш жасау мен беру тәртібін белгілейді;

мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды,

көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер мен ақша шығыстарының болжалын жасау нысанын белгілейді;
бюджет түсімдерін болжау әдістемесін айқындайды;
бірыңғай бюджет жіктемесінің жобасын жасайды;
жылдық қаржыландыру жоспарын жасайды және бекітеді;
республикалық бюджетті нақтылау (түзету) жөнінде ұсыныстар енгізеді;
бюджет бағдарламаларының тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;
мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз саясатын әзірлейді;
мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз бен қарызды жоспарлау мен талдауды жүзеге асырады;
бюджеттік кредиттеу саясатын әзірлейді;
бюджеттік кредиттеуді жоспарлау мен талдауды жүзеге асырады;
Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

60-бап. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті

Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет қатынастарын р е т т е у с а л а с ы н д а :

республиканы әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарының ж о б а с ы н ә з і р л е й д і ;
басым инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастырады;
мемлекеттік кепілдіктерді тартуға басым өтінімдер тізбесін қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді;
бюджет инвестициялары мен мемлекеттік кепілдіктердің тиімділігіне баға береді;
Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

61-бап. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган:
республикалық бюджетті атқарады және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қ ы з м е т к ө р с е т е д і ;

тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын жасауға қ а т ы с а д ы ;

тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулының ж о б а с ы н ж а с а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

бюджетке түсетін түсімдерді болжауға және мемлекеттік бюджетке кірістердің түсуі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басым бағыттарын б е л г і л е у г е қ а т ы с а д ы ;

республикалық бюджеттің түсімдері мен оны қаржыландырудың жиынтық жоспарларын бекітеді және оған өзгерістер енгізеді;
республикалық бюджет бағдарламаларының әкімшілеріне рұқсаттар береді;

мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуді жүзеге асырады;

мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асырады; уақытша бос бюджет ақшасын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне салымдарға (депозиттерге) орналастырады;

банктік шоттардан шетел валютасын қайта айырбастау тәртібін белгілейді; осы Кодекспен көзделген жағдайларда қаржыландыруды тоқтата тұрады; бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органдағы мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жабу және жүргізу тәртібін белгілейді;

бюджет есебін жүргізу тәртібін белгілейді; есеп-қисап жасау және ұсыну тәртібін белгілейді;

үкіметтік қарыздарды алады, пайдаланады, тіркейді, өтейді және оларға қызмет көрсетеді, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өзі айналысқа салған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттік емес қарыздарының мемлекеттік кепілдіктері бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді;

бюджет қаражатын игеру мониторингін жүзеге асырады; республикалық бюджеттің атқарылуы барысында республикалық бюджет бағдарламаларының тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;

республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджеттік есеп, есептілік жөніндегі әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша келіссөздер жүргізеді, үкіметтік қарыздар шарттарына қол қояды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығарады, Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттік емес қарыздары бойынша мемлекеттік кепілдіктер береді;

мемлекеттік кепілдіктері бар үкіметтік және мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсетуге екінші деңгейдегі банктерді іріктеп алады, конкурстық негізде белгілейді және оларға уәкілеттік береді;

республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджет кредиттері мақсатты пайдалануына берілуіне, қызмет көрсетуге, қайтаруға және бақылау жасайды, оларды есепке алуды, мониторингін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

62-бап. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті

Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган: республикалық және жергілікті бюджеттерге ішкі бақылауды жүзеге асырады; республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының бюджет заңдары талаптарының бұзылу себептеріне баға береді; бюджет бағдарламалары (кіші бағдарламалары) орындалуының тиімділігі мен

нәтижелігіне баға береді;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

63-бап. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының құзыреті

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты:

жергілікті бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді бекітеді;
жергілікті бюджеттің атқарылуын ішкі бақылауды жүзеге асыратын тексеру комиссиясын сайлайды;

жергілікті бюджеттің атқарылуына ішкі бақылау жүргізу туралы есептерді қарайды.

64-бап. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің құзыреті

Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі:

жергілікті бюджет жобасы мен оның атқарылуы туралы есепті мәслихатқа табыс етеді;

жергілікті бюджетті әзірлейді және оның атқарылуын қамтамасыз етеді;
тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы жергілікті өкілді органның шешімдерін іске асыру туралы қаулы қабылдайды;

жергілікті атқарушы органның орта мерзімді фискальдық саясатын бекітеді;
экономикалық, бюджеттік жоспарлау, бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарды құрады;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауданның (аудандық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын белгілейді;

осы Кодекспен көзделген жағдайларда тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржы жоспарын бекітеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-тарау. Бюджет комиссиялары

65-бап. Бюджет комиссиялары туралы негізгі ережелер

1. Бюджет комиссиясы - бюджет жобасын уақтылы және сапалы әзірлеу мен бюджетті нақтылау және атқару жөнінде ұсыныстар жасауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын комиссия.

2. Бюджет комиссиялары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Кодекс, Қазақстан Республикасының заң және өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

3. Республикалық бюджет комиссиясы және облыстардың, республикалық маңызы

68-бап. Бюджетті жоспарлау туралы жалпы ережелер

1. Бюджетті жоспарлау жоспарланып отырған кезеңге арналған бюджет түсімдерінің көлемін және олардың басымдығын ескере отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттеріне сәйкес оларды пайдалану бағыттарын белгілеу жөніндегі шешімдерді әзірлеу процесі болып табылады.

2. Бюджет бір қаржы жылына жоспарланады. Кезекті қаржы жылына арналған бюджеттің жобасымен бір мезгілде бюджеттің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамы жасалады.

3. Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

69-бап. Бюджетті жоспарлау қағидаттары

Мыналар бюджетті жоспарлаудың негізгі қағидаттары болып табылады:
сабақтастық қағидаты - бюджетті алдыңғы кезеңде негізге алынған орта мерзімді фискальдық саясат бағыттарын сақтап, өткен және ағымдағы жылдардың бюджетінің атқарылу нәтижелерін ескере отырып жоспарлау;

басымдық қағидаты - бюджетті алдағы орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарын сақтай отырып жоспарлау;

негізділік қағидаты - бюджетті бюджет жобасына белгілі бір немесе өзге де түсімдерді немесе шығыстарды енгізу қажеттігін және олардың көлемдерінің дұрыстығын айқындайтын нормативтік құқықтық актілер мен басқа да құжаттар негізінде жоспарлау.

70-бап. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискальдық саясатты белгілеу

1. Орта мерзімді фискальдық саясат алдағы үш жылдық кезеңге арналған салық-бюджет саясатын белгілейтін құжат болып табылады, соның ішінде:

мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамдық көрсеткіштері;

бюджеттік бағдарламалардың өткен кезеңнің ішінде іске асырылу тиімділігін бағалау нәтижелері;

бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары;
республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын іске асырудың бюджеттік тетіктері мен тәсілдері;

бюджетаралық қатынастардың даму бағыттары;
мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясат;

мүмкін болатын фискальдық тәуекелдер.

2. Орта мерзімді фискальдық саясат республиканың немесе өңірдің орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары негізінде, өткен қаржы жылы бекітілген орта

мерзімді фискальдық саясатты, өткен қаржы жылы ішінде бюджеттің атқарылуын талдау мен бағалауды ескере отырып, оның негізгі бағыттарын жыл сайын түзетумен үш жылдық кезеңге әзірленеді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискальдық саясатын Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін бекітеді және жариялануға тиіс.

Жергілікті атқарушы органның алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискальдық саясатын жергілікті атқарушы органдар ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін бекітеді және жариялануға тиіс.

4. Орта мерзімді фискальдық саясатты әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

71-бап. Нақты нормалар

1. Нақты нормалар - қажетті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді тұтынудың немесе пайдаланудың ең төмен заттай көрсеткіштері. Нақты нормалар бюджетті жоспарлау және атқару кезінде міндетті болып табылады.

2. Нақты нормаларды орталық мемлекеттік органдар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Орталық мемлекеттік органдар республикалық бюджеттің және республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды көрсеткіштерін ескере отырып, республикалық бюджет комиссиясының қарауына нақты нормаларды өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

12-тарау. Бюджеттердің жобаларын әзірлеу

72-бап. Бюджет түсімдерін болжау

1. Бюджет түсімдерін болжауды республиканың немесе өңірдің орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары және алдағы үш жылдық мерзімге арналған орта мерзімді фискальдық саясат негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бюджетке түсетін түсімдер көрінуіне тек Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

Бұл ретте шығыстарда бюджеттік бағдарлама алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) құнына тең көлемде көзделуге тиіс.

3. Бюджет түсімдерін болжау әдістемесін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

4. Бюджет түсімдерінің алдағы қаржы жылына арналған болжамды көрсеткіштерін бюджет комиссиясы қарап мақұлдайды.

73-бап. Бюджет шығыстарының лимиттерін белгілеу

1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган орта мерзімді фискальдық саясат негізінде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының лимиттерін қалыптастырады.

2. Бюджет шығыстарының лимиттерін бюджет комиссиясы қарап мақұлдайды.

3. Ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған шығыстар лимиттерін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне және бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстар лимиттерін бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іріктеу үшін экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жеткізуді бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

74-бап. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдер жасауы

1. Бюджеттік өтінім бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті әзірлеу кезінде бюджеттік бағдарламалардың қажеттігін негіздеу және оларды қаржыландыру сомасын айқындау үшін жыл сайын жасап ұсынатын, алдағы қаржы жылы мен үш жылдық кезеңге арнап табыс ететін құжаттардың жиынтығы болып табылады.

2. Б ю д ж е т т і к ө т і н і м :
б і р ы ң ғ а й б ю д ж е т ж і к т е м е с і ;
б ю д ж е т ш ы ғы с т а р ы н ы ң л и м и т т е р і ;

өткен қаржы жылы бюджет комиссиясы мақұлдаған үш жылдық кезеңге арналған б ю д ж е т т і к ө т і н і м ;

республиканың немесе өңірдің орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары және орта мерзімді фискальдық саясат;

басым бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) тізбесі негізінде ж а с а л а д ы .

3. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі жыл сайын тек бір ғана бюджеттік өтінім ж а с а й д ы .

4. Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік өтінімі:

бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін және олар бойынша ш ы ғы с т а р с о м а с ы н ;

бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазбаны;

бюджеттік өтінімге енгізілген бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) п а с п о р т ы н ы ң ж о б а с ы н ;

пайда болудың негізгі себептерін көрсетіп, кредиторлық берешектің жалпы сомасын жылдар бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша кредиторлық берешек туралы ақпаратты;

пайда болудың негізгі себептерін көрсетіп, дебитор берешектің жалпы сомасын жылдар бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша дебиторлық берешек туралы ақпаратты;

жұмсалу бағыттары бойынша кепілдіктер сомасын міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және

пайдаланылған кепілдіктер туралы ақпаратты;
бюджеттік өтінімге енгізілген бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстар есептемесін қамтиды;
б а с қ а а қ п а р а т т ы .

Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының тиісті қаржы жылына арналған болжамы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жасалып, бюджеттік өтініммен бірге табыс етіледі.

5. Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі белгіленген нысан бойынша өткен жылғы есептік деректерді, ағымдағы жылға арналған жоспарлы көрсеткіштерді және алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерді көрсете отырып, алдағы үш жылдық кезеңге әкімші жоспарлап отырған бюджеттік бағдарламаларды айқындайды.

6. Бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазба жоспарланып отырған бюджеттік бағдарламаның қысқаша сипаттамасын айқындайды, оның мәнін, республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қажеттігі мен рөлін, өткен жылғы бюджеттік өтінімнен ауытқу себептерін ашып көрсетеді.

7. Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) паспортының жобасы бюджеттік бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін, нормативтік-құқықтық негіздемесін, болжалды күтілетін нәтижелерін, іс-шараларын, жауапты орындаушыларын, орындау мерзімдерін, ұлттық валютамен көрсетілген құнын, қаржыландыру көздерін белгілейді.

8. Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстардың есептемесі белгіленген нақты нормаларды ескере отырып айқындалатын бюджеттік бағдарламалардың сандық және құндық көрсеткіштерін ашып көрсетеді.

9. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік кредит беру жолымен іске асыруды ұсынған жағдайда, осы бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік өтінім қосымша құжаттарды, оның ішінде инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) дайындау мен іріктеу кезінде қалыптастырылған мынадай құжаттарды:

1) бюджеттік кредит берудің мақсатына, қағидаттарына, өлшемдеріне бағыттарына бюджеттік бағдарламаның сәйкестігі негіздемесін қоса алғанда, бюджеттік бағдарламаны бюджеттік кредит беру арқылы іске асыру орындылығының негіздемесін;

2) бюджеттік кредит беру объектілеріне және/немесе бағыттарына қажеттілік негіздемесін;

3) бюджеттік кредиттер шарттарының негіздемесін;

4) бюджеттік кредит берудің өтелімділік есебін;

5) еңбекке тартылған жағдайда, сенімгерлердің (агенттердің) қызметіне ақы төлеу

мөлшерінің негіздемесін қамтуға тиіс.

10. Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

75-бап. Бюджеттік өтінімдерді қарау

1. Бюджеттік өтінімдерді бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қарап, оларға бағалау жүргізеді және олар бойынша тиісті қорытынды дайындайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жоспарланып отырған бюджет бағдарламаларының тиімділігін бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізеді.

2. Бюджет комиссиясы бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысын қарап, олар бойынша шешім қабылдайды.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның арасындағы келіспеушіліктерді бюджет комиссиясы қарайды.

4. Бюджет комиссиясы бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті шешім қабылдағаннан кейін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қосымша өтінімдері қаралмайды.

76-бап. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеу

1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет комиссиясы қабылдаған шешімдер негізінде алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкілікті нұсқасын жасап, оны республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

2. Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкілікті нұсқасын қарау және айқындау жоспарланып отырған қаржы жылының алдындағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей аяқталады.

3. Заң жобасының мәтіні мыналарды:

1) алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет кірістерінің, шығындарының, операциялық сальдосының, таза бюджет кредитін беру, қаржы активтерімен жүргізілетін операцияларының, тапшылығының (профицитінің), тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) көлемдерін;

2) айлық жалақының, зейнетақы мен айлық есептік көрсеткіштің ең төмен мөлшерін ;

3) жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке алулар мөлшерін;

4) республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемдерін ;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві мөлшерін;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бойынша міндеттемелерді орындау сомасын ;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктер беру лимитін;

8) үкіметтік борыш лимитін;

9) басқа да ережелерді қамтуға тиіс.

4. Республикалық бюджет туралы заң жобасына мыналар қоса тіркеледі:

1) осы Кодексте белгіленген құрылым бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасы. Бұл ретте түсімдер -санаттар, сыныптар және ішкі сыныптар бойынша, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша баяндалады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады;

2) республикалық бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдер көлемі;

3) мемлекеттік меншікте тұрған, кен өндіруші және өңдеуші салаларға жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер көлемі;

4) жергілікті бюджеттердің әлеуметтік маңызды бағдарламаларға арналған шығыстарының ең төмен көлемдері;

5) республикалық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының бюджеттік инвестициялық жобалар мен бағдарламаларға бөлінген тізбесі;

6) республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізбесі;

7) басқа да деректер.

5. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің бекітілетін тапшылығының (профицитінің) мөлшері ақшалай түрде және жалпы ішкі өнімге процент есебінен көрсетіледі.

6. Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы жылғы 15 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға табыс етеді.

7. Орталық мемлекеттік органдар алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік және республикалық бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін ескере отырып, атқарылуы бюджет қаражатының қосымша жұмсалыуына әкеп соғатын қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізеді және олардың күшін жою, тоқтата тұру немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді.

77-бап. Тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу

1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясы қабылдаған шешімдер негізінде алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті жобасының түпкілікті нұсқасын жасап, оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының

қ а р а у ы н а

е н г і з е д і .

2. Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті жобасының түпкілікті нұсқасын қарау және айқындау жоспарланып отырған қаржы жылының алдындағы жылғы 15 қыркүйектен кешіктірілмей аяқталады.

3. Тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасы мыналарды:

1) алдағы қаржы жылына арналған бюджет кірістерінің, шығындарының, операциялық сальдосының таза бюджет кредитін беру, қаржы активтерімен жүргізілетін операцияларының, тапшылық (профицит), тапшылықты қаржыландыру (профицитті пайдалану) көлемдерін;

2) облыстық бюджеттен бар аудандардың (облыстық маңызы қалалардың) бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемдерін және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен облыстық бюджетке алулар мөлшерін;

3) жергілікті атқарушы органның резерві мөлшерін;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының тиісті қаржы жылының аяғына шаққандағы борыш лимитін;

5) басқа да ережелерді қамтуға тиіс.

4. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті туралы шешім жобасына мыналар қоса тіркеледі:

1) осы Кодексте белгіленген құрылым бойынша тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасы. Бұл ретте түсімдер - санаттар, сыныптар және ішкі сыныптар бойынша, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша баяндалады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады;

2) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің бюджеттік даму бағдарламаларының бюджеттік инвестициялық жобалар мен бағдарламаларға бөлінген тізбесі;

3) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, соның ішінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізбесі;

4) қаладағы әрбір ауданның бюджеттік бағдарламалары;

5) басқа да деректер.

5. Облыстық бюджеттердің республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің бекітілетін тапшылығының (профицитінің) мөлшері тиісті қаржы жылы ішінде ақшалай түрде көрсетіледі.

6. Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті

уәкілетті орган ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына қарауға табыс етеді.

78-бап. Тиісті қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу

1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы қабылдаған шешімдер негізінде алдағы қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті жобасының түпкілікті нұсқасын жасап, оны ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

2. Алдағы қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті жобасының түпкілікті нұсқасын қарау және айқындау жоспарланып отырған қаржы жылының алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірілмей аяқталады.

3. Шешім жобасының мәтіні:

1) алдағы қаржы жылына арналған бюджет кірістерінің, шығындарының, операциялық сальдосының, таза бюджет кредитін беру, қаржы активтерімен жүргізілетін операцияларының сальдосын тапшылықты қаржыландыру (профицитті пайдалану) көлемдерін;

2) жергілікті атқарушы органның резерві мөлшерін;

3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен облыстық бюджетке алулар мөлшерін;

4) басқа да ережелерді қамтуға тиіс.

4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы шешім жобасына мыналар қоса тіркеледі:

1) осы Кодексте белгіленген құрылым бойынша тиісті қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасы. Бұл ретте түсімдер - санаттар, сыныптар және ішкі сыныптар бойынша, ал шығыстар функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша баяндалады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі жалпы сомамен ұсынылады;

2) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің бюджеттік даму бағдарламаларының бюджеттік инвестициялық жобалар мен бағдарламаларға бөлінген тізбесі;

3) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын, соның ішінде тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің бекітілгені туралы облыстық мәслихаттың шешімімен белгіленген жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізбесі;

4) аудандық маңызы бар әрбір қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтың бюджеттік бағдарламалары;

5) басқа да деректер.

5. Тиісті қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің бекітілетін тапшылығының (профицитінің) мөлшері ақшалай түрде көрсетіледі.

6. Алдағы қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасын бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ағымдағы жылғы 15 қазаннан кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына қарауға табыс етеді.

13-тарау. Бюджет жобасын қарау және бекіту процесінің негізгі ережелері

79-бап. Республикалық бюджет жобасын қарау және бекіту туралы жалпы ережелер

1. Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Парламентіне жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылғы қыркүйектің 1-інен кешіктірмей е н г і з е д і .

Қазақстан Республикасының Үкіметі алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасымен бір мезгілде алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын, орта мерзімді фискальдық саясатын, республикалық бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жобаларын және алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасына салынған шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны табыс е т е д і .

2. Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті бекіту Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында екі оқылымда және ағымдағы жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірілмей жасалады.

3. Қазақстан Республикасының Парламенті ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды қабылдамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Президенті алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржылық жоспар туралы жарлық шығаруға құқылы, ол республикалық бюджетті Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткенге дейін қолданылады.

Алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржылық жоспар ағымдағы жылғы 30 желтоқсаннан кешіктірілмей алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының төрттен бір көлемінде бекітіледі.

Республикалық қаржылық жоспардың атқарылуы осы Кодексте белгіленген т ә р т і п п е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4. Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржылық жоспар бекітілген жағдайда осы қаржы жылына арналған республикалық бюджет сол жылғы 1 наурыздан кешіктірілмей бекітілуге тиіс.

80-бап. Жергілікті бюджет жобасын қарау және бекіту туралы жалпы ережелер

1. Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,

астананың жергілікті атқарушы органы жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылғы қазанның 15-інен кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді.

Алдағы қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылғы қарашаның 1-інен кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді.

Жергілікті атқарушы орган алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жобасымен бір мезгілде алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын, орта мерзімді фискальдық саясатын, жергілікті бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жобаларын және алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жобасына салынған шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны табыс етеді.

2. Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті Қазақстан Республикасының Президенті тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға қол қойғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей бекітіледі.

Алдағы қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетті бекіту туралы облыстық мәслихаттың шешіміне қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей бекітіледі.

3. Мәслихат осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімді қабылдамаған жағдайда, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің жергілікті атқарушы органы алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржылық жоспар туралы шешім шығаруға құқылы, ол жергілікті бюджетті мәслихат бекіткенге дейін қолданылады.

Алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржылық жоспар ағымдағы жылғы 30 желтоқсаннан кешіктірілмей алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджет жобасының төрттен бір көлемінде бекітіледі.

Жергілікті қаржылық жоспардың атқарылуы осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржылық жоспар бекітілген жағдайда осы қаржы жылына арналған жергілікті бюджет сол жылғы 1 наурыздан кешіктірілмей бекітілуге тиіс.

5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары аудандық (қалалық) мәслихаттар аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерін бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін бір апта мерзімде бекітілген жергілікті бюджеттер негізінде жиынтықталған облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын бюджеттік

инвестициялық жобалар мен бағдарламалардың тізбесін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етеді.

81-бап. Өкілді органдардың бюджет жобасын қарауының негізгі қағидаттары

1. Өкілді органдар бюджет жобасын қараған кезде мынадай қағидаттарды:

1) негізділік қағидатын;

2) бюджеттің теңгерімділігін сақтау қағидатын ұстанады.

2. Негізділік қағидаты депутаттардың бюджет жобасына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы кез келген ұсыныстары осы түзетулердің тиімділігі, лайықтылығы, олардың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкестігі жөніндегі жазбаша негіздемемен және оларға жасалған есептермен, сондай-ақ ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулардың жалпы мемлекеттің немесе жеке өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізетін әсеріне баға берумен қабаттас болуға тиіс екендігін білдіреді.

3. Бюджеттің теңгерімділігін сақтау қағидаты депутаттар бюджет жобасына кез келген өзгеріс пен толықтыру енгізген кезде бюджет тапшылығының мөлшерін бюджет жобасында белгіленген деңгейден асырмай сақтау үшін негізді түрде қосымша түсім көздері не қысқартылатын шығыстар айқындалуға тиіс екендігін білдіреді.

14-тарау. Республикалық бюджет жобасын Қазақстан Республикасының Парламентінде қарау және бекіту процесі

82-бап. Республикалық бюджет жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінде қарау

1. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен Сенатының жалпы отырыстарында талқылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті тұлғасының (тұлғаларының) Қазақстан Республикасының орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы бойынша, орта мерзімді фискальдық саясат және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының ақша-кредит саясаты бойынша баяндамаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары уәкілеттік берген тұлғаларының заң жобасы бойынша қорытынды жасайтын баяндамаларын қамтиды.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары жалпы отырыстарында алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшыларын тыңдауға құқылы.

3. Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында екі оқылымда қаралады.

Бірінші оқылымда республикалық бюджет кірістерінің, шығындарының,

операциялық сальдосының, таза кредит беру, қаржы активтерімен жүргізілетін операцияларының, тапшылығының (профициттің), тапшылығын қаржыландырудың (профицитті пайдалану) жалпы көлемдері бекітіледі.

Екінші оқылымда тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы баптар бойынша бекітіледі.

83-бап. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті бекіту

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеті бекіту заңды Қазақстан Республикасы Парламенті қос Палатасының бірлескен отырыстарында мақұлдаған редакциясында қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

15-тарау. Жергілікті бюджет жобасын мәслихатта қарау және бекіту процесі

84-бап. Жергілікті бюджет жобасын мәслихаттың тұрақты комиссияларында қарау

1. Жергілікті бюджет жобасы тиісті мәслихаттың тұрақты комиссияларында қ а р а л а д ы .

2. Тиісті мәслихаттың тұрақты комиссиялары комиссия мүшелері арасынан жұмыс топтарын құрады. Жұмыс топтарына жергілікті уәкілетті органдардың өкілдері т а р т ы л у ы м ү м к і н .

3. Тұрақты комиссиялар жұмыс топтарының пікірлерін ескерумен қатар, тиісті негіздемелер мен есептерді қоса отырып, жергілікті бюджет жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар жасайды және оларды тиісті мәслихат белгілеген бас тұрақты комиссияға жібереді.

4. Бас тұрақты комиссия басқа тұрақты комиссиялардан түскен ұсыныстардың жиынтығын жасап, оны мәслихаттың сессиясына шығарады.

Бұл ретте жиынтыққа тек тиісті негіздемелері мен есептері бар ұсыныстар ғана е н г і з і л е д і .

5. Тиісті мәслихаттың сессиясында жергілікті бюджет жобасын талқылау тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс әкімінің, жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген тұлғасының (тұлғаларының) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліндісінің орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы бойынша, орта мерзімді фискальдық саясат және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жобасы бойынша баяндамаларын, сондай-ақ мәслихат уәкілеттік берген адамдарының заң жобасы бойынша қорытынды жасайтын баяндамаларын қамтиды.

6. Мәслихат сессияда алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджет бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшыларын тыңдауға құқылы.

85-бап. Жергілікті бюджетті мәслихатта бекіту

Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту мәслихат шешімін мәслихат депутаттарының көпшілік даусымен мәслихат сессиясында мақұлданған редакциясында қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

5-бөлім. Бюджеттердің атқарылуы және нақтылануы

16-тарау. Бюджеттің атқарылуы туралы жалпы ережелер

86-бап. Бюджеттің атқарылуы туралы жалпы ережелер

1. Бюджетке түсімдердің түсуін қамтамасыз ету, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау бюджеттің атқарылуы болып табылады.

2. Бюджеттің атқарылуы ағымдағы қаржы жылғы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанында аяқталады.

3. Осы кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджеттің атқарылуы кассалық негізде жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді.

5. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттердің атқарылуын қамтамасыз етеді. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Кодекске сәйкес жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет етуді жүзеге асырады.

87-бап. Бюджеттің атқарылу қағидаттары

1. Бюджет қаражатын нысаналы пайдалану қағидаты - бюджет қаражатын тек бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында және бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларында белгіленген мақсаттарға ғана пайдалану.

2. Уақтылық қағидаты - бюджетке түсетін түсімдерді есепке алу және бюджет қаражатын белгіленген мерзімде пайдалану.

3. Бюджеттің бір қалыпты атқарылу қағидаты - қаржы жылының аяғына таман төлемдер көлемінің шамадан тыс қорлануына жол бермеу мақсатында бюджет қаражатын қаржы жылы процесінде бір қалыпты бөлу.

4. Кассаның бірыңғайлық қағидаты - түсімдердің барлығын бірыңғай қазынашылық шотқа есепке алу және көзделген шығыстардың барлығын бірыңғай қазынашылық шоттан ұлттық валютамен жүзеге асыру. Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің барлық деңгейдегі бюджеттері кассаның бірыңғайлық қағидаты негізінде атқарылады.

88-бап. Бірыңғай қазынашылық шот

1. Бірыңғай қазынашылық шот - аударым операцияларын және олардың есебін жүргізуді орталықтандырып жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне ашылатын шот.

2. Бірыңғай қазынашылық шот қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражат қалдықтарын, мемлекеттік мекемелер шоттарын және басқа да шоттарды қамтиды.

Қолма-қол ақшаны бақылау шоты түскен түсімдер мен бюджеттің тиісті деңгейінен төленген төлемдер бойынша операцияларды есепке алуға арналған.

Мемлекеттік мекеме шоттары Қазақстан Республикасының виза актілерінде рұқсат етілген бюджеттік шығыстар мен өзге де қаражатты есепке алуға арналған.

3. Шетел валютасымен түсетін түсімдер бойынша операцияларды жүзеге асыру және олардың есебін жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде шетел валютасының түрлері бойынша

4. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражатын банк шоттарына орналастыруға жол берілмейді.

89-бап. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру

1. Мемлекеттік органдарды қоспағанда, мемлекеттік мекемелер республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен және осы Кодексте көзделген жағдайларда өзге де қаражат есебінен қаржыландырылады.

2. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерді республикалық бюджеттен қаржыландыруға жол берілмейді.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерді жергілікті бюджеттен қаржыландыруға жол берілмейді.

Мемлекеттік мекемелерді екі және одан көп жергілікті бюджеттен қаржыландыруға ж о л б е р і л м е й д і .

3. Бір мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспары есебінен басқа мемлекеттік мекеменің қаржыландыруына жол берілмейді.

4. Мемлекеттік органдар қатаң түрде тиісті бюджет қаражаты есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

5. Осы Кодекстің мемлекеттік мекемелерге қатысты ережелері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды.

90-бап. Мемлекеттік мекемелердің шоттары

1. Мемлекеттік мекемелердің мынадай шоттары болуы мүмкін:
бюджеттік шоты - бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу үшін ашылатын шот;

тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) есепке алуға арналған шот - тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын, мемлекеттік мекемелер иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарын есепке алу үшін а ш ы л а т ы н ш о т ;

спонсорлық және қайырымдылық көмек шоты - заң актілеріне сәйкес заңды және жеке тұлғалардан қайырымдылық және демеушілік көмек ретінде алынатын, ұлттық және шетел валютасымен де түсетін ақша түсімі мен шығысын есепке алу үшін а ш ы л а т ы н ш о т ;

депозиттік шот - мемлекеттік мекеменің уақытша иелігіне түсетін және белгілі бір жағдайлар болып қалған кезде, заң актілеріне сәйкес өзге мақсаттарға жұмсау құқығынсыз, салушыларға қайтарылуға немесе бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аударылуға жататын ақшаны есепке алу үшін ашылатын шот;

бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шоты - үкіметтік сыртқы қарыз немесе гранттың аванстық төлемдері арқылы қайталанатын, қарыз немесе грант туралы халықаралық шартта ескерілген шетел валютасымен ашылған шот. Арнайы шотты бюджет бағдарламасы әкімшісі үкіметтік сыртқы қарыз

грант есебінен қарыз немесе грант туралы халықаралық шартқа сәйкес тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сатып алуға және бюджеттік инвестициялық жобаға немесе бағдарламаға әкімшілік етуге шығарылған шығыстардың үлесін толтыру үшін аш а д ы ;

бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына ұлттық валютасымен төлемдер жасау үшін ашылған шот;

қолма қол ақша алуға арналған шот - қолма қол ақша алу үшін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылатын шот;

бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылған шоты - үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен берілген кредит бойынша негізгі борышты өтеу шотына қарызшылар қайтаратын ақшаны есептеу мен пайдалану үшін бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде бюджетті атқару жөніндегі орталық атқарушы органға ашылатын шот;

шетел валютасымен операциялар жүргізуге арналған шетел валютасындағы шот; нысаналы қаржыландыру шоты - ерекше шығыстар жасауға ақшаны есептеу мен жұмсау үшін республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемеге аш ы л а т ы н ш о т .

2. Мемлекеттік мекемелердің шоттары тек бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ғана ашылады. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен белгіленген банк заңнамасына сәйкес шоттарды екінші деңгейдегі банктерде ашуға болады.

91-бап. Бюджет қаражатының қалдықтары

1. Бюджет қаражатының қалдықтары - есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша пайдаланылмай қалған бюджет қаражаты.

2. Уақытша бос бюджет ақшасы - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде іске қосылмаған, бірыңғай қазынашылық шотта жатқан бюджет қаражаты.

3. Уақытша бос бюджет ақшасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) орналастыра алады. Уақытша бос бюджет ақшасын салымдарға (депозиттерге) орналастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Бюджет қаражатының бос қалдықтары - өткен қаржы жылынан кейінгі қаңтардың 1-індегі жағдай бойынша өткен қаржы жылы бюджетінің атқарылу қорытындылары бойынша пайдаланылмай қалған бюджет қаражаты.

5. Жергілікті бюджеттердің бюджет қаражатының бос қалдықтары жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жатпайды.

6. Бюджет қаражатының бос қалдықтарын ағымдағы жылдың шығыстары бойынша жоспарлық тағайындалымдарды ұлғайтуға мынадай дәйектілікпен жұмсауға болады:

1) өткен жылғы бюджетте бекітілген бюджеттік инвестициялық жобаның қаржыландырылуын аяқтауға, ағымдағы жылдың бюджетін Қазақстан

Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтыламай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысы негізінде бекітілген жылдық көлемінің 10 процентінен аспайтын сомаға. Мұндай шығыстар ағымдағы жылдың шығыстары болып табылады;

2) ағымдағы жылдың бюджетін Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтыламай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысы негізінде алынған қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге ;

3) ағымдағы жылдың бюджетін Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтылау арқылы мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін өтеуге ;

4) ағымдағы жылдың бюджетін Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтылау арқылы ағымдағы бюджеттік бағдарламалардың қаржыландырылуын қамтамасыз етуге;

5) ағымдағы жылдың бюджетін Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтылау арқылы басқа да шығыстарға.

7. Бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы - бюджет қаражатының бос қалдықтары мен есептік кезеңнің аяғына шаққандағы бюджет қаражаты арасындағы айырма.

17-тарау. Бюджеттің атқарылу негізі

92-бап. Бюджеттің атқарылу негізі болып табылатын құжаттар

М ы н а л а р :

1) о с ы К о д е к с ;

2) республикалық бюджет туралы заң және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдері;

3) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдарының қаулылары;

4) республикалық немесе жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның ағымдағы жылы қ а б ы л д а й т ы н ш е ш і м д е р і ;

5) бюджеттік бағдарламалардың паспорттары;

6) жылдық қаржыландыру жоспары;

7) түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары;

8) осы Кодекске сәйкес бюджеттің атқарылу тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілер бюджеттің атқарылу негізі болып табылады.

93-бап. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды және жергілікті бюджет туралы мәслихаттар шешімдерін іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының қаулылары

1. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы жоспарланған жылдың алдындағы жылғы 20 желтоқсанға дейін қабылданады.

Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысы мәслихат жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін екі апталық мерзімде қабылданады.

2. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру жөнінде - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру жөнінде жергілікті атқарушы органның қаулысы қаржы жылы басталғанға дейін қабылданып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне, бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға республикалық немесе жергілікті бюджеттің уақтылы атқарылуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды көздейді.

Қаулыға мыналар қоса тіркеледі:

осы Кодексте белгіленген құрылым бойынша бекітілген республикалық немесе жергілікті бюджет. Бұл ретте түсімдер - ерекшеліктер деңгейіне дейін, ал бюджеттік бағдарламалар кіші бағдарламаларға бөлініп ұсынылады. "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі ашық түрде келтіріледі;

республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыруға қажетті басқа да деректер немесе көрсеткіштер, оларды белгілеу Қазақстан Республикасы Үкіметіне немесе жергілікті атқарушы о р г а н ғ а жүктелген.

3. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру жөнінде - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті бюджет туралы мәслихаттар шешімін іске асыру жөнінде жергілікті атқарушы органдардың қаулысын әзірлеуді заңдарда белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.

94-бап. Бюджеттік бағдарламалар паспорттары

1. Тиісті қаржы жылына республикалық бюджеттік бағдарламалар паспорттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі жоспарланатын жылдың алдындағы жылғы 20 желтоқсанныан кешіктірмей бекітеді.

Тиісті қаржы жылына жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджетті мәслихат бекіткеннен кейін екі апталық мерзімде бекітеді.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар паспорттары бюджеттік өтінім құрамында ұсынылып отырған және бюджетті бекіткен (нақтылаған, түзетулер енгізген) кезде қабылданған шешімдерді ескеріп, бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік бағдарлама паспорты негізінде жасалады.

3. Бюджеттік бағдарлама паспорттарына өзгерістер мынадай жағдайларда енгізіледі

:

б ю д ж е т т і н а қ т ы л а у ;

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдарының қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің паспорттары мемлекеттік құпиялар туралы заңнама нормалары сақталына отырып, белгіленген тәртіппен заңдық электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға тиіс.

95-бап. Жылдық қаржыландыру жоспары

1. Жылдық қаржыландыру жоспары - жылдық түсімдер көлемімен теңгерімделген, бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) жылдық қаржыландыру көлемдерін белгілейтін құжат.

2. Жылдық қаржыландыру жоспарын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әзірлеп және бекітіп, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жіберіледі.

3. Жылдық қаржыландыру жоспарын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

18-тарау. Бюджеттің атқарылу процесі

96-бап. Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы

1. Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның заңдарға сәйкес бюджетке түсетін түсімдердің толық және уақтылы есепке алынуын, оларды тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешімінде белгіленгеннен төмен емес мөлшерде қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар кешенін жүргізу болып табылады.

2. Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы мыналарды: түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа төлеу және есепке алуды; осы Кодекске сәйкес түсімдерді бюджеттер деңгейлері арасында бөлуді; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттен түсімдер сомасын қайтаруды не оларды салық берешегін өтеу есебіне есепке алуды қамтиды.

97-бап. Түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа төлеу және есепке алу

1. Бюджетке түсетін түсімдер ақшалай нысанда жүзеге асырылады және бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес толық көлемде бірыңғай қазынашылық шотқа есепке алынады.

2. Бюджетке шетел валютасымен түсетін түсімдер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен есепке алынады.

98-бап. Түсімдерді бюджеттер деңгейлері арасында бөлу

Түсімдерді бюджеттер деңгейлері арасында бөлуді осы Кодекске сәйкес әрбір жұмыс күні бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

99-бап. Бюджеттен түсімдер сомасын қайтару

Тиісті бюджеттен түсімдер сомасын қайтару не оларды салық берешегін өтеу есебіне есепке алу заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

100-бап. Бюджеттің шығыстар бойынша атқарылуы

1. Бюджеттің шығыстар бойынша атқарылуы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларды толық және уақтылы, тиісті қаржы жылына арналған не бюджетпен түзетілген республикалық бюджет туралы заңда және жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде бекітілгеннен аспайтын сома шегінде орындауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруы болып табылады.

2. Мыналар :

міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын жасау және бекіту;
түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау және бекіту;
мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауына рұқсаттар беру;
мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу;
төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру;
бюджет қаражатын игеру бюджет шығыстарының негізгі атқарылу кезеңдері болып табылады.

3. Бюджет қаражаты есебінен тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сатып алу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

101-бап. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары

1. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауының жеке бюджет шығыстарының экономикалық жіктемесі бойынша оларды атқару үшін төлемдер төлеуді жүзеге асыруының ай сайынғы кестесін айқындайтын құжаттар (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары).

2. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен әзірлейді.

3. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның республикалық бюджет туралы заңды немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулыға, жылдық қаржыландыру жоспарына, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік өтініміне,

бюджеттік бағдарлама паспортына, бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес әзірленеді

4. Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспарлары түсімдер мен қаржыландырудың тиісті жиынтық жоспарларын қалыптастыру үшін п а й д а л а н ы л а д ы .

5. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төлемдер төлеуді жүзеге асырудың ай сайынғы кестесіне түсімдердің болжалды көлемдерін ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің келісімімен өзгерістер енгізуге құқылы.

6. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру жоспарларын түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін бюджеттік бағдарламалар ә к і м ш і с і б е к і т е д і .

7. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарларын әзірлеу мен бекітуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарлары бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етіледі.

8. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспарына бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы бойынша, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдарының қаулысымен бекітілген жылдық сома шегінде, өз бетінше өзгерістер енгізуге құқылы.

Бұл ретте мынадай талаптар сақталуға тиіс:
бюджеттік бағдарлама паспортына сәйкес келу;
мемлекеттік мекемелердің қабылданған міндеттемелері орындалуын қамтамасыз е т у ;

мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегінің пайда болуына жол бермеу.

102-бап. Түсімдер және қаржыландырудың жиынтық жоспары

1. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары - бюджет түсімдерінің және бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) шығыстарын қаржыландырудың сыныптамасы бойынша бюджетке түсетін түсімдердің ай сайынғы теңгерімделген ж о с п а р ы н а й қ ы н д а й т ы н құ ж а т .

2. Жиынтық қаржыландыру жоспарындағы түсімдер және бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша жылдық сомалар бастапқы бекітілуі кезінде жылдық қаржыландыру жоспарына сәйкес келуі тиіс.

3. Түсімдер және қаржыландырудың жиынтық жоспары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бюджетке белгіленген төлемдер төлеу мерзімін , бюджетке алдыңғы жылдары түскен түсімдер динамикасын, мемлекеттік бағалы қағаздардың табыстылығын талдау динамикасын, бағалы қағаздар рыногындағы

сұраныс пен ұсыныс деңгейін, қарыздар мен гранттар туралы жасасылған келісімдер мен шарттардың талаптарын және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері әзірлеген бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын негізге ала отырып жасалады.

4. Міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларының негізінде міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары жасалады.

5. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жасап, бекітеді.

6. Жылдық сомаларды қоса алғанда, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

7. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етеді.

103-бап. Рұқсаттар беру

1. Рұқсат - бюджет қаражатының көлемін айқындайтын құжат, соның шектерінде мемлекеттік мекемелер міндеттемелер қабылдайды.

2. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге рұқсаттар береді.

3. Рұқсаттар ағымдағы қаржы жылының 31 қаңтарына дейін жарамды.

4. Рұқсаттар беру нысаны мен тәртібін бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

104-бап. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері

1. Мемлекеттік мекемелер тиісті қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспарларында бекітілген сомалар шегінде ғана міндеттемелер қабылдайды.

2. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері оларды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда міндетті тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді.

3. Бюджет қаражаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті уәкілетті органның резервінен бөлінген жағдайларды қоспағанда, ағымдағы қаржы жылғы 15 желтоқсаннан кейін мемлекеттік мекемелермен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасуға жол берілмейді.

4. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

105-бап. Төлемдерді және аударымдарды жүзеге асыру

1. Алдын ала ақы төлеу нысанындағы төлемдерді қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша төлемдер растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Бюджеттен төленетін төлем сомасы мемлекеттік мекемелер міндеттемелерінің сомасынан аспауы керек.

2. Растайтын құжаттар - тіркелген азаматтық-құқықтық мәміленің талаптарына немесе заң актіне сәйкес келетін тауарлар жеткізілген, жұмыстар орындалған немесе қызметтер көрсетілген фактің дәлелдейтін құжаттар.

3. Төлемдерді жүзеге асыру төлеуге берілетін шоттар мен төлем құжаттарын қ а м т и д ы .

Төлеуге берілетін шот - мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін орындағанын растайтын құжат, соның негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган төлемдерді жүзеге асырады .

Бюджеттік төлемдер тиісті бюджеттің бақылау шотында бар бюджет қаражатының қалдығы шегінде жүзеге асырылады .

Төлем құжаттарын ресімдеу, ұсыну және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының төлемдер және ақша аударымдары туралы заңдарымен белгіленеді.

4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган төлемдер жүргізген кезде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлеуге берілген шоттар мен төлем құ ж а т т а р ы н ы ң м ы н а л а р ғ а :

бюджеттік бағдарламалар паспорттарына;
бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) жоспарларына, жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкестігін тексеруден тұрады.

5. Төлемдер мен аударымдарды жүзеге асырған кезде бюджет қаражатының тиісті сомасы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның нұсқауы негізінде есептен шығарылып жоспарларына бюджеттік шотынан қабылданған міндеттемелермен белгіленетін бюджет қаражатын алушының шотына есептеледі.

6. Мемлекеттік мекеменің келісімінсіз оның шотынан ақшаны алып қою Қазақстан Республикасының төлемдер және ақша аударымдары туралы заңнамасы белгілеген т ә р т і п п е н жү р г і з і л е д і .

7. Мемлекеттік мекемелер осы Кодекстің және бюджеттің атқарылу тәртібін белгілейтін басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган олардың төлемдерін тоқтата тұруға қ ұ қ ы л ы .

8. Төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру тәсілдері Қазақстан Республикасының төлемдер және ақша аударымдары туралы заңнамасымен немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен белгіленеді.

9. Сыртқы экономикалық қызметке байланысты төлемдер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық

бағамы бойынша жүзеге асырылады.

10. Бюджетті атқару жөніндегі орталық өкілетті органның төлемдерді жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

106-бап. Бюджет қаражатын басқару

1. Бюджет ақшасын басқаруды бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Бюджет ақшасын басқару - бюджет түсімдерінің мерзімдерімен өзара байланыстыра отырып, төлемдердің уақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені.

3. Төлемдердің уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз ету үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган алдағы кезеңде бюджетке түсетін ақша түсімдерінің болжалды көлемдерін белгілейді.

4. Бюджетке түсетін ақша түсімдерінің болжалды көлемі тиісті кезеңде жеткіліксіз болған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган төлемдер жүргізу үшін қарыз алу жолымен ақша тарту процесін ұйымдастырады.

5. Бюджет ақшасын басқару Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

107-бап. Бюджет қаражатын игеру

1. Бюджет қаражатын игеру - бюджет қаражатын алушылардың оны бюджеттік бағдарлама паспортында, мемлекеттік мекемелер жасасқан және нормативтік құқықтық актілермен бекітілген азаматтық-құқықтық мәмілелерде көзделген мақсаттарға пайдалану; бұл ретте бюджеттік бағдарламаларды іске асыру осы мақсаттарға сәйкес жүргізіледі.

2. Мемлекеттік мекеменің өткен жылдардағы дебиторлық берешегі тиісті бюджет кірісіне қайтаруға тиіс.

3. Бюджеттік және экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар осы Кодексте көзделген есептер негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметіне немесе жергілікті атқарушы органға бюджетті нақтылау (түзету) туралы ұсыныстар беруге құқылы.

108-бап. Бюджет қаражатын игеру мониторингі

1. Бюджет қаражатын игеру мониторингін бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті органдар қаржыландыру жоспарларының жылдық сомасының ай сайын бөлінуін, қаржыландыру жоспарларына бюджеттік бағдарламалар әкімшілері енгізген өзгерістердің негізділігін талдау мен бағалау, қаржыландыру жоспарларының орындалмау себептерін анықтау, бюджеттік бағдарламалардың атқарылуы туралы есеп жасау арқылы жүзеге асырады.

2. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру барысында бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті органдар:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен әкімдіктерге - толық игерілмеу себептері

көрсетіле отырып және республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп негізінде бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі ұсыныстармен ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының толық игерілмеуі туралы;

республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бюджет қаражатын игеру қаржыландыру жоспарларынан кешеуілдеп жүріп жатқан бюджеттік бағдарламалар бойынша;

тиісті бюджет комиссияларына ағымдағы, сондай-ақ алдағы жоспарланып отырған қаржы жылдарындағы жекелеген бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша жылдың жоспарлы нысаналарды қайта қарау қажеттігі туралы ақпарат жібереді.

109-бап. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша бойынша орындау

1. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен операцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының түрлері бойынша жыл сайын жоспар жасайды.

2. Мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның келісімімен бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бекітеді.

3. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының бекітілген жоспарының қолданылуы ағымдағы қаржы жылғы 31 желтоқсанда тоқтатылады.

4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі тиісті бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын мемлекеттік мекемелер табыс еткен олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспары негізінде жасайды.

5. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сатып алу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу осы Кодекстің 104-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қаржы жылы ішінде мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарында көзделген сомалардан артық түскен кірістер ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын нақтылау кезінде ағымдағы қаржы жылы ж ұ м с а л у ы м ү м к і н .

8. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен жүргізілетін төлемдер мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны есепке алу үшін ашқан шотындағы нақты ақша көлемі шегінде жүзеге асырылады.

110-бап. Қаржы жылының аяқталуы

1. Ағымдағы қаржы жылының бюджет түсімдерін есепке алуға және бюджет төлемдерін жүзеге асыруға байланысты операциялардың барлығы ағымдағы қаржы жылғы 31 желтоқсанда аяқталады.

2. Бюджетке 31 желтоқсаннан кейін есепке алынған түсімдер жаңа қаржы жылының түсімдері болып есептеледі.

3. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, ағымдағы жылғы 31 желтоқсанға дейін қоса алғандағы жоспарлық тағайындалымдар қалдықтарының күші жойылады.

19-тарау. Бюджеттерді нақтылау және түзету процесінің негізгі ережелері

111-бап. Бюджетті нақтылау

Бюджетті нақтылау - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бюджет көрсеткіштерін өзгертулер.

М ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а :

1) бюджет түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін заң актілерін қабылдаған немесе өзгерткен жағдайда;

2) бюджеттің атқарылу барысында бюджет түсімдері олардың жылдық көлемінен 10 проценттен артық сомаға төмендеген жағдайда бюджетті нақтылау міндетті түрде жүргізіледі.

3. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде бекітілгеннен артық бюджеттен қосымша шығыстарды жүзеге асыруға бюджетті нақтылау кезінде ғана жол беріледі.

4. Республикалық немесе жергілікті бюджетті нақтылауға бірінші жарты жылдықтың қорытындылары бойынша бюджеттің кірістері жөніндегі жылдық жоспар кем дегенде 30 процентке орындалған және қаржы жылының үш тоқсанының

қорытындылары бойынша 80 проценттен асып түскен жағдайда жол беріледі.

5. Республикалық немесе жергілікті бюджетті нақтылау осы Кодексте көзделген басқа да жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін.

112-бап. Бюджетті нақтылау қағидаттары

Бюджетті нақтылау кезінде мынадай қағидаттар сақталады:

1) уақтылық қағидаты - бюджетке нақтылауды бюджеттік бағдарламаларды тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін мерзімдерде жүргізу;

2) негізділік қағидаты - енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулардың қажеттігін нормативтік құқықтық актілермен, тиісті есептермен және басқа да құжаттармен дәлелдеу;

3) тепе-теңдікті сақтау қағидаты - депутаттардың республикалық бюджет туралы заңға немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын немесе мәслихат шешімін ескере отырып, республикалық бюджет туралы заңда немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен белгіленгендегіден аспайтын бюджет тапшылығының көлемін сақтау үшін түсімдердің қосымша көздерін не қысқартылатын шығыстарды негіздей және белгілей отырып кез келген өзгерістер мен толықтырулар енгізуі.

113-бап. Секвестр

1. Секвестр - бюджет қаражатын жұмсауға белгілі бір шектерде тыйым салуды көздейтін арнайы тетік, ол бюджеттің атқарылу кезінде бекітілген бюджет түсімдері қысқартылып, соның нәтижесінде бекітілген бюджеттік бағдарламалардың толық көлемде қаржыландырылуы мүмкін болмайтын жағдайда енгізіледі.

2. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі белгіленеді.

3. Бюджеттік бағдарламаларды олардың бекітілген жылдық көлемінің 10 процентінен кем сомаға секвестрлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен, ал 10 проценттен артық сомаға - заң немесе мәслихаттың шешімі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Бюджеттік бағдарламалар қысқартылған жағдайда олардың басымдығы мен әлеуметтік бағыттылығы ескеріледі.

5. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін өзгерту және толықтыру туралы заң жобасы немесе мәслихаттың шешімі Қазақстан Республикасының Парламентіне немесе мәслихатқа енгізілген жағдайда бюджет атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган секвестрлеу белгіленген бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төлемдерді жүзеге асыруды тоқтата тұруға құқылы.

6. Бюджетті секвестрлеу кезінде бюджет қаражаты есебінен жасалған

азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша пайда болған қатынастарды реттеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

20-тарау. Бюджеттерді нақтылау және түзету процесі

114-бап. Республикалық бюджетті нақтылау

1. Республикалық бюджетті нақтылау заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсыныстары немесе басқа да заң шығару бастамалары негізінде жүзеге асырылады.

2. Республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды республикалық бюджет комиссиясы қарайды.

3. Республикалық бюджетті нақтылау кезінде мемлекеттік органдарға республикалық бюджетті әзірлеген кезде қойылатын талаптар сақталады.

115-бап. Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін нақтылау

1. Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін оның атқарылу барысында нақтылау осы Кодекске сәйкес тиісті жергілікті атқарушы органның ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

2. Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін нақтылау жөніндегі ұсыныстарды тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

3. Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін нақтылау кезінде атқарушы органдарға облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін әзірлеген кезде қойылатын талаптар сақталады.

4. Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін нақтылау тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылауға байланысты жүргізілген жағдайда, мәслихаттың тиісті шешімі Қазақстан Республикасының Президенті тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заңға қол қойғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

116-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау

1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін оның атқарылу барысында нақтылау осы Кодекске сәйкес тиісті жергілікті атқарушы органның ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау жөніндегі ұсыныстарды тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

3. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау кезінде атқарушы органдарға ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін әзірлеген кезде қойылатын талаптар сақталады.

4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін бюджет заңдарына сәйкес облыстық бюджет пен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеті арасында бөлінетін түсімдер бойынша нақтылау облыстың бюджеттік жоспарлау

жөніндегі уәкілетті органның келісімімен жүргізіледі.

5. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетті нақтылауға байланысты жүргізілген жағдайда, мәслихаттың тиісті шешімі тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджет туралы мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімге қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

117-бап. Бюджеттерді түзету

1. Бюджетті түзету - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы, Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтылау жүргізбей, бюджет көрсеткіштерін өзгерту

2. Мынадай жағдайларда :

1) орталық мемлекеттік органдар және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, олардың функциялары өзгерген ;

бұл орайда аталған жағдайлармен байланысты республикалық бюджеттің көрсеткіштері түзетілуге тиіс болуы мүмкін;

2) жоспардан тыс түсімдер есебінен үкіметтік борышты өтеу көлемі ұлғайған;

3) осы Кодексте көзделген жағдайларда республикалық бюджетті түзетуге жол беріледі .

3. Мынадай жағдайларда :

1) қаржы жылы ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен жоғары тұрған бюджеттен қаражат бөлінген ;

2) жоспардан тыс түсімдер есебінен жергілікті атқарушы органдар борышын өтеу көлемі ұлғайған ;

3) осы Кодексте көзделген жағдайларда жергілікті бюджеттерді түзетуге жол беріледі.

6-бөлім. Бюджеттік есеп және есептілік

21-тарау. Бюджеттік есеп туралы жалпы ережелер

118-бап. Негізгі ережелер

Бюджеттік есеп - бюджеттік операциялардың үздіксіз құжаттық есебін жүргізу арқылы бюджеттік операциялар туралы ақшалай түрдегі ақпаратты жинаудың, тіркеу мен қорытындылаудың реттелген жүйесі.

119-бап. Бюджеттік есеп жүргізу

1. Бюджеттік есеп жүргізу тәртібін бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді .

2. Бюджеттік есеп деректері бюджеттің атқарылуы жөнінде есептілік жасаудың негізі болып табылады.

22-тарау. Есептілік туралы жалпы ережелер

120-бап. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептіліктің сапалық сипаттамалары

1. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептілік мынадай сапалық сипаттамаларға сәйкес келуге тиіс:

- 1) сенімділік - қателіктер мен сыңаржақтылықтың болмауы;
- 2) толықтық - ақпаратты жіберіп алмау;
- 3) сәйкестік - осы Кодекстің талаптарына және есептілікті жасау жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келу.

2. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептілікте алынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бюджетке түсетін түсімдер ретінде көрінуі ақшалай түрде жүзеге асырылады.

121-бап. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептілік түрлері

Бюджеттің атқарылуы бойынша есептілік есептердің мынадай түрлерін қамтиды:

- 1) мемлекеттік мекемелердің есептері:
мемлекеттік мекеменің балансы;
қаржыландырудың жоспарларының орындалуы туралы есеп;
тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп;
демеушілік және қайырымдылық көмектен ақша түсуі мен жұмсалуды туралы есеп;
бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін басқа да есептер.
- 2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептері:
бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есеп;
бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп;
тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп;
бюджетті атқару жөніндегі және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген басқа да есептер.
- 3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның есептері:
(бекітілген, нақтыланған, түзетілген) мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есеп;
(бекітілген, нақтыланған, түзетілген) республикалық немесе жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп;
бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы талдамалық есеп;
түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының орындалуы туралы есеп;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның талаптары мен міндеттемелерінің жағдайы туралы есеп;

бюджеттен түсім сомаларының қайтарылуы не олардың салық берешегін өтеу есебіне есепке алу туралы есеп;

бюджетті атқару жөніндегі және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдар белгілеген басқа да есептер.

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органның есептері: республикалық немесе тиісті жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп жасайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы есеп.

122-бап. Есептіліктің нысандары, кезеңділігі, оны жасау және табыс ету мерзімдері мен тәртібі

1. Есептіліктің нысандарын, кезеңділігін, оны жасау және табыс ету мерзімдері мен тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және табыс ету тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

2. Бюджеттік және экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдар оларды жасау мен табыс етудің есептілігі мен тәртібін өз құзыреті шегінде белгілеуге қ ұ қ ы л ы .

3. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер есептілікті жасау және табыс ету жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді б а с ш ы л ы қ қ а а л у ғ а м і н д е т т і .

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру және пайдалану туралы жылдық есеп осы Кодекстің 129 және 130-баптарына сәйкес жасалып, табыс етіледі.

23-тарау. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп беру

123-бап. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті табыс ету

1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ осы Кодекстің 121-бабының 3) тармақшасында көзделген басқа да есептерді Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне, бюджеттік жоспарлау жөніндегі және мемлекеттік қаржылық бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға табыс етеді.

2. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылғы 1 сәуірден кешіктірмей өткен қаржы жылы бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бюджеттік жоспарлау жөніндегі және мемлекеттік қаржылық бақылау жөніндегі орталық уәкілетті о р г а н д а р ғ а т а б ы с е т е д і .

3. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджетті және республикалық бюджеттің

кассалық атқарылуын көрсетеді.

4. Өткен қаржы жылы бойынша Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке : түсіндірме жазба ;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есеп қоса тіркеледі .

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын ағымдағы жылғы 1 мамырдан кешіктірмей өткен қаржы жылы бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне, қосымшаларымен бірге Қазақстан Республикасының Парламентіне табыс етеді.

124-бап. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Парламентінде қарау және бекіту

1. Қазақстан Республикасының Парламенті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін алғаннан кейін бір ай ішінде ретімен - әуелі Мәжілісте, содан соң Сенатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің өткен қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін қарайды.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті қараған кезде Қазақстан Республикасының Парламенті :

Қазақстан Республикасының Үкіметінің республикалық бюджетті атқару жөнінде уәкілеттік берген тұлғаларының (тұлғасының) баяндамасын ;

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы баяндамасын ;

Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары уәкілеттік берген тұлғаларының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытындылайтын баяндамаларын тыңдайды.

Қазақстан Республикасының Парламентінде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті қараған кезде республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептері тыңдалуы мүмкін .

3. Өткен қаржы жылы бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен Сенатында дәйектілікпен қаралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында бекітіледі .

4. Қазақстан Республикасының Парламенті өткен қаржы жылы бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті бекіткен кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың республикалық

бюджеттің атқарылу нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылдауы қажеттігі туралы шешім шығаруға құқылы.

24-тарау. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есеп беру

125-бап. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есепті табыс ету

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ осы Кодекстің 121-бабының 3) тармақшасымен көзделген басқа да есептерді әкімдікке, ақпарат түрінде мәслихаттың тексеру комиссиясына және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етеді.

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есепті жылдан кейінгі жылғы 1 сәуірден кешіктірмей өткен қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті әкімдікке, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органға т а б ы с е т е д і .

3. Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп бекітілген, нақтыланған, түзетілген жергілікті бюджетті және жергілікті бюджеттің кассалық атқарылуын к ө р с е т е д і .

4. Өткен қаржы жылы бойынша облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепке:

т ү с і н д і р м е ж а з б а ;

жергілікті бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы талдамалық есеп қ о с а т і р к е л е д і .

5. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімшілігі жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 1 мамырдан кешіктірмей өткен қаржы жылына арналған облыстық, бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихатына табыс етеді.

6. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ай сайын және жыл қорытындылары бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есепті бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етеді.

126-бап. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау және бекіту

1. Мәслихат облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы мәслихаттың тексеру комиссиясының есебін алғаннан кейін бір ай ішінде өткен қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы әкімдіктің жылдық есебін мәслихаттың тұрақты комиссияларында қарайды.

2. Есепті қараған кезде мәслихат:

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы әкімдік уәкілеттік берген тұлғалардың (тұлғаның) баяндамасын;

мәслихаттың тексеру комиссиясы төрағасының облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы баяндамасын;

мәслихат уәкілеттік берген тұлғасының (тұлғаларының) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытындылайтын баяндамаларын тыңдайды.

Мәслихатта есепті қараған кезде жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жергілікті бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептері тыңдалуы мүмкін.

3. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есеп мәслихаттың тұрақты комиссияларында қаралғаннан кейін мәслихаттың сессиясында бекітіледі.

4. Мәслихат өткен қаржы жылы ішінде жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті бекіткен кезде жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджеттің атқарылу нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылдауы қажеттігі туралы шешім шығаруға құқылы.

25-тарау. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есеп беру

127-бап. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есепті табыс ету

1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ осы Кодекстің 121-бабының 3) тармақшасында көзделген басқа да есептерді әкімдікке, сондай-ақ ақпарат түрінде мәслихаттың тексеру комиссиясына, облыстың бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органына, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етеді.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті өткеру жөніндегі жергілікті

уәкілетті органы есепті жылдан кейінгі жылғы 1 наурыздан кешіктірмей өткен қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті әкімдікке, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органға қосымшалармен бірге табыс етеді.

3. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есеп ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бекітілген, нақтыланған, түзетілген бюджетін және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің кассалық атқарылуын көрсетеді.

4. Өткен қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепке: түсіндірме жазба;

жергілікті бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы талдамалық есеп қоса тіркеледі.

5. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 1 сәуірден кешіктірмей өткен қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына және облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына табыс етеді.

128-бап. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау және бекіту

1. Мәслихат аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің өткен қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есебін мәслихаттың тексеру комиссиясының аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есебін алғаннан кейін бір ай ішінде мәслихаттың тұрақты комиссияларында қарайды.

2. Есепті қараған кезде мәслихат: аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы әкімшілік уәкілеттік берген тұлғалардың (тұлғаның) баяндамасын; мәслихаттың тексеру комиссиясы төрағасының аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы баяндамасын; мәслихат уәкілеттік берген тұлғаның (тұлғалардың) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытындылайтын баяндамаларын тыңдайды.

Мәслихатта есепті қараған кезде жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жергілікті бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептері тыңдалуы мүмкін.

3. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есеп мәслихаттың тұрақты комиссияларында қаралғаннан кейін мәслихаттың сессиясында

б е к і т і л е д і .

4. Мәслихат өткен қаржы жылы бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті бекіткен кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылу нәтижелері бойынша тиісті шаралар қолдануы қажеттігі туралы шешім шығаруға құқылы.

26-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы жылдық есеп

129-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасы Үкіметі жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 1 сәуірден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп жасайды және сыртқы бақылау жүргізу үшін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне табыс етеді.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы жылдық есеп мыналарды:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы е с е п т і ;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқаруы бойынша қызметі туралы есебін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректерді қ а м т и д ы .

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы жылдық есептің нысандары мен оны жасау тәртібін Үкімет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша бекітеді.

130-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы жылдық есепті табыс ету және бекіту

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып жыл сайын ағымдағы жылғы 1 сәуірден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге табыс етеді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Президенті бекіткеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Парламентіне табыс етеді.

7-бөлім. Мемлекеттік қаржылық бақылау

27-тарау. Жалпы ережелер

131-бап. Мемлекеттік қаржылық бақылау туралы ұғым

Мемлекеттік қаржылық бақылау - бақылау объектілерінің республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша есеп пен есептіліктің орындалуы мен жүргізілуіне, олардың атқарылуын бағалауға, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуына, мемлекеттік мекемелердің билік етуінде қалатын тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаға, мемлекеттік гранттарға қатысты қызметінің бюджет заңнамасына сәйкестігін тексеру.

132-бап. Осы бөлімде пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы бөлімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) сыртқы бақылау - Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджетті атқаруына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуына, мемлекеттік гранттардың тартылуы мен пайдаланылуына - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жүзеге асыратын; жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджеттерді атқаруына мәслихаттардың тексеру комиссиялары жүзеге асыратын мемлекеттік қаржылық бақылау;

2) ішкі бақылау - ішкі бақылаудың орталық уәкілетті органы мен мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері жүзеге асыратын мемлекеттік қаржылық бақылау;

3) бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану - бюджет бағдарламасының паспортымен, мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерімен және бюджет бағдарламасы сәйкес жүзеге асырылатын нормативтік құқықтық актілерімен көзделмеген шараларға бюджет қаражатын пайдалану;

4) мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері - республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік мекемелер мен бюджет қаражатын және мемлекет кепілдік берген қарыздарды басқа да алушылар;

5) ішкі бақылау қызметі - өз құзыреті шегінде мемлекеттік органның оның аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының республикалық және жергілікті бюджеттердің атқаруына қаржылық есеп бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органның бөлімшесі;

6) қаржылық есептілік - егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, нысаны мен көлемін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін мемлекеттік мекемелердің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және олардың қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат.

28-тарау. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың тұрпаттары, түрлері, қағидаттары мен мемлекеттік стандарттары

133-бап. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың тұрпаттары

1. Мемлекеттік қаржылық бақылау мынадай тұрпаттарға бөлінеді:

1) сәйкестікке бақылау жасау - сыртқы және ішкі бақылау объектісі қызметінің Қазақстан Республикасы бюджеттік заңнамасының талаптарына сәйкестік дәрежесін бағалау;

2) қаржылық есептілігін бақылау - бақылау объектісінің қаржылық есептілікті жасауының және табыс етуінің анықтылығын, негізділігін және уақтылығын бағалау;

3) тиімділікті бақылау - бақылау объектісінің республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдаланылуын, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшасын, мемлекеттік гранттарды пайдалануын тексеру және оларды пайдалануының үнемділігін, нәтижелілігін және өнімділігін бағалау.

134-бап. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың түрлері

Мемлекеттік қаржылық бақылау мынадай түрлерде жүзеге асырылады:

кешенді бақылау - барлық бюджет бағдарламалары, жаппай әдіс бойынша бюджет процесінде бақылау объектісі қызметін тексеру мен бағалау;

тақырыптық бақылау - бюджеттік қатынастардың жекелеген бағыттары бойынша бақылау объектісі қызметін тексеру мен бағалау;

үстеме бақылау - ақпарат алу не бақылау объектісіне қатысты оны орнықтыру қажеттігіне байланысты үшінші тұлғалардың бақылауы. Үстеме бақылау негізгі бақылау объектісімен өзара қатынастар мәселелері бойынша және тексеріліп отырған мәселенің қатаң шеңберінде ғана жүргізіледі.

135-бап. Қаржылық бақылаудың қағидаттары мен мемлекеттік стандарттары

1. Мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу - құпиялық режимін қамтамасыз етуді ескере отырып, тәуелсіздік, объективтік, анықтылық, айқындылық, құзыреттілік және жариялылық қағидаттарын міндетті түрде сақтап жүзеге асырылады.

Тәуелсіздік қағидаты - бақылау органдары мен олардың қызметкерлерінің тәуелсіздігіне және олардың бақылау функцияларын жүзеге асыру кезінде жүргізіп жатқан бақылау іс-шарасының тәуелсіздігіне зиян келтіретін кез келген түрдегі қол сұғушылыққа жол бермеу.

Объективтік бақылау қағидаты - бақылауды қолданылып жүрген заңдармен, бақылау стандарттарымен қатаң түрде сәйкес жүргізу, мүдделер қақтығысына жол бермеу, бақылау нәтижелері бойынша ашылған және құжаттармен расталған фактілер негізінде ғана шешімдер қабылдау.

Бақылау нәтижелерінің анықтылық қағидаты - бақылау нәтижелерін бухгалтерлік, банкілік және бақылау объектісінің өзге де құжаттарымен растау.

Бақылаудың айқындылық қағидаты - бақылау нәтижелерін айқын жазу, бақылау органдарының Қазақстан Республикасының Президентіне, өкілді органдарға, Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп берушілігі.

Құзыреттілік қағидаты - бақылау органдары қызметкерлерінің бақылауды сапалы

жүзеге асыруына қажетті кәсіби білімдері мен дағдыларының жиынтығы.

Жариялылық қағидаты - құпиялылық режимін, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтамасыз етуді ескере отырып, бақылау нәтижелерін ж а р и я л а у .

2. Мемлекеттік қаржылық бақылауға қойылатын бірыңғай талаптарды қаржылық бақылаудың мемлекеттік стандарттары белгілейді.

3. Қаржылық бақылаудың мемлекеттік стандарттарын, мемлекеттік қаржылық бақылау қызметкерлері этикасының кодексін ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлеп, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті б е к і т е д і .

4. Бақылаудың мемлекеттік стандарттары барлық мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мен олардың қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

136-бап. Мемлекеттік органдардың бақылау нәтижелері бойынша қабылдайтын актілері

Бақылау нәтижелері бойынша, оны жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, мынадай актілерді қабылдауға құқылы:

1) қорытынды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және мәслихаттың тексеру комиссиясының бақылау жүргізу актілері негізінде ж а с а л ғ а н құ ж а т ы ;

2) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қаулысы - Республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп комитеті отырысында алқалы негізде қабылданған және бақылау нәтижелері бойынша оның барлық актілерінің қолданылуын растайтын құқықтық акті. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қаулысын ол арналған барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің нормативтік сипаты бар қаулылары белгіленген заң тәртібімен мемлекеттік тіркелуге т и і с .

Қаулының қабылдану тәртібі Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережемен реттеледі.

3) мәслихаттың тексеру комиссиясының қаулысы - Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністер аумағындағы барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың орындауына міндетті, тексеру комиссиясының отырысында қабылданған н о р м а т и в т і к құ қ ы қ т ы қ а к т ;

4) ұсыныс - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға - жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы, құқық қорғау органдары мен соттарға - Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауапкершілікке тарту мәселелері б о й ы н ш а жі б е р і л е т і н құ ж а т ы ;

5) нұсқама - мемлекеттік қаржылық бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы өз құзыреті шегінде қабылдаған және ұйымдарының лауазымды адамдарына міндетті түрде орындауға жіберілген, бұзушылықтар мен жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы белгіленген нысандағы құжат;

6) бақылау жүргізу актісі - мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша жасаған құжат;

7) бақылау жүргізілгені туралы есеп - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жүргізілген бақылау жұмысының нәтижелерін сипаттайтын құжат.

29-тарау. Сыртқы бақылауды ұйымдастыру негіздері

137-бап. Мемлекеттік сыртқы бақылау органдары

Республикалық деңгейде сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті болып т а б ы л а д ы .

Жергілікті деңгейде сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мәслихаттардың тексеру комиссиялары болып табылады.

138-бап. Мемлекеттік сыртқы бақылау органдарының өкілеттіктері мен құқықтары

1. Республикалық бюджеттегі атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынады және есеп береді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің жұмысы туралы тоқсан сайын ақпарат б е р е д і ;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің республикалық бюджетін атқарылуын бақылауды талдауға, қорытындыларына және нәтижелеріне, салық және басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуіне, бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуына байланысты мәселелер жөніндегі тапсырмаларды, сондай-ақ басқа да жекелеген тапсырмаларын орындайды;

3) Қазақстан Республикасының Парламентіне 1 маусымға дейінгі мерзімде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы, өзінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі жөнінде қорытынды болып табылатын және Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс есеп береді;

4) республикалық бюджеттің атқарылуын ішкі бақылау жөніндегі орталық бақылау органы табыс еткен бақылау жүргізу актілерін талдайды және республикалық бюджеттің атқарылуын ішкі бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынымдар береді;

5) сыртқы бақылау объектісінің лауазымды адамдарының республикалық бюджет

қаражатын пайдаланудағы іс-әрекеттерінде қылмыс белгілері, Қазақстан Республикасының заңдарын бұзудың өзге де фактілері анықталған жағдайда бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді;

6) мемлекеттік бюджет саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

7) мемлекеттік органдардың республикалық бюджеттің түсімдері мен шығыстарының көлемі, құрылымы және мақсатты тағайындалуы бойынша уақтылы атқарылу мәселелері бойынша қызметін бақылауды жүзеге асырады;

8) республикалық бюджет шығыстарының тиімділігі мен нәтижелілігін айқындайды ;

9) сыртқы бақылау саласында кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды ұйымдастырады .

4. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті:

1) республикалық бюджет есебінен қамтылған мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының бюджет заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауын; республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалуын және кредиттердің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың мақсатты пайдаланылуын; барлық меншік нысанындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың республикалық бюджет түсімдерінің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз етуге және бюджет қаражатын пайдалануға қатысты қызметін; республикалық бюджеттен мемлекеттің міндеттемелерін өтеуге арнап бөлінген қаражатты бақылауды жүзеге асыруға;

2) республикалық бюджеттің есебінен қамтылған мемлекеттік мекемелердің қаржылық есебін бақылауды жүзеге асыруға;

3) республикалық бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға ;

4) республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атқарылу тиімділігі мен нәтижелілігіне баға беруге;

5) мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламалардың іске асырылуының экономикалық тиімділігіне баға беруге;

6) бюджеттік инвестицияларды бақылауды жүзеге асыруға;

7) республикалық бюджеттің атқарылуына ықпал ететін нормативтік құқықтық актілердің қолданылуы бойынша ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметінен, мемлекеттік органдардан, сондай-ақ республикалық бюджет қаржыландыратын басқа да сыртқы бақылау объектілерінен республикалық бюджет қаражатының түсуі мен пайдаланылуының толықтығына қатысты мәселелер бойынша қажетті құжаттар мен ақпарат сұратуға және алуға;

9) республикалық бюджеттің атқарылу мәселелері бойынша сыртқы бақылау объектілері лауазымды адамдарының есептерін тыңдауға;

10) Қазақстан Республикасының Президентіне Республикалық бюджеттің

атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті анықтаған, сыртқы бақылау объектілері лауазымды адамдарының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамауы фактілері бойынша ақпарат енгізуге;

11) өзі белгілеген мерзімде мемлекеттік органдар мен сыртқы бақылау объектілерінен республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау жүргізу мәселелері бойынша қажетті құжаттар, анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктемелер алуға;

12) осы Кодекске және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес республикалық бюджет қаражатының мақсатсыз, заңсыз және тиімсіз пайдаланылуын анықтау, жолын кесу және болдырмау жөнінде шаралар қолдануға;

13) құпиялық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, республикалық бюджеттің атқарылуы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы және пайдаланылуы, мемлекеттік гранттарды тарту және пайдалану мәселелеріне қатысты құжаттармен кедергісіз танысуға;

14) республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын және қажет болған кезде республикалық бюджеттен осы мақсаттарға бөлінген қаражат шегінде олардың көрсеткен қызметтеріне ақы төлей отырып тәуелсіз аудиторлық ұйымдар мамандары мен сарапшыларды тартуға, ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті қызметкерлерін жоспардан тыс тексерулерге тартуға жол берілмейді;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

5. Мәслихаттың тексеру комиссиясы:

1) өзінің мазмұны жағынан кейіннен оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жергілікті атқарушы органның есебі бойынша қорытынды болып табылатын жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті белгіленген мерзімде мәслихатқа береді;

2) мәслихат пен әкімдікке жергілікті бюджет қаражатының мақсатсыз және тиімсіз пайдаланылу фактілері, сондай-ақ жергілікті бюджетті пайдалану жұмысында орын алған кемшіліктер туралы бақылау нәтижелері бойынша ақпарат береді;

3) ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган табыс еткен жергілікті бюджеттің атқарылуына ішкі бақылау жүргізу актілеріне талдау жасайды;

4) ішкі бақылау объектілерінің лауазымды адамдарының жергілікті бюджет қаражатын пайдаланудағы іс-әрекеттерінде қылмыс белгілері, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзудың өзге де фактілері анықталған жағдайда бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді.

6. Мәслихаттың тексеру комиссиясы:

1) жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің бюджет

заңнамасын сақтауын, жергілікті бюджеттен берілген қаражатты, оның ішінде кредиттерді мақсатты пайдалануын; жергілікті бюджетке қаражат түсімінің толық және уақтылы болуына және оларды пайдалануға қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

2) тиісті жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есеп беруін бақылауды жүзеге асыруға;

3) жергілікті бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

4) құпиялық режимін, заңмен қорғалатын коммерциялық және өзге де құпияны сақтауды ескере отырып, жергілікті бюджеттің атқарылу мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға;

5) жергілікті мемлекеттік органдар мен жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау объектілерінен бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктерді алуға;

6) жергілікті бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын және қажет болған кезде жергілікті бюджеттен бұл мақсаттарға бөлінген қаражат шегінде олардың көрсеткен қызметтеріне ақы төлей отырып тәуелсіз аудиторлық ұйымдар мамандары мен сарапшыларды тартуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

30-тарау. Ішкі бақылауды ұйымдастырудың негіздері

139-бап. Ішкі бақылаудың мемлекеттік органы

Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган, ішкі бақылау қызметтері ішкі бақылаудың мемлекеттік органы болып табылады.

140-бап. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органның өкілеттіктері

1. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) ішкі бақылау қызметтері жүзеге асыратын бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар береді;

2) республикалық және жергілікті бюджеттерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мақсатсыз және тиімсіз пайдаланудың жолын кесу және оған жол бермеу жөнінде шаралар қолданады;

3) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне, мәслихаттардың тексеру комиссияларына хабардар болуы үшін бақылаудың тиісті жоспарларын жібереді;

4) бақылау шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

5) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын пайдалануда бақылау объектілері лауазымды адамдарының іс-әрекеттерінде қылмыстық белгілер,

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзудың өзге де фактілері анықталған жағдайда бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына береді;

б) ішкі бақылау саласында кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярладуды ұйымдастырады.

2. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) бюджет заңдарын ішкі бақылау объектілері сақтауын, республикалық және жергілікті бюджеттерден берілген бюджет қаражатының, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға;

2) республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есеп беруін бақылауды жүзеге асыруға;

3) республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

4) мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігіндегі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатуынан түскен ақшаны қалыптастыруын және пайдалануын бақылауды жүзеге асыруға;

5) өздері белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен бақылау жүргізуге байланысты қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктерді сұратып алуға және алуға;

б) ішкі бақылау объектілерінің лауазымды адамдарын республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бұзудың анықталған фактілері бойынша тыңдауға;

7) төтенше мемлекеттік бюджеттің атқарылуын бақылауды бақылауға қатысуға;

8) мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінен жоспарлар, есептер мен өзге де қажетті ақпаратты алуға;

9) бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың мамандарын, және қажет болған кезде республикалық бюджетте осы мақсаттар үшін көзделген қаражат шегінде олардың көрсеткен қызметтеріне ақы төлей отырып тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың мамандары мен сараптамашыларды тартуға;

10) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы мәселелерге жататын құпиялық режимін, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны сақтауды ескере отырып, құжаттамамен кедергісіз танысуға;

11) нормативтік құқықтық базаны және бақылау жүргізу әдістемесін жүргізу мәселелері бойынша іс-шараларды әзірлеуге;

12) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

141-бап. Ішкі бақылау қызметі

1. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады.

2. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі мемлекеттік органның басшысына

есеп беруді және мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшелерінен қызметтік, функционалдық жағынан тәуелсіз.

3. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі:

- 1) бақылау жоспарын жасайды;
- 2) мемлекеттік органның басшысына ішкі бақылау жүргізу жоспарының орындалуы жөнінде есеп береді.

4. Ішкі бақылау қызметі бар мемлекеттік орган өзі белгілеген нысандар мен мерзімдерде ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органға ішкі бақылау жүргізу жоспарларының орындалуы және олардың нәтижелері туралы есеп береді.

Ішкі бақылау жүргізу жоспарлары туралы есептер мен ақпарат беру туралы талаптар ол туралы ақпарат мемлекеттік құпияларға жататын шығыстарды бақылаумен байланысты жағдайларға қолданылмайды.

5. Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметі:

- 1) мемлекеттік органда және оның аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда қаржылық есептіліктің ішкі бақылауын жүргізуге;
- 2) ішкі бақылау жөнінде орталық уәкілетті органның консультацияларын алуға құқылы.

31-тарау. Мемлекеттік қаржы бақылауының объектілері мен органдарының өзара іс-қимылы

142-бап. Мемлекеттік қаржы бақылауы объектісі басшысының міндеттері мен құқықтары

1. Бақылау объектісінің басшысы:

- 1) мемлекеттік бақылау органының қызметкерлерін жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді;
- 2) мемлекеттік бақылау органының қызметкерлерін бақылау жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті барлық сұратып алынатын ақпаратпен қамтамасыз етеді және оның растығы, объективтілігі мен толықтығы үшін жеке жауаптылықта болады;
- 3) мемлекеттік бақылау органы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне араласпайды, адасушылыққа салмайды, бақылау жүргізуге кедергі келтірмейді және бақылау ақымын шектемейді;
- 4) кемшіліктерді жою жөнінде қабылданған шаралар туралы уақтылы есеп беріп отырады;
- 5) жүргізілген бақылау нәтижелерімен бірге актіні танысуға берген күннен бастап үш күндік мерзім ішінде белгіленген тәртіппен бақылау актісіне қол қояды.

2. Бақылау объектісінің басшысы:

- 1) бақылаудың мақсатын, уақытын және ұзақтығын, оның нәтижелерін, шешімдері мен ұсынымдарын білуге;
- 2) тиісінше Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, мәслихаттың тексеру комиссиясының тапсырмасын, ішкі бақылау

жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығын табыс етпеген мемлекеттік бақылау органының қызметкерлерін бақылауға жібермеуге;

3) бақылау нәтижелерімен келіспеген жағдайда бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның бақылау актісіне қарсылық білдіруге;

4) бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның іс-әрекетіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым беруге құқылы.

143-бап. Мемлекеттік қаржы бақылауы саласындағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы

1. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган бақылаудың тиісті жоспарларын хабардар ету үшін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне, мәслихаттардың тексеру комиссияларына жібереді.

2. Мемлекеттік қаржы бақылауы органдары келісім бойынша бірлескен бақылау қызметін жүзеге асыруы мүмкін.

3. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет қаражаттың пайдалануда құқық бұзушылықтар фактілері бойынша тексеру ісі туралы қылмыстық тергеу органдарының қаулылары негізінде жоспардан тыс бақылау жүргізеді.

4. Мемлекеттік қаржы бақылауы органдары бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуы фактілерін не өзге де заңнама бұзушылықтарды анықтаған жағдайда мұндай фактілер жөніндегі материалдарды заң бұзушылықтарға кінәлі адамдарды заң актілерінде белгіленген жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін прокуратура органдарына жіберуге тиіс.

144-бап. Мүдделер қақтығысы

1. Мүдделер қақтығысы - мемлекеттік сыртқы және ішкі бақылау органдарының және олардың қызметкерлерінің объективтілігі мен тәуелсіздігін шектеуге қабілетті кез келген қызмет немесе қатынастар.

2. Мемлекеттік сыртқы және ішкі бақылау органдарының:

1) жақын туыстар, жекжаттар, бақылау объектісі басшысының, құрылтайшысының немесе қатысушысының сенімді адамы немесе қорғаншысы болып табылатын қызметкерлеріне;

2) онда жеке мүліктік мүдделері бар бақылау объектісінің қызметкерлері, қатысушылары, лауазымды адамдары ішінен;

3) бақылау объектісінде жұмыс істейтін не тексерілетін кезеңде бақылау объектісі басшысының, құрылтайшысының немесе қатысушысының жақын туыстары, жекжаттары, сенімді адамы немесе қорғаншысы болып табылатын адамдарға бақылау жүргізуге тыйым салынады.

3. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде мемлекеттік сыртқы және ішкі бақылау органы қызметкері бақылауды тағайындаған басшыға бұл туралы хабарлауға тиісті.

Әйтпеген жағдайда мүдделер қақтығысы ахуалының туындағаны үшін толық жауапкершілік мемлекеттік сыртқы және ішкі бақылау органының қызметкеріне жүктеледі.

145-бап. Қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені, анықталған бұзушылықтарды жою туралы актілерді орындамағаны үшін жауаптылық

Өздерінің құзыреттеріне сәйкес қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына олардың қызметтік міндеттерін орындауына бақылау жүргізу үшін жіберуге бас тартуды, қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді беруден бас тартуды, расталмаған ақпаратты беруді бақылауды жүзеге асыруға өзге де кедергі келтірулерді жасауды білдіру, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы актілерді орындамау немесе тиісінше орындамау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде жауапкершілікке әкеп соғады.

146-бап. Келіспеушіліктерді шешу

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары лауазымды адамдарының, сондай-ақ бақылау объектілерінің іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

8-бөлім. Бюджеттік инвестициялар

32-тарау. Бюджеттік инвестициялар туралы жалпы ережелер

147-бап. Бюджеттік инвестицияларды сыныптау

1. Бюджеттік инвестициялар бюджеттік инвестициялық жобалар мен инвестициялық бағдарламаларды іске асыру жолымен, сондай-ақ заңды тұлғалардың қаржылық капиталын қалыптастыру мен ұлғайтуға қатысу жолымен жүзеге асырылады.

2. Шешілетін міндеттердің маңыздылық деңгейіне қарай бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) болып бөлінеді.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар мен бағдарламалардың өлшемдері:

1) меншік нысаны бойынша өлшем - бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға байланысты нәтижеге меншік құқығы (республикалық немесе коммуналдық) туындауына қарай республикалық немесе жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) айқындайтын көрсеткіш;

2) алушылар бойынша тиімділік критерийі - егер бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асырудан алынатын төзімділіктің негізгі үлесінің алушылары екі немесе одан да көп облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылса, республикалық - егер бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асырудан алынатын тиімділіктің

негізгі үлесінің алушылары бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылса, жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) айқындайтын көрсеткіш.

4. Инвестициялық жобаны (бағдарламаны) республикалық ретінде айқындау үшін оны осы баптың 3-тармағында аталған өлшемдердің бірінің қанағаттандырылуы ж е т к і л і к т і .

5. Жергілікті инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) және облыстық маңызы бар аудандық (қалалық) деп сыныптау осы баптың 3-тармағында көрсетілген қағидат бойынша және өлшемдер негізінде жүзеге асырылады.

6. Республикалық инвестициялық жобаларды орталық мемлекеттік органдар іске асырады және республикалық қаражат есебінен қаржыландырылады.

7. Жергілікті инвестициялық жобаларды жергілікті атқарушы органдар іске асырады және жергілікті қаражат есебінен қаржыландырылады.

8. Жергілікті бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) келісілген тізбесін экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімдік жоспарларын келісу шеңберінде жүзеге асырады.

33-тарау. Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және жүзеге асыру

148-бап. Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және жүзеге асыру қағидаттары

1. Бюджеттік инвестициялар мынадай қағидаттарға сәйкес жоспарланады және ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы :

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау жүйесіндегі барлық бағдарламалық және жоспарлау құжаттарының тұрақтылығы мен өз ара толықтырып тұрушылығы ;

2) мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың дәйектілігі және қабылданған мемлекеттік инвестициялық саясатқа шешімдерінің сәйкестігі.

2. Бюджеттік инвестицияларды бюджеттік инвестициялық жобалар мен инвестициялық бағдарламаларды іске асыру арқылы жоспарлау мен жүзеге асырудың тәртібі осы Кодекстің 149-152-баптарымен айқындалады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) жоспарлау үш кезеңде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы :

инвестициялық ұсыныстарды қалыптастыру және іріктеп алу;

бюджеттік инвестициялық жобаларды әзірлеу және іріктеп алу;

3) бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастыру және бекіту .

3. Бюджеттік инвестицияларды заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жоспарлау мен жүзеге асырудың тәртібі осы Кодекстің 153-бабымен айқындалады.

149-бап. Инвестициялық ұсыныстарды қалыптастыру және іріктеп алу

1. Инвестициялық жобаларды қалыптастыру бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) мақсаттарына қол жеткізу үшін оңтайлы стратегия мен міндеттерді анықтау мақсатында, сондай-ақ жоспарланатын бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) құрылымын және алдын ала құнын анықтау үшін жүзеге асырылады.

2. Инвестициялық ұсыныстарды қалыптастыруды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері орта мерзімдік мемлекеттік, салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу сатысында жүзеге асырады.

3. Инвестициялық ұсыныстарға баға беруді экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган орта мерзімдік мемлекеттік, салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен келісу с а т ы с ы н д а жү з е г е а с ы р а д ы .

4. Инвестициялық жобаларды іріктеу инвестициялық ұсыныстарды бағалау бойынша экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы негізінде жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

5. Іріктеп алынған инвестициялық ұсыныстар жоспарланған кезеңнің екінші немесе үшінші жылын іске асырудың басталуымен бірге жоспарланған бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) ретінде бюджеттік инвестициялық басым жобалар (бағдарламалар) тізбесіне енгізіледі.

150-бап. Бюджеттік инвестициялық жобаларды әзірлеу және іріктеу

1. Бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) әзірлеу бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) техникалық-экономикалық негіздеуді әзірлеуді ұйымдастыруын және оның сараптамасын жү р г і з у д і к ө з д е й д і .

2. Жобаны (бағдарламаны) техникалық-экономикалық негіздеу шығындар мен тиімділіктерді білікті техникалық-экономикалық талдау негізінде жүргізілетін бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) жүзеге асыру мен тиімділігін зерделеу нәтижелері бар жоба алдындағы құжат болып табылады. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) техникалық-экономикалық негіздеуге қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) техникалық-экономикалық негіздеуді әзірлеу оны бюджеттік инвестициялық ұсыныс кезеңінде инвестициялық басым жобалардың тізбесіне енгізген жағдайда жүзеге асырылады.

4. Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) белгіленген техникалық-экономикалық параметрлерін растау үшін инвестициялық жобаны (бағдарламаны) техникалық-экономикалық негіздеуге Қазақстан Республикасының

заңдарында көзделген экономикалық және басқа да сараптамалар жатады.

5. Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) экономикалық сараптамасы заңдарға сәйкес талап етілетін басқа сараптамалар қорытындылары негізінде жүргізіледі және бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) оны техникалық-экономикалық негіздеуді әзірлеу шеңберінде жүргізілген экономикалық талдауды кешенді бағалаудың міндетті нысаны болып табылады.

6. Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) экономикалық сараптамасын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген заңды тұлға жүзеге асырады.

Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) экономикалық сараптамасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті жергілікті атқарушы органдар белгілеген заңды тұлғалар жүзеге асырады.

7. Қажет болған жағдайда экономикалық сараптаманы жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар жүргізілген сараптамалармен қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптаманы, сондай-ақ тәуелсіз сараптаманы жүргізуді талап етуге құқылы.

8. Республикалық немесе жергілікті бюджеттер есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) техникалық-экономикалық негіздеуді әзірлеуді және сараптамалар жүргізуді қаржыландыруды экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдар тиісінше бюджеттік бағдарламалар шеңберінде орталықтандыра жүзеге асырады.

9. Экономикалық сараптамалар нәтижелері бойынша жобаны (бағдарламаны) техникалық-экономикалық негіздеуді бюджеттік бағдарламаның әкімшісі экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша бекітеді.

10. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іріктеу экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

11. Іріктелген бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) жоспарланатын кезеңнің, бірінші немесе екінші жылының басталуымен бірге бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) тізбесіне енгізіледі.

151-бап. Бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастыру және бекіту

1. Республикалық бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін және жергілікті бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және уәкілетті органдар әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспары құрамында үш жылдық кезеңге жыл сайын бекітеді және тиісінше бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландырудың тізбесі мен көлемін айқындау бөлігінде

республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу үшін негіз болып қызмет етеді.

2. Бюджеттік инвестициялық басым жобаларды (бағдарламаларды) қалыптастыру қолданыстағы және әзірленген мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламалардың негізінде жүзеге асырылады, бұл орайда бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) тізбесіне енгізу үшін ұсынылған инвестициялық жобалар жоспарланатын кезеңнің іске асырылуының басталуымен бірге мынадай талаптарға сай келуге тиіс:

1) бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) мемлекеттік инвестициялық саясатқа сәйкес келуі;

2) бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінің болуы.

3. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) тізбесіне енгізу үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға осы баптың 2-тармағында аталған талаптарды қанағаттандыратын инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бойынша өтінімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен табыс етеді.

4. Бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бойынша табыс етілген өтінімдерді қараудың нәтижелері бойынша экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар бюджет комиссиясы айқындаған бюджеттік бағдарламалар үшін лимит шегінде бюджеттік инвестициялық басым жобалардың тізбесін қалыптастырады және мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық кесіндіде бюджет комиссиясының қарауына табыс етеді.

5. Бюджет комиссиясы бюджеттік инвестициялық басым жобалардың тізбесін қарау кезінде:

1) бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қаржыландырудың көзі мен тетігін айқындайды;

2) бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қаржыландыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін айқындайды.

6. Бюджет комиссиясы мақұлдаған инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламалардың кесіндісіндегі үш жылдық мерзімге жоспарланатын инвестициялық басым жобаларының тізбесі әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспарының құрамында бекітіледі.

7. Бюджеттік инвестициялық басым жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

152-бап. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру

1. Бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық-экономикалық негіздерге сәйкес іске асырылады.

2. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асырудың шеңберінде көзделген құрылыс қызметі белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Құрылыс қызметін жүзеге асыруды көздейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың құны бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға негізінде түзетілуі мүмкін.

4. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асырудың шеңберінде көзделген құрылыс қызметіне ақы төлеу үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден төлемдерді жүргізу белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

153-бап. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және жүзеге асыру

1. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды жоспарлау әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспарын әзірлеу негізінде жүзеге асырылады.

2. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспарына енгізу инвестицияларды қаржылық-экономикалық негіздеу бойынша экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган сараптамасының қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды қаржылық-экономикалық негіздеу бюджеттік қаражаттарды заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салудың пайымдылығы мен тиімділігін бағалауды қамтитын құжат болып табылады.

3. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын инвестицияларды қаржылық-экономикалық негіздеуді әзірлеуді және экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын инвестицияларды қаржылық-экономикалық негіздеудің құрамына, әзірлеу тәртібі мен қарауға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі аяқындайды.

4. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен реттейді.

34-тарау. Бюджеттік инвестицияларды іске асыру мониторингі және олардың тиімділігін бағалау

154-бап. Бюджеттік инвестицияларды іске асырудың мониторингі

1. Бюджеттік инвестицияларды іске асырудың мониторингі:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің инвестициялық жобалар (бағдарламалар) әзірленуінің және іске асырылуының барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты ж и н а у ы н ж ә н е ө ң д е у і н ;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға инвестициялық жобалар (бағдарламалар) әзірленуінің және іске асырылуының барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты р е с і м д е у і н ж ә н е т а б ы с е т у і н ;

3) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдардың бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) дамытуды қаржыландырудың жиынтық жоспарын және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) дамыту шеңберінде төлемдердің нақты жүзеге асырылуы бойынша ақпаратты табыс етуді;

4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдардың инвестициялық жобаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру барысы туралы ақпарат және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) дамыту жөнінде төлемдердің нақты жүзеге асырылуы бойынша ақпарат негізінде бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру тиімділігін ағымдағы бағалауды;

5) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты ж а с а у д ы ж ә н е т а б ы с е т у д і ;

6) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Үкіметі мен экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты ж а с а у д ы ж ә н е т а б ы с е т у д і к ө з д е й д і .

2. Бюджеттік инвестицияларды іске асыру мониторингін жүзеге асыру шеңберінде көзделген есептілік пен ақпаратты табыс етудің мерзімдері мен нысандарын экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілді орган белгілейді.

3. Бюджеттік инвестициялар мониторингінің негізінде, сондай-ақ ағымдағы және болжамданған әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды ескере отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік инвестицияларды тиімді жүзеге асыру жөніндегі шараларды іске асыру жөнінде ұ с ы н ы с т а р д ы е н г і з у г е қ ұ қ ы л ы .

4. Бюджеттік инвестицияларды тиімді жүзеге асыру жөніндегі шаралар:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік инвестицияларды тиімді жүзеге асыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілер мен басқа да шешімдерді қабылдауын;

2) негізделген жағдайларда бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруды тоқтатуды және тоқтатып қоюды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды қамтиды.

155-бап. Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау

1. Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырудың мақсаттары бюджеттік инвестицияларды жоспарлау процесін жетілдіру және мемлекеттік инвестициялық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

2. Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалауды экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады және бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асырудың алынған деректері мен тиімділігін бағалау нәтижелері мен салдарлары туралы деректерді жинауды көздейді.

3. Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау бюджеттік инвестицияларды жүзеге асырудың нақты және жоспарланған шығындарын және күтілетін нәтижелерін салыстыру, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру тиімділігіне әсер ететін сыртқы факторларды бағалау арқылы жүзеге асырылады.

4. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау инвестициялық жобаларды іске асырудың аяқталуы бойынша, сондай-ақ оны аяқтаудың бірінші және бесінші жылы өтуі бойынша жүзеге асырылады.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау оны іске асырудың басынан бастап әрбір үш жыл сайын, сондай-ақ оны іске асырудың аяқталуы бойынша және оны аяқтағаннан кейін үш жылдан соң жүзеге асырылады.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру мен ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын инвестицияларды бағалау оны жүзеге асырғаннан кейін үш жыл өткен соң жүзеге асырылады.

5. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау үшін деректерді табыс етуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісінше экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар белгілеген тәртіпте және құрамда жүзеге асырады.

6. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар табыс етілген деректердің негізінде бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау жөніндегі есептілікті қалыптастырады.

7. Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау жөніндегі есептерді:

1) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті атқарушы уәкілетті органдар мен экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға - жыл сайын, есеп беретін жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанында;

2) экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне - жыл сайын, есеп беретін жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанында табыс етеді.

8. Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау жөніндегі есеп:

1) бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) техникалық-экономикалық негіздеу немесе заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылған инвестицияларды қаржылық-экономикалық негіздеуді;

2) бюджеттік инвестициялық жобаны (бағдарламаны) іске асырудың қол жеткен нәтижелері немесе заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылған инвестицияларды қаржылық-экономикалық негіздеуді;

3) бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау үшін ақпарат жинаудың көздері мен әдістерін;

4) бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау үшін ақпаратты өңдеу мен талдау әдістерін;

5) бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау нәтижелерін;

6) мемлекеттік инвестициялық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды қамтиды.

9. Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау жөніндегі есепті жасау мен табыс ету тәртібін экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

9-бөлім. Мемлекеттік гранттар

35-тарау. Мемлекеттік гранттар туралы жалпы ережелер

156-бап. Осы бөлімде қолданылатын ұғымдар

Осы бөлімде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) мемлекеттік грант - Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелеріне донорлар беретін өтемсіз қаржылық немесе техникалық көмек;

2) донорлар - шетел мемлекеттері, олардың үкіметтері мен агенттіктері, халықаралық және шетелдер мемлекеттік ұйымдары, шетелдердің үкіметтік емес қоғамдық ұйымдары мен Қазақстан Республикасының Конституциясына қызметі қайшы келмейтін қорлар;

3) мемлекеттік грант туралы келісім - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен донорлар арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтемсіз қаржылық немесе техникалық көмек беруді көздейтін шарт;

4) өтемсіз техникалық көмек - Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелеріне донорлардың тауарларды жеткізіп беруі, жұмыстарды орындауы және қызметтерді көрсетуі;

5) өтемсіз қаржылық көмек - Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелеріне донорлардың тауарларды жеткізуді қаржыландыру, жұмыстарды орындауы және қызметтерді көрсетуі үшін ақша беруі.

157-бап. Мемлекеттік гранттарды сыныптау

Мемлекеттік гранттар берілу шарты бойынша:

1) байланысты гранттар - Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант беретін донордан одан әрі қарыз алуын немесе мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды көздемейтін гранттар;

2) байланыссыз гранттар - Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант беретін донордан одан әрі қарыз алуын немесе мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды көздемейтін гранттар.

158-бап. Мемлекеттік гранттарды жоспарлау

1. Мемлекеттік гранттарды жоспарлау елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мақсатында және донорлардың мемлекеттік гранттарды беру саясатын ескере отырып оларды тарту туралы шешім қабылдау процесі болып табылады.

2. Мемлекеттік гранттарды жоспарлаудың негізі:

Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімдік жоспары;

донорлардың өтемсіз қаржылық және техникалық көмек беру туралы ұсыныстары болып табылады.

3. Мемлекеттік гранттарды жоспарлау мемлекеттік гранттарды тартуға өтінімдерді қалыптастыруды, табыс етуді және іріктеуді қамтиды.

4. Мемлекеттік гранттарды тартуға өтінімдерді қалыптастыруды мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламалар, сондай-ақ донорлар жасаған ұсыныстар негізінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік гранттарды тартуға өтінімдерді табыс етуді жергілікті атқарушы органдардың экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға өтінімдерін ескере отырып, экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен орталық мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік гранттарды тартуға өтінімдерді іріктеуді экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) мемлекеттік гранттардың тартуға өтінімдердің Қазақстан Республикасының орта мерзімдік әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарға сәйкестігі;

2) мемлекеттік гранттарды тартуға өтінімдердің донорлардың мемлекеттік гранттарды беру саясатына сәйкестігі негізінде жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік гранттарды тартуға іріктелген өтінімдердің негізінде экономикалық

жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік гранттарды тартуға басым өтінімдердің тізбесін қалыптастырады.

36-тарау. Мемлекеттік гранттарды тарту және пайдалану

159-бап. Мемлекеттік гранттарды тарту

1. Мемлекеттік гранттарды тартуға басым өтінімдер тізбесінің негізінде экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган донорларға мемлекеттік гранттарды беруге өтінімдерді жолдайды.

2. Мемлекеттік гранттарды беруге донорларға өтінімдерге жолдама донорлар бекіткен нысан бойынша жүзеге асырылады, оларды толтыруды экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган сұранысы негізінде тиісті орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

3. Байланыссыз мемлекеттік гранттарды тартуға донорларға өтінімдерді мақұлдау кезінде экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдарды оны беру туралы келісімді әзірлеу және келісу жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажеттігі туралы хабарландырады.

4. Байланысты мемлекеттік гранттарды тартуға донорларға өтінімдерді мақұлдаған жағдайда оны тартудың пайымдылығын тиісті бюджет комиссиялары айқындайды. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган байланысты мемлекеттік гранттарды тартуға өтінімдер тізбесін қалыптастырады және оны бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға не жергілікті атқарушы органға тиісті бюджет комиссияларында қарауға өтінімдерді енгізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін жібереді.

5. Байланысты мемлекеттік грантты беру туралы келісімді әзірлеу және келісу жөніндегі жұмыстарды жүргізу тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін жүзеге асырылады.

6. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік гранттарды тартуға арналған басым міндеттердің тізбесіне сәйкес мемлекеттік гранттарды тарту туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын табыс етеді.

160-бап. Мемлекеттік гранттарды пайдалану

1. Мемлекеттік гранттарды пайдалануды мемлекеттік мекемелер - мемлекеттік гранттар туралы донорлар белгілеген рәсімдерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік гранттарды алушылар жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік мекемелер - мемлекеттік грантты алушылар: мемлекеттік грант туралы келісімде көзделген өзі қабылдаған міндеттемелерді у а қ т ы л ы о р ы н д а у д ы ;

алынған мемлекеттік гранттарды мақсатты және тиімді пайдалануды; мемлекеттік гранттар есебінен сатып алынған жабдықтар мен материалдарды б а л а н с қ а қ о ю д ы ;

мемлекеттік гранттар есебінен сатып алынған тауарлар импорты кезінде кедендік рәсімдерді уақтылы жүргізуді қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік грантты пайдалануды аяқтаған бойда мемлекеттік мекемелер - мемлекеттік гранттарды алушылар экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға донордың уәкілетті өкілі және оның өтінімі бойынша мемлекеттік грантты тарту жүзеге асырылған орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы қол қойған мемлекеттік грантты пайдаланудың аяқтауы туралы түбегейлі есепті жасап, табыс етеді.

37-тарау. Мемлекеттік гранттарды пайдалану мониторингі және оларды пайдалану тиімділігін бағалау

161-бап. Мемлекеттік гранттарды пайдалану мониторингі

1. Мемлекеттік гранттарды пайдалану мониторингі:

1) орталық мемлекеттік органдардың мемлекеттік гранттарды пайдалану барысы және нәтижелері туралы ақпаратын жинауды және өңдеуді;

2) орталық мемлекеттік органдардың мемлекеттік гранттарды пайдалану барысы және нәтижелері туралы есептерді экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға табыс етуін көздейді.

2. Мемлекеттік гранттарды пайдалану барысы және нәтижелері туралы есептіліктер мен ақпараттарды табыс етудің мерзімдері мен нысанын экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

3. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мониторингі деректерінің негізінде мемлекеттік гранттарды пайдалану туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына жыл сайын табыс етеді.

162-бап. Мемлекеттік гранттардың пайдаланылу тиімділігін бағалау

1. Мемлекеттік гранттардың пайдаланылу тиімділігін бағалауды экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады және мемлекеттік гранттарды тарту, алынған деректерді талдау мен мемлекеттік гранттарды тарту және тиімділігін бағалау нәтижелері мен салдарлары туралы деректерді жинауды көздейді.

2. Мемлекеттік гранттардың пайдаланылу тиімділігін бағалау мемлекеттік гранттарды тартудың жоспарланған және қол жеткен нәтижелерін салыстыру, сондай-ақ мемлекеттік гранттарды пайдалану тиімділігіне әсер ететін сыртқы факторларды бағалау арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік гранттың пайдаланылу төзімділігін бағалау оны пайдалану кезеңінің аяқталуы бойына, сондай-ақ отты пайдаланудың үшінші жылының өтуі бойына жүзеге асырылады.

4. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік гранттардың пайдаланылу тиімділігін бағалау үшін деректерді табыс етуді орталық мемлекеттік органдар мемлекеттік гранттарды тарту жүзеге асырылатын өтінім

бойынша экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген құрам мен тәртіпте жүзеге асырады.

5. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардан осы органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік гранттардың пайдаланылу тиімділігін бағалау үшін қажетті ақпаратты табыс етуді сұратуға құқылы.

6. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган табыс етілген деректердің негізінде мемлекеттік гранттардың пайдаланылу тиімділігін бағалау үшін ақпаратты қалыптастырады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді.

10-бөлім. Бюджеттік кредиттеу

38-тарау. Бюджеттік кредиттеудің жалпы ережелері

163-бап. Бюджеттік кредиттеу туралы негізгі ережелер

1. Бюджеттік кредит - бюджеттен қайтарымды, мерзімді және ақылы негізде бөлінетін ақша.

2. Бюджеттік кредиттеу - бюджеттік кредитті табыс ету туралы шешім қабылдауды, оны табыс етуді, пайдалануды, қызмет көрсету мен қайтаруды қамтамасыз ететін процесс.

3. Кредиттік шарт (келісім) - кредитор мен қарызшының арасындағы бюджеттік кредиттеу кезінде тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін шарт.

Бюджеттік кредиттер:

орта мерзімдік әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға; мемлекеттерінің сыртқы экономикалық қызметін іске асыруға; облыс бюджеттерінің, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің кассалық алшақтығын жабуға жұмсалады.

5. Бюджеттік кредиттер бағыттар бойынша, республикалық және /немесе жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларда көзделген сома шегінде табыс етіледі.

6. Бюджеттік кредиттер заемшылардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және толықтыруға, сенім білдірілген (агенттерге) қызметтерді төлеу мен шаруашылық қызметтің шығындарын жабуға берілмейді.

7. Бюджеттік кредиттер заемшының бюджеттік кредиттер жөніндегі міндеттемелерінің орындалуы қамтамасыз етілгенде ғана беріледі.

8. Бюджеттік кредиттер бұрын табыс етілген бюджеттік кредиттер бойынша берешегі жоқ қарызшыларға беріледі.

9. Бюджеттік кредиттер осы Кодекске, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Қазақстан Республикасының бюджеттік кредиттік саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

164-бап. Бюджеттік кредиттеу қағидаттары

Бюджеттік кредиттеу мынадай қағидаттарға:

- 1) кредит шартына (келісіміне) сәйкес тиісті бюджетке бюджеттік кредитті міндетті қайтаруды көздейтін қайтарымдылық қағидатына;
- 2) заң әдістерімен міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді көздейтін қамтамасыз етілу қағидатына;
- 3) бюджеттік кредитті пайдаланғаны үшін қарызшыға ақы төлеуді көздейтін ақылылық қағидатына;
- 4) бюджеттік кредитті берудің мерзімін белгілеуді көздейтін мерзімділік қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

165-бап. Бюджеттік кредиттеу өлшемдері

Бюджеттік бағдарлама мынадай өлшемдер сақталған кезде бюджеттік кредит беру арқылы іске асырылады:

- 1) орта мерзімдік әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес келу;
- 2) бюджеттік инвестициялардың мемлекеттік инвестициялық саясаттың басымдығына сәйкес келу;
- 3) бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын шаралардың өзін ақтауы;
- 4) бюджеттік кредиттеу кезеңінде қарызшының кредиттік қабілеті.

166-бап. Бюджеттік кредиттеу субъектілері

1. Бюджеттік кредиттеу субъектілері кредитор, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі, қарызшы, соңғы қарызшы, сенім білдірілген (агент) болып табылады.

2. Бюджеттік кредиттеу субъектілерінің құқықтары мен міндеттері кредиттік шартта және/немесе осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес тапсырмалық шартта (келісімде) белгіленеді.

167-бап. Кредитор

1. Кредитор - бюджеттік және азаматтық заң актілеріне сәйкес бюджеттік кредит беретін кредит шартының тарапы.

2. Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде кредитор Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Бюджеттік кредиттеу кезінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет етеді.

3. Жергілікті бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде кредитор жергілікті атқарушы орган болып табылады.

4. Кредитор жасалған кредит шартының (келісімінің) талаптарының орындалуы үшін бюджеттік кредиттің уақтылы және толық қайтарылуын бақылауды жүзеге асырады, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік кредиттеуді қамтамасыз етеді.

168-бап. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік кредиттеу кезінде кредиттік шарттың (келісімнің) тарапы болып табылады және: конкурстық негізде қарызшы банктерді және сенімгер (агенттерді) айқындауды; бюджеттік кредиттерді мақсатты және тиімді пайдалану өтеу және оларға қызмет көрсету үшін бақылау мен мониторингті жүзеге асырады.

169-бап. Бюджеттік кредиттер қарызшылары

1. Қарызшы - бюджеттік кредитті алушы, негізгі қарызды өтеу және сыйақы, сондай-ақ кредит шарттарына (келісімдеріне) сәйкес басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді алатын кредит шартының тарапы.

2. Бюджеттік кредит қарызшылары: жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының азаматтары; қарызшы банктер - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері және Қазақстан Республикасының банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде қаржылық даму ұйымдары. жергілікті атқарушы органдар;

шетел мемлекеттері болуы мүмкін.

170-бап. Бюджеттік кредиттердің соңғы қарызшылары

1. Соңғы қарызшы кредитор белгілеген шарттарда қарызшы банк өзіне берген бюджет кредитін соңғы алушы.

2. Бюджеттік кредиттердің соңғы қарызшылары Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.

3. Соңғы қарызшыларды іріктеуді және кредиттеуді бюджеттік бағдарламаны тағайындауға, сондай-ақ өздерінің кредиттік саясатына сәйкес қарызшы банктер жүзеге асырады.

171-бап. Бюджеттік кредиттеу кезіндегі сенім білдірілген (агенттер)

1. Сенім білдірілген (агент) - кредитордың (сенім білдірушінің) атынан, соның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредиттеумен байланысты белгілі бір тапсырмаларды жасайтын тапсырма шартының тарапы.

2. Бюджеттік кредиттеу кезіндегі сенім білдірілген (агент): қарызшы жеке тұлғаларды анықтау және олармен кредиттік шарттар (келісімдер) ж а с а с у ;

бюджеттік кредиттерге қызмет көрсету;
қарызшылармен есеп айырысуды жүргізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берешектерді өндіріп алу жөніндегі тапсырмаларды орындауы мүмкін.

3. Екінші деңгейдегі банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, оның ішінде қаржылық даму ұйымы бюджеттік кредиттеу кезінде сенім білдірілген (агент) болып табылады.

4. Сенім білдірілген (агентті) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган немесе бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес белгілейді.

5. Сенім білдірілген (агентке) тапсырмаларды орындағаны үшін сыйақы төлеуді тиісті бюджеттердің қаражаты есебінен кредитор (сенім білдіруші) жүзеге асырады.

Сенім білдірілген (агенттің) тапсырмаларды орындағанына сыйақы төлеу мөлшері тапсырма шарттарында белгіленеді.

39-тарау. Бюджеттік кредиттеу шарттары

172-бап. Бюджеттік кредиттердің негізгі шарттары

1. Кредиттік шарттар (келісімде) міндетті түрде бюджеттік кредиттің мынадай негізгі шарттары:

бюджеттік кредит беру мақсаты кредит сомасы;
кредит валютасы;
бюджеттік кредит мерзімі;
бюджеттік кредитті игеру кезеңі;
кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы ставкасы көрсетілуі тиіс.

2. Бюджеттік кредиттің негізгі шарттары мен қарызшылардың санаты кредитордың шешімімен белгіленеді.

3. Кредиттік шартқа (келісімге) қосымша, оның ішінде бюджет кредитін беру әдістерін, бюджет кредитін өтеу және оған қызмет көрсету кестелерін, бюджет кредиті бойынша міндеттемелердің атқарылуын қамтамасыз ету әдістерін айқындайтын шарттар енгізіледі.

173-бап. Бюджеттік кредит мерзімі

1. Бюджеттік кредит мерзімі - уақыттың белгілі бір мерзімі, оның ішінде қарызшы бюджеттік кредит алып, пайдаланады, бюджеттік кредитке қызмет көрсетуді және оны қайтаруды жүзеге асырады.

2. Бюджеттік кредиттің мерзімі бюджеттік кредиттің қаражатын кредитордың шотынан аударған кезден бастап есептеледі.

3. Берілу мерзіміне байланысты бюджеттік кредиттер мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) қысқа мерзімді - қоса алғанда бір жылға дейін;
- 2) орта мерзімді - бір жылдан қоса алғанда бес жылға дейін;
- 3) ұзақ мерзімді - бес жылдан отыз жылға дейін.

174-бап. Бюджеттік кредитті игеру кезеңі

1. Бюджеттік кредитті игеру кезеңі - қарызшы бюджеттік кредит беру мақсаттарына сәйкес шараларды іске асыру үшін бюджет кредитін пайдалана алатын белгілі бір уақыт кезеңі.

2. Бюджеттік кредиттің пайдаланылмаған бөліп игеру кезеңі аяқталған күннен бастап үш күн ішінде тиісті бюджетке қайтарылуға тиіс.

175-бап. Бюджеттік кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістері

1. Бюджеттік кредит бойынша міндеттемелердің орындалуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген кепілдіктермен және басқа әдістермен қамтамасыз етеді.

2. Бюджеттік кредитті қайтаруды қамтамасыз етудің құны сыйақыны ескергендегі бюджеттік кредит сомасынан кем болмауға тиіс.

3. Бюджеттік кредитті қайтаруды қамтамасыз етуді бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджеттік кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді бағалау жөніндегі қызметтерге ақы төлеуді қарызшы жүргізеді.

176-бап. Сыйақы ставкасы

1. Сыйақы - қарызшы бюджеттік кредитті пайдаланғаны үшін жүзеге асыратын ақы.

2. Сыйақы ставкасы - жылдық проценттерден көрінетін ақы шамасы.

3. Сыйақы ставкасы тіркелген немесе құбылмалы болуы мүмкін.

Тіркелген сыйақы ставкасы - сыйақы ставкасы, оның шамасы кредиттің бүкіл кезеңіне өзгеріссіз белгіленеді.

Құбылмалы сыйақы ставкасы - капитал рыноктарындағы жағдаятқа байланысты өзгеріп тұратын сыйақы ставкасы.

4. Сыйақы ставкасы бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті түрлері бойынша табыстылықтың орташа безбенделген ставкасынан кем емес мөлшерде белгіленеді.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тиісті мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстылықтың орташа безбенделген ставкасын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

177-бап. Бюджеттік кредит беру әдісі

Б ю д ж е т т і к к р е д и т :

қ а р ы з ш ы н ы ң т ө л е м к ұ ж а т т а р ы н т ө л е у ;

бір мерзімде не аудару кестесіне сәйкес бөліктер бойынша немесе қарызшының тиісті құжаттар беруімен қарызшының банк шотына аудару арқылы беріледі.

178-бап. Бюджеттік кредитті өтеу және оған қызмет көрсету кестесі

1. Бюджеттік кредитті өтеу және оған қызмет көрсету кестесі бюджеттік кредитті өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің мерзімдерін, кезеңділігін белгілейді.

2. Кредиттік шартта (келісімде) жеңілдік кезеңін беру көзделуі мүмкін.

Жеңілдік кезеңі - бюджеттік кредит мерзімінің құрамына кіретін, заемшы кредитті қайтаруды және/немесе сыйақы төлеуді жүзеге асырмайтын белгілі бір уақыт кезеңі.

40-тарау. Бюджеттік кредиттеу рәсімдері

179-бап. Бюджеттік кредит беру туралы шешім қабылдау

Бюджеттік кредит беру туралы шешім қабылдау:

1) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мемлекеттік, салалық (секторлық), өңірлік бағдарламалар шараларын бюджеттік кредиттеудің, әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімдік жоспары мен орта мерзімді фискалдық саясаттың орындылығын айқындауды;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік кредиттеу, бюджеттік кредиттеудің өлшемдері арқылы іске асыруға көзделетін бюджеттік бағдарламаларға сәйкес келуі нысанасында бюджеттік өтінімдерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қарауын;

бюджеттік өтінімді және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындыларын бюджет комиссиясы қарауын;

бюджет комиссиясының оң шешімі кезінде тиісті қаржы жылына арналған бюджет жобасына бюджеттік бағдарламаларды енгізуді қамтиды.

180-бап. Бюджеттік кредит беру рәсімі

1. Бюджеттік кредит беру рәсімі мынадай кезеңдерді:
бюджеттік кредиттің негізгі шарттарын белгілеуді;
қарызшыны белгілеуді;

кредиттік шарттар (келісімдер) мен олармен байланысты шарттар жасауын;
қарызшыға бюджеттік кредит беруді қамтиды.

2. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері кезекті қаржы жылына арналған тиісті бюджеттер бекітілгеннен кейін бюджеттік кредиттердің негізгі шарттары туралы кредитор шешімдерінің жобаларын бекітуге енгізеді.

3. Қарызшылар:

1) жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджеттік кредиттеу кезінде тапсырма шартына сәйкес сенім білдірілген (агенттер);

2) қарызшы банктердің бюджеттік кредиттеуі кезінде конкурс нәтижесі бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып белгіленеді.

Қарызшы банктерді іріктеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді ;

3) бюджеттік кредиттеу кезінде осы Кодекске сәйкес жергілікті атқарушы органдар;

4) бюджеттік кредиттеу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарына сәйкес шетел мемлекеттері.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары заң актілерімен белгіленген жағдайларда бюджеттік кредиттер алады.

Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджеттік кредиттеу сенім білдірілген (агенттер) арқылы жүзеге асырылады.

5. Шетел мемлекеттеріне бюджеттік кредиттер республикалық бюджет қаражаты

есебінен беріледі және мемлекеттік кредиттер болып табылады.

Шетел мемлекеттерінің Қазақстан Республикасы алдындағы қарызы мемлекеттік кредит бойынша негізгі қарызды құрайды.

6. Бюджеттік кредитті беру кредиттік шартты (келісімді) және бюджеттік кредитті қайтаруды қамтамасыз етуді растайтын құжаттарды ресімдегеннен және тіркегеннен кейін жүзеге асырылады.

Шетел мемлекеттерін бюджеттік кредиттеу қарызшы кредит шартына (келісіміне) міндетті күш беру үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімді өткізген жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Бюджеттік кредит беру кезінде қажетті құжаттар тізбесін бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қаржылық рәсімдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленеді.

181-бап. Бюджеттік кредитті пайдалану

Заемшы бюджеттік кредит қаражатын бюджеттік бағдарлама паспорты мен кредиттік шартта (келісімде) көзделген мақсаттарға пайдаланады.

Заемшы бюджеттік кредитті мақсатқа сай пайдаланбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жауапкершілікті көтереді.

182-бап. Бюджеттік кредиттерге қызмет көрсету

1. Бюджеттік кредитке қызмет көрсету - бюджеттік кредит қаражатының пайдаланылуын есепке алу және қарызшының кредиттік шартқа (келісімге) сәйкес негізгі борышты, сыйақыны және басқа да төлемдерді өтеуге төлемдер төлеуді жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органның қызметі уақтылы жүзеге асыруы.

Негізгі борыш - ол бойынша есептелген сыйақы, комиссиялық төлемдер мен айыппұлдар сомасын ескермей алынған және өтелмеген кредит (негізгі борыш) сомасы.

2. Негізгі қарызға қызмет көрсету - кредиттік шарт (келісім) шарттарына сәйкес, белгілі бір уақыт кезеңінде сыйақы, өзге де төлемдердің жиынтық төлемдері.

Берешек - бюджеттік кредитті өтеу және оған қызмет көрсету кестесіне (кредиттік шартқа) сәйкес мерзімі келген, қарызшы төлемеген төлемдер сомасы.

3. Сыйақыны есептеу кредитордың шотынан бюджеттік кредит аударылған күннен бастап оны толық өтеген күнге дейін бюджеттік кредит бойынша негізгі қарыз сомасына қойылған сыйақы ставкасы бойынша жүргізіледі.

4. Сыйақыны есептеу тәртібі кредиттік шартта (келісімде) белгіленеді.

Сыйақыны есептеу үшін жылына 360 күн және айына 30 күн есепке алынады.

Төлем мерзімі басталған кезде қарызшы негізгі борыш және сыйақы бойынша ақшалай қаражатты тиісті бюджетке төлем тапсырмасымен аудару арқылы кезекті төлемдерді жүзеге асыруға міндетті.

5. Бюджеттік кредиттерге қызмет көрсету төлемдердің мынадай кезектілігімен

жүзеге

асырылады:

өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептеу;
сыйақыны есептеу;

негізгі қарызды өтеу.

183-бап. Бюджеттік кредиттерді өтеу

1. Бюджеттік кредитті өтеу кредиттік шартқа (келісімге) және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бюджеттік кредит бойынша негізгі қарызды қарызшының төлеуі (қайтаруы).

2. Бюджеттік кредиттер қарызшыларының кредитормен немесе сенім білдірілген (агентпен) келісім бойынша кредитті мерзімінен бұрын қайтаруға құқығы бар.

Кредиттік шарттың (келісімнің) талаптарын қарызшы бұзған жағдайда немесе тапсырма шартына (келісіміне) сәйкес сенім білдірілген (агенттің) бюджеттік кредитті мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқығы бар.

3. Қарызшыда бюджеттік кредит бойынша берешек пайда болған жағдайда немесе тапсырма шартына (келісіміне) сәйкес сенім білдірілген (агенттің) сенім білдірілген (агент) заңдармен белгіленген тәртіппен кредитті қайтаруды қамтамасыз ететін шаралар қабылдайды.

4. Бюджеттік кредиттерді өтеу жөнінде берешекті өтеу шотына өндіріліп алынған мүлік заңдармен белгіленген тәртіппен сатылуға және/немесе мемлекеттік меншікке қабылдануға тиіс.

5. Бюджеттік кредитті өтеу шотына мемлекеттік меншікке қабылданған мүлікті бағалау тиісті бюджеттің қаражаты есебінен төленеді.

6. Бюджеттік кредит бойынша берешекті өтеу шотына мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдау кезінде кредитордың талаптары мүліктің құны сомасымен тоқтатылады.

7. Бюджеттік кредит бойынша жергілікті атқарушы органда берешек пайда болған немесе оны бюджеттік кредиттің мақсатты міндетіне пайдаланбаған жағдайда кредитор жергілікті бюджет шотынан берешек сомасын немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мақсатты міндеті бойынша пайдаланылмаған соманы есептен шығаруды жүзеге асырады.

41-тарау. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау және заемшыны ауыстыру

184-бап. Бюджеттік кредиттерді қайта құрылымдау

1. Бюджеттік кредиттерді қайта құрылымдау - тараптардың келісімі бойынша бюджеттік кредиттер талаптарының өзгеруі.

2. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы шешім қарызшының қаржылық жай-күйін талдау негізінде, қарызшыда қаржылық жағдайды сауықтыру жөнінде жоспар болған жағдайда қабылданады.

3. Қайта құрылымдау:

негізгі борышты өтеу және/немесе сыйақыны төлеу мерзімдерінің өзгеруі;

бюджеттік кредит, кредит бойынша сыйақы мен өзге де төлемдер жөнінде берешекті капиталдандыру (жиынтықтау) арқылы жүзеге асырылады.

4. Бюджеттік кредиттерді қайта құрылымдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы орган жанындағы бюджеттік консультациялық-кеңесші органның оң қорытындысы болған кезде әрбір кредиттік шарт (келісім) бойынша кредитор шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

5. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау көп дегенде бір рет жүзеге асырылуы мүмкін.

Бюджеттік кредиті қайта құрылымдау кредиттік шартқа (келісімге) қосымша келісімге қол қою арқылы ресімделеді.

185-бап. Бюджет кредиті бойынша қарызшыны ауыстыру

Бюджеттік кредит бойынша қарызшыны ауыстыруға кредитор шешімінің негізінде кредит шарты (келісімі) тараптарының келісімі бойынша жол беріледі.

Қарызшыларды ауыстыру қарызды аудару арқылы, оның ішінде өндірілген (көзделген) мүлікті бюджеттік кредит бойынша қарызды өтеу шотына беру кезінде жүзеге асырылады.

42-тарау. Талап мерзімінің ескіруі, бюджеттік кредит бойынша талаптардың тоқтатылуы

186-бап. Бюджеттік кредиттер бойынша талап мерзімінің ескіруі

Бюджеттік кредиттер қарызшыларына кредитор талаптарына туыну мерзімінің ескіруі қолданылмайды.

187-бап. Бюджеттік кредит бойынша талаптардың тоқтатылуы

1. Бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі кредитордың талаптары қарызшылар кредиттік шарт жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде тоқтатылады.

2. Бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі міндеттемелердің орындалмаған бөлігіндегі кредитордың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заемшыны т а р а т а о т ы р ы п т о қ т а т ы л а д ы .

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес кредитор талаптарының тоқтатылуы заңдарда көзделген міндеттемелерді орындауды бағалау жөніндегі рәсімдер алдын ала жү р г і з і л г е н н е н к е й і н :

республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша - тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы з а ң ы н ы ң н е г і з і н д е ;

жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша - мәслихаттың шешімі негізінде тоқтатылады.

43-тарау. Бюджеттік кредиттер бойынша бақылау, мониторинг, есепке алу

188-бап. Бюджеттік кредиттерді бақылау

1. Кредитор және/немесе сенім білдірілген (агент) бюджеттік кредитті мақсатты пайдалануға және ол жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің

болуына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бақылау жүргізеді.

Бюджеттік кредитті мақсатты және тиімді пайдалануға жергілікті жерлерде тексерулерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жүзеге асыруы мүмкін.

2. Бюджеттік кредитті мақсатты міндеті бойынша пайдаланбау фактісі анықталған жағдайда кредитор немесе сенім білдірілген (агент) заемшыдан кредиттің заңсыз пайдаланылған сомасын кредиттік шартта (келісімде) белгіленген мөлшерде айыппұл ала отырып өндіріп алады.

189-бап. Бюджеттік кредиттер мониторингі және есепке алу

1. Тиісті бюджеттерден берілетін бюджеттік кредиттер бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті тіркеуге, есепке және мониторингке алынуға тиіс.

2. Жергілікті бюджеттерден ұсынылатын барлық бюджет қаражаттары жасалған кредиттер шарттары (келісімдері) туралы, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысандар мен мерзімдер бойынша бюджеттік кредиттерді нақты ұсыну, қызмет көрсету және өтеу туралы жергілікті атқарушы органдардың есептілігі негізінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның орталықтанған есебіне алынуға тиіс.

3. Кредиторлар заемшылар мен сенім білдірілген (агенттердің) кескіндісінде барлық ұсынылған бюджеттік кредиттердің тізілімін жүргізеді.

4. Бюджеттік кредиттерді пайдаланудың тиімділігін бағалауды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

11-бөлім. Мемлекет кепілдік берген мемлекеттік қарыз алу және борыш

43-тарау. Мемлекет кепілдік берген мемлекеттік қарыз алу және борыш туралы жалпы ережелер

190-бап. Осы бөлімде қолданылатын ұғымдар

Осы бөлімде мынадай ұғымдар қолданылады:

аваль - вексельдік кепілгерлік, оны жасаған тұлға вексель бойынша міндетті басқа тұлға үшін вексель бойынша төлем (толығымен немесе бөлікпен) жасауға өзіне міндеттеме алады;

сыртқы қарыз - қарыз беруші Қазақстан Республикасының резидент еместері, ал қарызшы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының резиденті болатын қарыз қарым-қатынастары;

ішкі қарыз - қарыз беруші Қазақстан Республикасының резиденттері, ал қарызшы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының резиденті болатын қарыз-қарым-қатынастары;

банк кепілдігі - қарызшы белгіленген мерзімде қарыз туралы шарт (келісім) бойынша өзінің есептелетін соманы төлемеген жағдайда бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның алдындағы мемлекеттік емес берешекті өтеу жөніндегі

б а н к т і ң

м і н д е т т е м е с і ;

мемлекет кепілдік берген борыш - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар, белгілі бір күнге алынған және өтелмеген мемлекеттік емес қарыздар с о м а с ы ;

мемлекет кепілдік берген қарыз - ол бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес қарыз;

мемлекеттік қарыз - қарызшы Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары болатын қарыз қарым-қатынастары;

мемлекеттік борыштық бағалы қағаз - қарызшы Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы орган немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болатын, қарыз қарым-қатынастарында оны ұстаушының мүлдіктік құқықтарын куәландыратын борыштық бағалы қағаз;

ақша рыногы - қысқа мерзімдік (бір жылға дейін) таратылатын қаржы құралдары;

қарыз туралы шарт (келісім) - оған байланысты қарызшы қарыз қаражатын алатын және қарыз берушінің алдында оны қайтару жөнінде және сыйақыны (мүддені), сондай-ақ қарызға байланысты басқа да төлемдерді төлеу жөнінде міндеттемелерде болатын құқықтық қатынастарды тіркейтін құжат;

қарыз беруші - мемлекет кепілдігіне мемлекеттік немесе мемлекеттік емес қарыздарды ұсынған Қазақстан Республикасының резиденті немесе резидент емесі;

қарыз алу - қарыз қаражатын тарту қажеттігі туралы шешім қабылдау, қарыз тарту тәртібі мен шарттарын белгілеу, пайдалану, өтеу және қызмет көрсету рәсімдерін, келіссөздер, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және кепілдік беру, қарыз бойынша тиісті құжаттарды ресімдеу және оларға қол қою, қарыз шартын бекіту (мемлекеттік сыртқы қарыз алу кезінде), тараптардың міндеттемелерді орындауын есепке алу, бақылау және талдау рәсімдерін қоса алғанда қарыз қаражатын алу, пайдалану рәсімдерін қамтитын процесс;

мемлекеттік кепілдіктерді ұсыну лимиті - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген, оның шегінде Қазақстан Республикасы мемлекетінің кепілдігі берілуі мүмкін тіркелген сома;

жергілікті атқарушы орган борышының лимиті - жергілікті атқарушы органның алынған және өтелмеген қарыздарында тиісті қаржы жылына жергілікті бюджетте бекітілген, берілген күнге (қаржы жылының аяғына) жергілікті атқарушы органның нақты борышынан асып кетпеуі тиіс тіркелген сома;

үкіметтік борыш лимиті - тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің берілген күнге (қаржы жылының аяғына) нақты борышынан асып кетпеуі тиіс алынған және өтелмеген үкіметтік қарыздардың тіркелген сомасы;

борыш мониторингі - борышты есепке алу, талдау және қалыптастыру, өзгерту

және қызмет көрсету процесін бақылау жөніндегі үкіметтің өздерінің уәкілетті органы
а р қ ы л ы қ ы з м е т ;

мемлекеттік емес қарыз - Қазақстан Республикасының Үкіметін, Ұлттық Банкі мен жергілікті атқарушы органдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті қарызшы болатын қарыз қарым-қатынастары;

сыйақының (мүдденің) тіркелмеген (құбылмалы) ставкасы - рынок жағдаятына байланысты өзгерістерге ұшыраған сыйақымен (мүддемен) бірге бағалы қағаздар жөнінде кредиттер, қарыз немесе кіріс бойынша сыйақы (мүдде) ставкасы;

борышқа қызмет көрсету - қарыз алу шарттарынан туындайтын уақыттың белгілі бір кезеңіндегі комиссиялық сыйақының (мүдденің), айыппұлдар мен өзге де төлемдерді жиынтықты төлеу;

қарызды өтеу - қарызшының қарыз берушімен белгіленген шарттармен (келісімдермен) алынған сомаларды қайтаруы (өтелімі), белгіленген тәртіппен басқа да борыш болатын міндеттемелерді орындау;

бағдарламалық қарыздар - халықаралық қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту және реформалау жөніндегі шараларымен келісілген орындау шарттарымен олардың Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкіне ұсынған қарыздары;

үкіметтік борыш - Қазақстан Республикасы алған және өтемеген, сондай-ақ заң актілерімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілі бір күнге борыштық міндеттемелерінің борышына жатқызылған мемлекеттік қарыздар;

мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды орналастыру - Қазақстан Республикасы Үкіметі мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарын бірінші иеленушінің азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау арқылы иеліктен шығаруы;

мемлекеттік борышты қайта қаржыландыру - жаңадан қарыз алу қаражаты есебінен мемлекеттік борышты өтеу;

қарызды қайта құрылымдау - тараптардың келісімі бойынша қарыз туралы шарт (келісім) бойынша міндеттемелерді өздерінің орындау мерзімдерін, қаржылық және өзге де талаптарды өзгертуі;

Қазақстан Республикасының резиденттері - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орналасқан жері Қазақстан Республикасында құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ орналасқан жері Қазақстан Республикасы мен оның шегінен тыс жерлердегі олардың филиалдары мен өкілдіктері;

негізгі борыш сомасы - қарыз берушіге алынған және қайтарылмаған қарызды ол бойынша комиссиялық сыйақының (мүдденің) және айыппұлдардың есептелген сомасын есепке алмастан өтелуге тиісті сома.

191-бап. Қарыз алу туралы жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының мемлекет кепілдік берген қарыз алудағы қарыз алуы Қазақстан Республикасының

бюджеттік заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыз алуы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы заңдарымен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдарының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыз алуы мемлекеттік қарыз алу болып табылады.

3. Мемлекеттік емес қарыз алуды Қазақстан Республикасының резиденттері кез келген мөлшерде дербес, кез келген валютада және кез келген нысанда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мемлекеттік емес қарыз алуды жүзеге асыруға құқылы емес.

Мемлекеттік емес заемдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен заңды тұлғалардың тартылуы мүмкін.

Мемлекет кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздардың қарыз туралы шарт (келісім) нысаны болуға тиіс.

192-бап. Мемлекеттік қарыздардың түрлері мен нысандары

1. Мемлекеттік қарыздар қарызшыға қатысты:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыздары;
- 3) Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының қарыздары болып бөлінеді.

2. Несие капиталының рыноктарына қарай мемлекеттік қарыздар: мемлекеттік сыртқы қарыздар; мемлекеттік ішкі қарыздар болып бөлінеді.

3. Қарыз алу нысаны бойынша мемлекеттік қарыздар: мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар эмиссиясы; қарыз туралы шарттар (келісімдер) жасасу болып бөлінеді.

4. Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар қолданыстағы мерзіміне қарай:

- 1) 1 жылға дейінгі өтініш мерзімін қоса алғанда, қысқа мерзімдік;
- 2) 1 жылдан 5 жылға дейінгі өтініш мерзімін қоса алғанда, орта мерзімдік;
- 3) 5 жылдан асатын өтініш мерзімін қоса алғанда, ұзақ мерзімдік болып бөлінеді.

Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар құжаттамалық және құжаттамасыз нысанда шығарылуы мүмкін. Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар талап етушіге құжаттамалық нысанда ғана шығарылуы мүмкін. Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар нақты және дисконттық құны бойынша сыйақының (мүдденің) тіркелген және тіркелмеген (құбылмалы) ставкасымен шығарылуы мүмкін.

193-бап. Мемлекеттік борыш

1. Мемлекеттік борыш - белгілі бір күнге алынған (игерілген) және өтелмеген мемлекеттік қарыздардың сомасы, сондай-ақ заң актілерімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышына немесе мәслихаттардың шешімдерімен - жергілікті атқарушы органдардың борышына жатқызылған белгілі бір күнге белгіленген борыштық міндеттемелер.

2. Мемлекеттік борыш мемлекеттік ішкі және сыртқы борышты қамтиды.

3. Мемлекеттік ішкі борыш - Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкінің және жергілікті атқарушы органдарының Қазақстан Республикасының қарыз беруші резиденттерінің алдындағы мемлекеттік ішкі қарыздар мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамды бөлігі.

4. Мемлекеттік сыртқы қарыз - Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының қарыз беруші резидент еместерінің алдындағы мемлекеттік сыртқы қарыздар мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борышының құрамды бөлігі.

194-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарызды өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің қаражатымен қамтамасыз етілетін үкіметтік борышты өтеу және қызмет көрсету жөнінде міндеттілікте болады.

2. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары жергілікті бюджеттердің қаражатымен қамтамасыз етілетін өздерінің борышын өтеу және қызмет көрсету жөнінде міндеттілікте болады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар бір-бірінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелері қарыз берушіге негізгі борышты қайтарған және борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдерді толық көлемде төлеген кезде орындалған болып е с е п т е л е д і .

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар тиісінше үкіметтік борыш және жергілікті атқарушы органдардың мониторингін борышты қалыптастыру, өзгерту және қызмет көрсету процесін есепке алуды, талдауды және бақылауды жүзеге асыру арқылы жүзеге асырады.

195-бап. Мемлекеттік борышты басқару

Мемлекеттік борышты басқару мыналарды қамтиды:

1) алдағы орта мерзімдік кезеңдегі мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыштың жай-күйін ондағы көрсеткіштерді үкіметтік борышты және жергілікті атқарушы органдар борышын өтеудің, және қызмет көрсетудің, лимиттің, мемлекеттік кепілдіктерді ұсынудың белгіленген көлемдеріне сәйкес айқындай отырып

жыл сайын бағалау және болжамдау.

Алдағы орта мерзімдік кезеңдегі мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыштың жай-күйін жыл сайын бағалау мен болжамдауды әзірлеуді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның қатысуымен республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімдік жоспары, жинақталған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың көлемдері мен құрылымы негізінде жүзеге асырады;

2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңында бекітілген үкіметтік борышының лимитін және мемлекеттік кепілдіктерді ұсынудың лимитін айқындау;

3) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандары мен шарттарын, үкіметтік борышты өтеу мен қызмет көрсету көлемдерін айқындау;

4) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік заемдарды тіркеуді, мемлекеттік қарыздар алу, өтеу және қызмет көрсету борыш мониторингін жүзеге асыруы;

5) борыш құрылымын оңтайландыру жөніндегі, оның ішінде борышты мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі, эмитенттің ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды сатып алуы мен сатуы жөніндегі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты қайта құрылымдау, борышты қайта қаржыландыру, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу қатерін басқару жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыру.

196-бап. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың жай-күйі туралы мәліметтерді жариялау

Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышының ағымдағы жай-күйі туралы, мемлекеттік борышты өтеу есебіне төленген ақша сомасы туралы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен берілген және кепілдіктер бойынша төленген ақша сомалары туралы мәліметтер ашық болып табылады және бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган статистикалық есеп беру нысанында тоқсан сайын ресми жариялауы тиіс.

44-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы

197-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу мақсаттары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі бюджетінің профициті кезінде үкімет қарызын қайта қаржыландыру үшін қарыз алу жүзеге асырылуы мүмкін.

198-бап. Үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыру

1. Қазақстан Республикасының қарыз алуы Қазақстан Республикасынан Үкіметі белгілеген тәртіппен:

- 1) қарыз алудың қаржылық шегін белгілеу;
- 2) қарыз алудың инвестициялық басымдықтарын айқындау;
- 3) ұсынылған үкіметтік қарыздардың тізілімін қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан заемдар тартуды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз немесе мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар түрі туралы әрбір жекелеген шарты (келісімі) бойынша шешімі негізінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар эмиссиясының көлемдерін, мерзімдерін және шарттарын бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган осындай бағалы қағаздардың эмитенті болып табылады.

199-бап. Үкіметтік қарыз алуды шектеу

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қарыз алуы тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген үкіметтік қарыз лимитімен және үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге бағытталған бюджет қаражаты көлемінде шектеледі.

200-бап. Үкіметтік борышты өтеу және қызмет көрсету

Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышын өтеу және қызмет көрсету, олардың айналысқа шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарын бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында сатып алуды тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында көзделген бюджет қаражаты есебінен бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асырады.

45-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы

201-бап. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу мақсаттары

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала бюджетінің тапшылығын қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыз алу түрінде жүзеге асырылады.

2. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің тапшылығын қаржыландыру үшін, сондай-ақ қассалық алшақтықты жабуға облыстың жергілікті атқарушы органынан қарыз алу түрінде жүзеге асырылады.

3. Жергілікті атқарушы органның қарыздары бойынша алынған қаражаттар тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті атқару тәртібімен аталған мақсаттарға пайдаланылады.

202-бап. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуын шектеу

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, жергілікті атқарушы органының мемлекеттік қарыз алуы жергілікті атқарушы орган борышының белгіленген лимитімен және жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және қызмет көрсетуге бағытталған жергілікті бюджет қаражаты көлемімен шектеледі.

2. Жергілікті атқарушы орган борышының лимитті тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет кірісінің 25 процентін құрайды.

3. Жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстардың көлемі тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет кірістерінің 10 процентінен аспауы тиіс.

203-бап. Жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу және қызмет көрсету

Жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу және қызмет көрсету олар тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражаттар есебінен, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

46-тарау. Мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш

204-бап. Мемлекеттік кепілдік

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік, егемендік) кепілдігі - Қазақстан Республикасының қарызшы резиденті одан есептелетін соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда берешекті толық немесе ішінара өтеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз беруші алдындағы міндеттемесі.

2. Мемлекеттік кепілдіктер заем берушілерге олар алған мемлекеттік емес қарыздар бойынша Қазақстан Республикасы резиденттерінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуі ретінде беріледі.

3. Қарыздар бойынша Қазақстан Республикасы атынан кепілдік берудің ерекше құқығын Қазақстан Республикасы Үкіметі иеленеді.

Мемлекеттік кепілдіктерді беруді Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік кепілдіктерді беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

205-бап. Мемлекеттік кепілдіктер беруді шектеу

1. Мемлекеттік кепілдіктер тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы Заңымен белгіленген лимит шектерінде беріледі.

2. Мемлекеттік кепілдіктер жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын

қамтамасыз ету ретінде берілуі мүмкін емес.

3. Мемлекеттік кепілдік беру лимитінің көлемі осы лимит белгіленген тиісті қаржы жылының шектерінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

206-бап. Мемлекеттік кепілдіктер беру шарттары

1. Мемлекеттік кепілдіктер Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

2. Мемлекеттік кепілдіктер беру осы Кодекстің 207-бабына сәйкес гаранттың міндеттемесін орындау кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі шығаратын бюджет қаражаттарынан қарызшыға қайтарып беру шарттарында жүзеге асырылады.

3. Қарызшыдан мемлекеттік емес қарыз бойынша мемлекеттік кепілдік бергені үшін мемлекеттің жүз процент қатысуымен құрылған заңды тұлғалар үшін мемлекеттік кепілдік сомасының 0,2 % мөлшерінде және өзге де заңды тұлғалар үшін мемлекеттік кепілдік сомасының 2 % мөлшерінде алдын ала біржолғы төлем (алым) алынады.

4. Мемлекеттік кепілдік беру мемлекеттік кепілдікті атқару арқылы республикалық бюджеттен жіберілген қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемелердің орындалуы қамтамасыз етілгенін растайтын ішкі кредиттік келісім мен құжаттар ресімделіп, тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

Ішкі кредиттік келісім - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бойынша міндеттемелердің орындалуына байланысты жіберілген республикалық бюджет қаражатын қайтару жөнінде, мемлекет кепілдік берген қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жөнінде тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық атқарушы орган, сенім білдірілген (агент) пен мемлекет кепілдік берген қарыз қарызшысы арасындағы келісім.

207-бап. Мемлекеттік кепілдік алуудан үміткер тұлғаларға қойылатын талаптар

1. Қарыздар бойынша мемлекет кепілдігін алуға үміткер заңды тұлғаларға осы заңды тұлғалар қарызшы ретінде болғанда мынадай талаптар қойылады:

1) кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушының Қазақстан Республикасының резиденті болуы ;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітілетін тиісті кезеңге арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздар қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылып отырған инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілген жобаларды іске асыруды жүзеге асыруы;

3) банктік қадағалау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган белгілеген қарыздардың қайтарымын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын банк кепілдігінің болуы;

4) салалық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;

5) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы ;

б) экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы ;

7) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы ;

8) мемлекеттік кепілдіктер ретінде бұрын алынған мемлекеттік емес қарыздарды, ол бойынша төлем мерзімдері жақындаған, сондай-ақ заем берушілер алдындағы өзге де мерзімі өткен берешектерді өтеу және қамтамасыз ету бойынша берешектердің болмауы ;

9) жобаның жалпы құнын жаппайтын қарыз тартылған жағдайда, ұсынылып отырған инвестициялық жобаны қоса қаржыландыру бойынша міндеттемелердің қамтамасыз етілуі .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік емес қарыз бен инвестициялық жоба қатерінің шарттарына қарай мемлекеттік кепілдік алудан үміткер тұлғаларға қойылатын қосымша талаптар белгілеуі мүмкін.

208-бап. Мемлекеттік кепілдіктер беруге арналған инвестициялық жобаларды таңдап алу

Мемлекеттік кепілдіктер беруге арналған инвестициялық жобаларды іріктеп алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

209-бап. Мемлекеттік кепілдік нысаны

1. Мемлекеттік кепілдік қарыз берушімен бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жасасқан не мемлекеттік емес қарыз бойынша гаранттың міндеттемесін (кепілдік міндеттемесін) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның қабылдауы туралы қарыз берушіні жазбаша хабардар еткен мемлекеттік кепілдік (кепілдік шартын) ұсыну туралы жазбаша рәсімделген шарт нысанында болуы тиіс.

Мемлекеттік емес сыртқы қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін ұсыну туралы шарт болған кезде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган заң актілерінде белгіленген тәртіппен қарызшының міндеттемесін кепілдендіруге міндетті. Кепілдендіру борышкердің векселінде немесе оған қоса берілген қосымша парақта не ол берілген орын көрсетіле отырып, жеке актімен кепілдендірушінің қол қоюы түрінде рәсімделеді.

Осы баптың, осы Кодекстің 210-бабының талаптарына сәйкес құжат қана мемлекеттік кепілдік болып танылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының қандай да болмасын актілерінің немесе өзге де құжаттарының мемлекеттік кепілдік болатын заң күші болмайды .

2. Әрбір инвестициялық жоба бойынша кепілдік шартына, кепілдік берілген міндеттемеге, заемшының әрбір міндеттемесі бойынша кепілдемелерге бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы қол қояды.

210-бап. Мемлекеттік кепілдіктің мазмұны

1. Кепілдік шартында немесе кепілдік берілген міндеттемелерде:

1) соған сәйкес мемлекеттік кепілдік берілетін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының деректемелері;

2) қарызшының атауы және тұрған жері;

3) қарыз туралы шарттың (келісімнің) тараптары және қарызшының негізгі міндеттемесінің мазмұны;

4) кепілдік берілетін қарыз сомасы, берілетін мемлекеттік кепілдіктің күші қолданылатын қарыз бойынша өзге де кепілдік берілетін міндеттемелер;

5) мемлекеттік кепілдіктің қолданысқа енгізілу мерзімдері;

6) кепілдік шартына (кепілдік берілген міндеттемеге) қол қойған лауазымды тұлға көрсетіледі.

2. Кепілдендіру үшін борышкердің векселіндегі белгілеу нысанында лауазымды тұлға - жетілдендіруші көрсетіледі.

3. Шартта кепілдіктер, кепілдемелік міндеттемеде осы баптың 1-тармағының 4), 5) тармақшаларында көзделген шарттар болмаған жағдайда:

1) мемлекеттік кепілдік қарыз бойынша борышкердің барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік кепілдік қарыз туралы шарттың (келісімнің) қолданысқа енгізілу мерзімінде берілді деп есептеледі.

Кепілдік шартында және кепілдік берілген міндеттемеде осы баптың 1-тармағының

1) тармақшасында көзделген не оларға қол қойылмаған, сондай-ақ уәкілетті емес тұлға қарызшының міндеттемесін кепілдендіруде осы Кодекстің 219-бабының 2-тармағын бұзған жағдайда мемлекеттік кепілдік жарамсыз деп есептеледі.

211-бап. Мемлекеттік кепілдіктерді және олар кепілдік беретін заемдарды ұсынуды есепке алу

Ұсынылатын мемлекеттік кепілдіктер және олар кепілдік беретін қарыздарды бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган өздері белгілеген тәртіппен тіркеуге және есепке алуға тиіс.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган кепілдік берілген мемлекеттік борыштың мониторингін және оны басқаруды жүзеге асырады.

Мемлекет кепілдік берген қарыз алушы қарызшының қаржылық жай-күйінің мониторингі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

212-бап. Мемлекеттік кепілдіктің орындалуы

Егер қарыз туралы шарттың (келісімнің) талаптарында өзгеше көзделмесе, қарызшы кепілдікпен қамтамасыз етілген қарызды төлем мерзімі басталған күні және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде толық немесе ішінара өтемеген жағдайда, кепілдік төлем күні басталғаннан кейін

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі жөніндегі міндеттемелердің орындалуына бағытталған қаражатты қайтару, қайта құрылымдау, борышкерді ауыстыру, талап мерзімінің ескіруі, аталған қаражатты қайтару жөніндегі талаптарды тоқтату осы Кодекстің 182-186-баптарымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі жөніндегі міндеттемелердің орындалуына бағытталған қаражат осы Кодекстің 176-бабына сәйкес белгіленген ставка бойынша ішкі кредиттік келісімде белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік бюджетке өтелуге тиіс.

213-бап. Кепілдік берілген мемлекеттік қарыздарды қайта құрылымдау

1. Кепілдік берілген мемлекеттік қарызды қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдаған жағдайда қарыз беруші мен қарызшының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Қарыз берушінің талабы бойынша кепілдік берілген мемлекеттік қарызды қайта құрылымдау кезінде бұрын берілген мемлекеттік кепілдікті Қазақстан Республикасының Үкіметі растауы немесе ауыстыруы мүмкін.

3. Бұл реттегі кепілдік берілген сома бұрын берілген мемлекеттік кепілдік сомасынан артық болуы мүмкін емес. Қайта берілген мемлекеттік кепілдікке осы Кодексте белгіленген шектеулер қолданылмайды.

214-бап. Кепілдік берілген мемлекеттік қарыз бойынша заемшыны ауыстыру

1. Кепілдік берілген мемлекеттік қарыз бойынша қарызшыны ауыстыруға бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган мақұлдаған жағдайда қарыз туралы шарт (келісім) тараптарының келісімі бойынша жол беріледі.

2. Кепілдік берілген мемлекеттік қарыз бойынша қарызшы ауыстырылған жағдайда, мемлекеттік кепілдік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде қарыз берушінің талабы бойынша ауыстырылуы немесе бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган арқылы расталуы мүмкін.

3. Бұл ретте кепілдік берілген қарыз сомасы бұрын берілген мемлекеттік кепілдік бойынша заем сомасынан артық болуы мүмкін емес. Қайта берілген мемлекеттік кепілдікке осы Кодекстің 205-бабымен белгіленген шектеулер қолданылмайды.

215-бап. Мемлекеттік кепілдік қолданысын тоқтату негіздері

1 . Е г е р :

1) қарызшы немесе гарант Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыз бойынша міндеттемелерді толық орындаса;

2) кепілдік шартында (кепілдік міндеттемесінде) көрсетілген кепілдік мерзімі өтсе; егер онда өзгеше айтылмаса;

3) қарыз туралы шартта (келісімде) және (немесе) кепілдік шартында (кепілдік міндеттемесінде) арнайы айтылған жағдайларда;

4) кепілдік берілген мемлекеттік қарызды қайта құрылымдау кезінде ол жаңасына

ауыстырылса мемлекеттік кепілдік өзінің қолданысын тоқтатады.

2. Мемлекеттік кепілдіктің қолданысы қарыз берушінің келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы, ал мемлекеттік кепілдік Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қайтарылып алынуы мүмкін.

216-бап. Мемлекет кепілдігімен алынған қаражаттарды пайдалануды шектеу

Мемлекет кепілдігімен алынған қаражаттарды қарыз туралы шартта (келісімде) көзделмеген мақсаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарын кредиттеуге пайдалануға тыйым салынады.

217-бап. Мемлекеттік кепілдік бар қарыз туралы шарт (келісім) бойынша алынған қаражатты пайдалануды бақылау мен жауаптылық

Мемлекеттік кепілдік бар қарыз туралы шарт (келісім) бойынша алынған қаражаттарды пайдалануға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бақылау жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кепілдік бар қарыз бойынша қарызшыға және кепілдік берген банкке Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген қарыз бойынша алынған қаражаттарды мақсатсыз пайдаланғаны үшін және қарызшы қарыз бойынша борыштық міндеттемесін орындамаған жағдайда мемлекеттік кепілдік бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган орындау үшін пайдаланған қаражаттарды қайтарғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жауаптылық жүктеледі.

47-тарау. Қарыз берушінің мүдделерін қорғау

218-бап. Қарыз беруші алдындағы міндеттемені жоюға немесе мерзімін кейінге қалдыруға жол бермеу

Қарыз беруші алдындағы міндеттемелер, соның ішінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерінен туындайтын міндеттемелер біржақты тәртіпте жойылуы немесе мерзімі кейінге қалдырылуы мүмкін емес.

219-бап. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарды заңсыз әрекеттерден қорғау

Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып қабылдаған және мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды тарту, пайдалану немесе өтеу шарттарын нашарлататын актілерінің заңды күші болмайды.

220-бап. Дауларды шешу

1. Қарыз туралы шарттарға (келісімдерге), мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар эмиссиясына, үкіметтік кепілдіктерге байланысты немесе олардың қызметіне байланысты даулар мен келіспеушіліктер, мемлекеттік, үкіметтік борышты, жергілікті атқарушы органдарының борышын немесе мемлекет кепілдік берген борышты басқаруды қоса алғанда, мүмкіндігінше келіссөздер жүргізу арқылы не қарыз туралы шарттарда, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару ережелерінде белгіленген дауларды

шешудің бұрын келісілген рәсімдеріне сәйкес шешіледі.

2. Осы баптың 1-тармағының шеңберінде қамтылмаған барлық қалған дауларды шетелдік қарыз берушінің Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен және азаматтарымен дауларын қоса алғанда, егер тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының соттары шешеді.

12-бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер

48-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

221-бап. Қорытынды және өтпелі ережелер

1. Осы Кодекс 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі.

2. 2005 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттер осы Кодекске с ә й к е с ә з і р л е н е д і .

3. Осы Кодекстің қолданысқа енгізілу кезінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және оны қолданысқа енгізген күннен бастап бір жыл ішінде осы Кодекске сәйкес келтірілуге тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті